- көлік құралының құрастырылымына өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыстардың көлемі мен сапасы туралы өтініш-декларацияны;
- конструкцияның қауіпсіздігін тексеру хаттамасын;
- құрастырылымға енгізілген өзгерістермен көлік құралының техникалық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша техникалық байқау орталығымен ресімделген диагностикалық картаны.

Көлік құралының құрастырылымына өзгерістер енгізу мүмкіндігі және тәртібі туралы қорытындының орнына өтініш берушімен базалық көлік құралын дайындаушымен немесе базалық көлік құралын дайындаушымен белгіленген тәртіпте бекітілген және мемлекеттік уәкілетті органмен келісілген көлік құралының құрастырылымына өзгерістер енгізу жөніндегі жұмысты жүргізушімен әзірленген көлік құралының құрастырылымына өзгерістер енгізуге ұйымның техникалық шарттары, стандарттары ұсынылуы мүмкін.

Ұсынылған құжаттардың негізінде көлік құралын сәйкестендіру жүргізіледі. «Сәйкестендіру» деп көлік құралын оған ұсынылған құжаттамаға сәйкестігін, әсіресе маркасының, типінің категориясының, сәйкестендіру нөмірінің және шығарылған жылының (модельді жылының) сәйкес келуін тексеру түсіндіріледі.

Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік уәкілетті орган № 18 КО ТР 018/2011 Қосымшасымен көзделген нысан бойынша көлік құралының оның құрастырылымына енгізілген өзгерістерімен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәлікті ресімдейді, тіркейді және өтініш беруші береді немесе № 5 [5] Қосымшасымен (Г қосымшасын қараңыз) сәйкес дәлелді себепін көрсете отырып, оны беруден бас тартады.

Көлік құралының оның құрастырылымына енгізілген өзгерістерімен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәліктің бланкісін толтыру тәртібі Д-Қосымшасында келтірілген.

5.8 Көлік құралының оның құрастырылымына енгізілген өзгерістерімен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәліктің нөмірі мемлекеттік уәкілетті органмен көлік құралын сәйкестендіретін құжатқа енгізіледі. Көрсетілген құжатқа сондай-ақ көлік құралының оның құрастырылымына енгізілген өзгерістерімен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәлікте болатын көлік құралын қолдануды шектеу туралы және құрастырылымға жүргізілген өзгерістер енгізудің мәні туралы барлық ерекше белгілер де енгізіледі.

Көрсетілген құжатта көлік құралының оның құрастырылымына енгізілген өзгерістерімен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәліктің нөмірінің бар болуы көлік құралын құрастырылымына енгізілген өзгерістерімен әрі қарай пайдалануға рұқсат ету үшін қажетті шарт болып табылады.

5.9 Жеке техникалық шығармашылық нәтижесі болып табылатын көлік құралдарын (қолдан жасалған жеңіл автомобильдер және олардың тіркемелері деп аталатын) дайындау Кеден одағының сертификаттау жөніндегі органдарының және сынақ зертханаларының (орталықтарының) бірыңғай тізіліміне енгізілген аккредиттелген сынақ зертханаларының сәйкестігін бағалауды жүргізгеннен кейін сәйкестендіру нөмірін бере отырып, мемлекеттік уәкілетті органның рұқсаты бойынша

жеке көлік құралының конструкциясына техникалық сараптама нысанында жүзеге асырылады.

Жеке техникалық шығармашылықтың нәтижесі болып табылатын көлік құралын дайындаушы оған кемінде бір орында (рамаға немесе жеңіл алынатын болып табылмайтын шанақтың бөлігіне) мемлекеттік уәкілетті орган берген сәйкестендіру нөмірін салады, ол белгілердің арасындағы бос орынсыз, оның беріктігін қамтамасыз ететін және оның белгілерінің жеңіл өзгеруін болдырмайтын тәсілмен анық жазылуы тиіс.

Сәйкестендіру нөмірін бір немесе екі жолға салуға жол беріледі.

Сәйкестендіру нөмірі екі жолға енгізілген жағдайда, 1-ден 9-шы қоса алғанда белгілер бірінші жолда орналасады; 10-нан 17-ші қоса алғанда белгілер екінші жолда орналасады. Жолдардың басында және соңында көлік құралдарын (шасси) дайындаушы белгілейтін белгіш қойылуы тиіс (мысалы, «\*» белгісі).

Сәйкестендіру нөмірі, мүмкіндігінше, көлік құралының (шассидің) алдыңғы жартысында, оқу үшін оңай қол жетімді жерде оң жағынан жазылуы тиіс.

## **6 Құрастырылымға өзгерістер енгізуге келіп түсетін АМКҚ талаптар**

6.1 Құрастырылымға өзгерістер енгізуге пайдалануда, жөндеуде тұрған немесе жаңа АМКҚ қабылдануы тиіс.

6.2 Атқарушы АМКҚ техникалық жағдайының немесе құрамдас бөліктерінің немесе жиынтықтылығының техникалық жағдайының АМКҚ дайындаушының пайдаланушылық және техникалық құжаттамасында көрсетілген құрастырылымға өзгерістер енгізуге келіп түсетін АМКҚ талаптарына сәйкес келмеушілігіне байланысты өтініш берушіге құрастырылымға өзгерістер енгізуді жүргізуден бас тартуға құқылы.

6.3 АМКҚ немесе шасси құрастырылымына өзгерістер енгізу бойынша жұмыстарды жүргізетін орынға өзінің жүрісімен немесе тапсырыс беруші мен орындаушы арасындағы уағдаластық бойынша жеткізілуі мүмкін, тіркеп сүйреуге немесе оларды эвакуаторларда жеткізуге рұқсат етіледі.

Борттық платформаларды шанақтардың әр түрлі типтеріне және цистерналарға айырбастау кезінде АМКҚ құрастырылымына өзгерістер енгізуге шанақсыз қабылдауға рұқсат етіледі.

6.4 Құрастырылымға өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін АМКҚ қабылдау кезінде ерікті түрде қабылдау актісі жасалады, онда қабылданатын АМКҚ жиынтықтылығы және оның тораптарының, агрегаттарының және жүйелерінің жалпы техникалық жағдайы көрсетілуі тиіс.

## **7 Құрастырылымға енгізілген өзгерістермен АМКҚ техникалық жағдайына және құрастырылымына жалпы талаптар**

### **7.1 Құрастырылымға енгізілген өзгерістермен АМКҚ техникалық жағдайына жалпы талаптар**

7.1.1 Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға арналған құрастырылымына енгізілген өзгерістерімен АМКҚ ГОСТ 15150 бойынша У1, У2, УХЛ1, УХЛ2 климаттық орындаушылыққа сәйкес келуі тиіс.

7.1.2 Жол қозғалысы қауіпсіздігінің шарттары бойынша АМКҚ техникалық жағдайы

№ 8 КО ТР 018/2011 Қосымшасының талаптарына сәйкес келуі тиіс. Арнайы және мамандандырылған көлік құралдары конструкцияға өзгерістер енгізілгеннен кейін КО ТР 018/2011 № 6 қосымшасында белгіленген қосымша талаптарға сәйкес болуы тиіс. Құрастырылымға өзгерістер енгізгеннен кейін арнайы және арнайыландырылған

## ҚР СТ 1418-2018

көлік құралдары № 6 КО ТР 018/2011 Қосымшасында белгіленген қосымша талаптарға сәйкес келуі тиіс. Көлік құралдарының құрастырылымына енгізілген жекелеген өзгерістерге қатысты № 9 КО ТР 018/2011 Қосымшасында және осы стандартта белгіленген талаптар сақталуы тиіс.

7.1.3 Құрастырылымға өзгерістерді енгізу кезінде АМКҚ орнатылатын немесе ауыстырылатын құрамдас бөліктері толық комплектілі, техникалық жарамды және

№ 10 КО ТР 018/2011 Қосымшасында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс. Егер құрастырылымға өзгерістер енгізу кезінде жаңа құрамдас бөліктер, жабдықтар заттары пайдаланылса, олардың сәйкестігі КО ТР 018/2011 талаптарына сәйкес компоненттің түріне байланысты сәйкестік сертификатымен немесе сәйкестік декларациясыменмен расталуы тиіс.

7.1.4 Құрастырылымға өзгерістер енгізу кезінде қолданылатын құрамдас бөліктер, тежегіш жүйе, меңгерікпен басқару жабдығының бөлшектері мен заттарының комплектілері, фаралар, аспалар, пайдаланылған газдарды шығару жүйесі, алдыңғы, артқы және бүйірлік қорғағыш құрылғылар, тіркеме құрылғылар, газ-баллондық жабдықтар, жел әйнегі, қолмен басқару органдары, бақылау сигналдары және индикаторлар, жылыту жүйесі өзінің мақсатына қарай оларға сәйкестікті растау туралы құжаттарда көрсетілген көлік құралының типіне, моделіне немесе модификациясына сәйкес келуі тиіс.

7.1.5 Құрастырылымға өзгерістер енгізу кезінде АМКҚ құрамдас бөліктерін біріктіру үшін қолданылатын бекіткіш бұйымдар зауытта дайындалған болуы және өндірушімен белгіленген осы модельге және құрамдас бөлігіне, АМКҚ жабдығының затына сәйкес келуі тиіс.

7.1.6 Тежегіштік және меңгерікпен басқару элементтерінің, сондай-ақ талаптары КО ТР 018/2011 -де белгіленген АМКҚ өзге құрамдас бөліктерінің көзделмеген конструкцияларын орнатуға немесе көзделген элементтерін өздігінен алып тастауға АМКҚ дайындаушының немесе осыған уәкілетті ұйымның және мемлекеттік уәкілетті органның келісімінсіз рұқсат етілмейді.

*7.1.7 Монтаждық тесіктердің және/немесе дәнекерленетін жіктердің мөлшері мен орналасуы олар шасси рамасының беріктілігіне теріс әсерін тигізбейтіндей болуы тиіс. Шассиді өндірушінің тиісті рұқсатынсыз шасси рамасы лонжеронының сөрелерінде және оларға жалғасатын қабырғаның шеттерінде тесіктер мен дәнекерленетін жіктерді жасауға тыйым салынады. Содан басқа, егер шассиді өндірушімен оған тыйым салынған болса, ешқандай дәнекерлеуге рұқсат етілмейді.*

## **7.2 Құрастырылымға енгізілген өзгерістермен көлік құралдарына қатысты әрекет ететін аумақты және салмақты шектеулер**

7.2.1 Құрастырылымға енгізілген өзгерістермен көлік құралдары өздерінің аумақты және салмақты параметрлері бойынша тиісті нормативтік құқықтық актілерде белгіленген шектеулерге сәйкес келуі тиіс.

7.2.2 Егер көлік құралының аумақты мөлшерлері 7.2.1-де көрсетілген нормативтік заңнамалық актілерде белгіленген мәндерден асып түссе, онда көлік құралының оның құрастырылымына енгізілген өзгерістерімен сәйкестігі туралы куәлікте осындай көлік құралының Кеден одағы мемлекет-мүшелерінің немесе Қазақстан Республикасының аумағында жүруіне арнайы рұқсатты ресімдеу қажеттілігі туралы жазба жасалады.

7.2.3 Егер көлік құралының техникалық түрде ұйғарынды барынша көп массасы немесе автопойыздың техникалық түрде ұйғарынды барынша көп массасы немесе білікке (біліктер тобына) келетін техникалық түрде ұйғарынды барынша көп масса 7.2.1-де көрсетілген нормативтік заңнамалық актілерде белгіленген мәндерден асып түссе, көлік құралы белгіленген салмақты шектеулерден нақты асып кеткен жағдайда, көлік

құралының оның құрастырылымына енгізілген өзгерістерімен сәйкестігі туралы куәлікте осындай көлік құралының Кеден одағы мемлекет-мүшелерінің немесе Қазақстан Республикасының аумағында жүруіне арнайы рұқсатты ресімдеу қажеттілігі туралы жазба жасалады.

7.2.4 Құрастырылымға өзгерістер енгізгеннен кейін көлік құралының рұқсат етілетін барынша көп массасы көлік құралын өндірушімен белгіленген техникалық түрде ұйғарында барынша көп массада асып түспеуі тиіс.

### **7.3 Ауырлық ортасының массасын, биіктігінің орнын үлестіру**

7.3.1 Білікке шекті жүктеме көлік құралын жүктеген кезде оның барынша көп рұқсат етілетін салмағына дейін асып кетпеуі тиіс және де пайдалы жүктемесі оған бөлінген кеңістікте біркелкі үлестірілуі тиіс.

7.3.2 Автомобильдің құрастырылымына өзгерістер енгізген кезде оның жүктемесін көбіне артқы бөлігінде көздейтін конструктивті шешімдерден аулақ болу керек.

7.3.3 Автомобильді жүктеген кезде доңғалаққа жүктеменің артуы (мостқа 1/2 жүктеме) 4 %-дан көп құрамауы тиіс. Шиналарға түсірілген тиісті таңбалау бойынша өндірушімен көлік құралы жинақталынатын шиналарға барынша көп жүктемені ескеру қажет.

7.3.4 Жүк автомобильдердің шанақтары мен қондырмаларының және олардың тіркемелерінің конструктивті шешімдерін таңдау кезінде өндірушімен БҰҰ № 13-10<sup>1)</sup> БҰҰ Ережелеріне сәйкес тежегіш тетіктерінің тиімді жұмысына кепілдік берілетін жүктемені ескере отырып, автомобильдің ауырлық ортасының шекті биіктігінің факторы ескерілуі тиіс. Тежегіш жүйелер үшін пайдалану жағдайларында қолданылатын әдістер бойынша тексеру үшін БҰҰ № 13-10 Ережелерінің талаптары бойынша құрастырылымға енгізілген өзгерістермен автомобильді қабылдау кезінде автомобильде барынша көп рұқсат етілетін массасының ауырлық ортасы қалыпының биіктігін тексерушілік есептеуі ұсынылуы тиіс.

7.3.5 Техникалық түрде рұқсат етілетін барынша көп массасына дейін тиелген N санатының (жалғыз және автопоезд құрамында көлік құралының жетекші немесе жетекші емес білігіне келетін жүктеме осы білікке (біліктерге) техникалық түрде рұқсат етілетін барынша көп жүктемеден асып түспеуі тиіс.

7.3.6 N санатының көлік құралы техникалық түрде рұқсат етілетін барынша көп массаға дейін жүктелген кездегі жағдайда техникалық түрде рұқсат етілетін барынша көп жүктеме кезінде оның артқы білігіне (біліктер тобына) басқарылатын білікке немесе біліктерге келетін масса осы көлік құралының техникалық түрде рұқсат етілетін барынша көп массасынан кем дегенде 20 % болуы тиіс.

7.3.7 Жүктемені қалааралық және қалалық автобустардың біліктеріне үлестіру жолдың жүретін бөлігінде тоқтаған кезде көлік құралының жалпы салмағынан жоқ дегенде 25 % басқарылатын білікке немесе басқарылатын біліктерге келетіндей етілген болуы тиіс.

*Бұл шарт мыналарға сақталуы тиіс:*

- жүргізушінің орындығына жүргізушінің салмағына тең салмақ келетін кезде жүктемесіз көлік құралында,

- сол сияқты толық жүктемесі бар көлік құралына да, мыналарды көрсететін:

а) отыруға арналған бар орындардың біреуінде отырған жолаушының салмағына<sup>1)</sup> тең салмақ;

<sup>1)</sup> Мұнда және бұдан әрі мәтін бойынша қос таңбалы цифрлық нөмірден кейін БҰҰ Ережесі, дефис арқылы осы БҰҰ Ережесі қолданылатын [1] сәйкес редакцияға сәйкес түзетулердің сериясының қос таңбалы нөмірі келтірілген.

<sup>1)</sup> Бір жолаушының салмағы 70 кг-ға тең қабылданады.

## **ҚР СТ 1418-2018**

*б) жолаушыларға бөлінген аймақта біркелкі үлестірілген түрегеліп тұрған жолаушылардың рұқсат етілген санының салмағына тең салмақ; және*

*в) багаждарға бөлінген жерлерге үлестірілген бағаждың жалпы рұқсат етілетін салмағына тең салмақ.*

7.3.8 Толық қозғалтқыш автомобильдердің, әсіресе жалаң (сыңар итарқалы) доңғалақтармен оңтайлы параметрлерін қамтамасыз ету үшін алдыңғы біліктің шиналары арқылы жүктемені үлестіруге автомобильдің нақты массасынан кем дегенде 33 %-ға рұқсат етіледі.

7.3.9 М<sub>1</sub> санатының көлік құралын тіркеп сүйреуге арналған тіркеменің массасы дайындаушымен тіркеп сүйрейтін көлік құралына белгіленген техникалық түрде рұқсат етілетін массасынан асып түспеуі тиіс, және:

- егер тіркеменің жұмыс тежегіш жүйесі болса: тіркеп сүйрейтін көлік құралының немесе М<sub>1G</sub> санатының көлік құралдары үшін техникалық түрде рұқсат етілетін барынша көп масса – тіркеп сүйрейтін көлік құралының техникалық түрде рұқсат етілетін барынша көп массасы 1,5-еселік мән, бірақ 3500 кг-нан көп емес;

- егер тіркеменің жұмыс тежегіш жүйесі жоқ болса: тіркеп сүйрейтін көлік құралының жабдықталған күйдегі массасының жартысы, барлық жағдайларда 750 кг-нан көп емес.

7.3.10 М<sub>2</sub> және М<sub>3</sub> санаттарының көлік құралдарын тіркеп сүйреуге арналған тіркеменің массасы 3500 кг-нан аспауы тиіс.

7.3.11 Орталық білігімен тіркемені тіркеп сүйреуге арналған М және N санаттарының көлік құралының тартып тіркейтін құрылғысына келетін барынша көп күш:

- 3500 кг-нан асып түсетін тіркеменің техникалық түрде рұқсат етілетін барынша көп массасы кезінде оның техникалық түрде рұқсат етілетін барынша көп массасынан кем дегенде 10 % немесе 1000 кг (аз мән алынады) болуы тиіс;

- 3500 кг-нан асып түспейтін тіркеменің техникалық түрде рұқсат етілетін барынша көп массасы кезінде оның техникалық түрде рұқсат етілетін барынша көп массасынан кем дегенде 4 % немесе 25 кг (аз мән алынады) болуы тиіс.

7.3.12 Автомобильдің барынша көп рұқсат етілетін массасынан жоғары жүктеменің салдарынан автомобильдің шиналарына барынша көп рұқсат етілетін жүктемеден асып кетуге болмайды.

7.3.13 Жабдықталған күйде бір білікті тіркеменің (тарқату-тіркемесінің) тіркеме топсасынан автомобильдің тартқыш құрылғысына вертикальды статикалық күш 490 Н көп болмауы тиіс. 490 Н аса тіркеменің тіркеме топсасынан вертикальды статикалық жүктеме кезінде алдыңғы тірек тіреуі тіркеме топсасын тартқышы бар тіркеменің тіркеу (ағытқыш) қалпын қамтамасыз ететін көтеру-түсіру тетігімен жабдықталған болуы тиіс.

7.3.14 Дайындаушының пайдаланушылық немесе конструкторлық құжаттамасында көрсетілген көпірлерге және автомобильдің техникалық түрде рұқсат етілетін барынша көп масса мәнінің рұқсат етілетін жүктемелерінен асып кетуге рұқсат етілмейді.

### **7.4 N санатты автомобиль құламасының рұқсат етілетін ұзындығы және дөңгелек базасының техникалық мәні**

7.4.1 Құлама ұзындығы кез келген жағдайда көпірлерге рұқсат етілетін жүктемелер мен алдыңғы білікке минимал жүктеме есебімен орнатылуға тиіс.

7.4.3 Жүктемелердің өзгеруін есептеу кезінде артқы құлама артқан жағдайда қосымша жинақталым салмағын есепке алған жөн.



7.4.4 Максимал шекті артқы құламалар:

- екі білікті автомобильдер үшін дөңгелек базасынан 65 %;
- үш білікті автомобильдер үшін техникалық дөңгелек базасынан 70 % және
- төрт білікті автомобильдер үшін                      автомобильдердің техникалық дөңгелек базасынан 75 %.

### **7.5 Сыртқы шығыңқы жерлер**

7.5.1 M1 және N1 санаттарының көлік құралдарына болаттан немесе осыған ұқсас беріктілік сипаттамалары бар материалдардан әзірленетін тіректің бетіндегі көлденең жазықтыққа көлік құралы проекциясының сыртқы пішініне сәйкес келетін бампердің сызығына қатысты алға шығатын конструкцияларды орнатуға тыйым салынады. Осы талап көлік құралының штаттық комплектациясымен көзделген және (немесе) белгіленген тәртіпте сәйкестікті бағалаудан өткен конструкцияларға, сондай-ақ тек шамдарын және мемлекеттік тіркеу белгісі мен оны бекіту элементтерін ғана қорғау үшін арналған массасы 0,5 кг кем емес металл торларға қолданылмайды.

7.5.2 Жеңіл автомобильдерге қатысты БҰҰ № 26-02 Қағидаларында тұратын ережелер қолданылады.

7.5.3 БҰҰ № 26-02 Қағидаларында тұратын ережелер қолданылмайтын құрылғыларға қатысты келесі төмендегі ережелер қолданылады.

7.5.3.1 Кез келген кішкене қосымша бөлік (декоративтік немесе өзге де бағыттағы) көлік құралына тек егер ол көлік құралын адамды басып кеткен кезде ол оны іліп әкетпейтіндей немесе жарақаттамайтындай түрде ғана орнатылуы мүмкін немесе егер бұл бөлік жеңіл басу әсерінен иіلمесе, онда ол ешқандай қауіптілікті тәндірмейді. Қайткен жағдайда оның шеті үшкір немесе кескіш бөліктері, ілмектері немесе шоқылары болмауы тиіс.

7.5.3.2 Көлік құралын пайдаланушымен орнатылған немесе ауыстырылған кез келген құрылғы (фаралардың жиіектері, бампер және т.с.с) БҰҰ № 26-02 Ережелерінде осыған ұқсас көзделген нұсқамаларға жауап беруі тиіс.

7.5.3.3 Шатырға орнатылған торлар, жарнамалық немесе маршруттық паннолар, маңдайшалар және таксидің басқа жабдықтары көлік құралына мықты етіп бекітілуі тиіс және ешқандай шеті үшкір немес кесетін бөліктері немес үшкір шығыңқы жерлері болмауы тиіс. Бекіткіш бөліктерді қоса алғанда, сыртқы элементтердің дөңгелектету радиусы кем дегенде 2,5 мм болуы тиіс.

7.5.3.4 Көлік құралының сыртқы контурына шығып тұратын тіркеме құрылғысының бөліктері БҰҰ № 26-02 Ережелерінде осыған ұқсас көзделген нұсқамаларға жауап беруі тиіс.

7.5.3.5 Жалаулардың саптары және осындай түрдегі басқа да құрылғылар жеңіл басқа кезде бір жағына қисаюы тиіс.

7.5.3.6 Жел шынысының күнқағары болған кезде оның шет жақтарындағы радиусы мен бекіткіш бөліктерінің радиусы кем дегенде 2,5 мм болуы тиіс.

7.5.3.7 Терезелердегі немесе шатырлардағы желден немесе жаңбырдан қорғағыш жабылмалар көлік құралының тыс жерде тұрған және онымен жанасуы мүмкін жол қозғалысына қатысушыларға қауіп тәндіруге қабілетті сыртқы жағынан шығыңқы шеті үшкір немесе кескіш бөліктері болмауы тиіс.


7.5.4 L санатының көлік құралдарының сыртқы шығыңқы жерлері

7.5.4.1 Жол қозғалысына басқа қатысушылар жанасуға кіруі мүмкін болатын L санатының көлік құралдары құрастырылымының құрамды бөліктері мен элементтерінің, оның құрастырылымына енгізілген өзгерістермен сыртқы шығыңқы жерлері төменде 7.5.4.2 және 7.5.4.3 тармақтарында тұрған талаптарға жауап

## ҚР СТ 1418-2018

беруі тиіс.

1-топ пен 2-топ бөліктері немесе элементтері арасындағы айқын айырмашылықты жүргізу үшін келесі әдіс қолданылады (1-сурет):



Сынақ  
құрылғысы

$\alpha > 45^\circ$ : 1-топ  
 $\alpha < 45^\circ$ : 2-топ


Бұл тікелей соққыға сәйкес келетін байланысқа қатысты,  $\alpha = 0^\circ$ .

**1-сурет**

Режеңкеден немесе қаттылығы Шору бойынша 60 А төмен жұмсақ пластикалық материалдан әзірленген немесе олармен жабылған кез келген сыртқы шошақтар төменде 7.5.4.2 және 7.5.4.3 тармақтарының талаптарына жауап беретін ретінде қарастырылуы тиіс.

7.5.4.2 1-топқа арналған талаптар: айналасы жырымдалған жарамен байланысты жарақатты тудыруы мүмкін болатын белгілі бір жағдайларда сынау құрылғысы бойынша сүйкей ұруды келтіретін көлік құралының бөлшектері немесе элементтері.

7.5.4.2.1 Тілімше үшін (2-сурет) бұрыштарының кем дегенде 3 мм дөңгелектеу радиусы ( $R$ ) болуы тиіс; шеттері кем дегенде 0,5 мм дөңгелектеу радиусы ( $r$ ) болуы тиіс.



**2-сурет**

7.5.4.2.2 Өзекше үшін (3-сурет):

- өзекше диаметрі ( $d$ ) кемінде 10 мм болуға тиіс;

- өзекше ұшының шеттерінде дөңгелектеу радиусы ( $r$ ) кемінде 2 мм болуға тиіс.



**3-сурет**

7.5.4.3 2-топқа арналған талаптар: ойық жарамен байланысты жарақатты тудыруы мүмкін болатын белгілі бір жағдайларда сынау құрылғысы бойынша сүйкей

ұруды келтіретін көлік құралының бөлшектері немесе элементтері.

7.5.4.3.1 Тілімше үшін (2-сурет):


- бұрыштары кем дегенде 2 мм дөңгелектеу радиусы ( $R$ ) болуы тиіс;

- шеттері кем дегенде 0,2 мм дөңгелектеу радиусы ( $r$ ) болуы тиіс.

7.5.4.3.2 Өзек үшін (4-сурет):

- ұзындығы ( $t$ ) кем дегенде  $d/$  болуы тиіс, егер өзектің диаметрі ( $d$ ) 20 мм аз құрайтын болса;

- өзектің ұшының шеттерінің дөңгелектеу радиусы ( $r$ ) кем дегенде 2 мм болуы тиіс, егер өзектің диаметрі ( $d$ ) 20 мм-ге тең болса немесе асып түссе.



4-сурет

7.5.4.4 Жел шынысының немесе айнала ағудың үстіңгі шеті дөңгелектеу радиусы кем дегенде 2 мм болуы тиіс немесе қорғағыш материалмен жабық болуы тиіс.

7.5.4.5 Тіркесу және тежегіштің қолмен иінтіректердің сыртқы шеттері дөңгелектетілген болуы тиіс, оларды дөңгелектеудің ең аз радиусы 7 мм құрауы тиіс.

7.5.4.6 Алдыңғы шашыратқыштың алдыңғы шетінің кем дегенде 2 мм дөңгелектеу радиусы болуы керек.

7.5.4.7 Оның үстіңгі бөлігінде орналасқан және жүргізуші кез келген қақтығысуда жанасуға кіретін отын бағы қылтасының қақпағы қоршаған беттің үстінен 15 мм<sup>1)</sup> көп емес өзінің артқы бөлігіне шықпауы тиіс; оның қоршаған бетпен қосылысы жалпақ немесе дөңгелектетілген болуы тиіс.

7.5.4.8 Декоративтік өңдеудің элементтері іргелес бетінің үстінен 10 мм-ге көп көтерілмеуі тиіс.

Оның қалыңдығы 5 мм-ге дейін болғанда дөңгелектетілген шеттері, ал қалыңдығы 5 мм-ден көп болғанда дөңгелектетілген радиусы кем дегенде 2,5 мм болуы тиіс.

## 7.6 АМКҚ құрастырылымына өзгерістерді енгізген кезде рамалардың өзгерісі

7.6.1 Доңғалақты базаны өзгерту және раманы ұзарту кезінде ұзартуға арналған материал мен күшейткіш элементтер өзінің сапасы және мөлшерлері бойынша шассидің сериялық рамасын орындауға сәйкес келуі тиіс (Болат 20ГЮТ және оған ұқсастар).

7.6.2 Ер тоқым тартқыштарының шасси рамасының сериялық асылмасына өзгерістер енгізуге рұқсат етілмейді.

7.6.3 Артқы қорғағыш құрылғы автомобильдің рамасына оның өнеркәсіптік конструктивтік аналогқа бекітілуіне немесе базалық автомобильді өндірушімен ұсынылған конструктивті сызбаға және технологияға сәйкес бекітілген болуы тиіс.

### 7.6.5 Раманың лонжеронын кесу

7.6.5.2 Раманы кесу сызығы көлік құралын немесе конструктивті шешімнің шассиін өндірушімен келісілген өзгедейлері болмаса ұзарту кезінде лонжерондар жазықтығына қатысты 45 немесе 90 градус бұрышта болуы тиіс. 7.6.5.3 Кескен жерлері раманың лонжерондарындағы бар саңылауларымен бірдей болмауы тиіс.

<sup>1)</sup> Егер 15 мм мәніне қатысты талап орындалмайтын болса, онда баламалы шараларды қолдануға рұқсат етіледі (мысалы, отын бағы қылтасының ішінен көлбеу қалқанды пайдалану)

### **7.6.6 Раманы ұзарту**

7.6.6.1 Кесілген кескіндегі бірнеше кесінділерден тұратын ендірмелерді ұзартуға рұқсат етілмейді.

7.6.6.3 Ұзартылған элементтермен раманың лонжерондарын қосқан кезде дәнекерленген жіктің күшейткіштерімен дәнекерленген жікті күшейту жөніндегі шараларды қолдану қажет. Раманың лонжерондарында бар саңылауға жартылай салуды шығарып тастауды есепке ала отырып, дәнекерленетін жіктің күшейткіштерін оңтайлы орналастыру көзделген болуы тиіс.

Сонымен бірге ұштастырылатын бөлшектер (жікті күшейткіш + раманың лонжероны) орнатылған жерлерде дәнекерленетін жік рама лонжеронында бар саңылаулар бойынша бұрғылап кеңейту жолымен рама лонжерондарының дәнекерленетін жіктерінің күшейткіштеріндегі жабық саңылауларды қажеттілігіне қарай қайта қалпына келтірумен күшейткіштерді ерітіп жабыстыру алдында қорғалған болуы тиіс. Дәнекерлеуден кейін едендер мен қабырғалардың жазықтылығының рұқсаты рама лонжеронының ұзындығы бойынша 2 мм, ал тігіс ауданында 0,5 мм шектерінде болуы тиіс.

Дәнекерленетін жікті күшейткіштердің материалы 7.6.1-тармағының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

7.6.6.4 Артқы құламасын ұзартқан кезде артқы біліктің рессорын артқы кронштейндері арасындағы лонжерондарды қосатын штаттық арқалықтарды ауыстыруға немесе жоюға рұқсат етілмейді.

7.6.6.5 Рама лонжерондарын қосатын қосымша арқалықтарды орнату тек алдыңғы рамадан келесі рамаға дейін немесе раманың шетіне дейін ара-қашықтық 1500 мм аса құраған жағдайда ғана қажет. Шегі бұл ретте +100 мм құрайды. Раманың шетіндегі арқалық барлық жағдайларда болмауы тиіс.

7.6.6.6 Раманы 250 мм-ге көп ұзарту кезінде қосымша арқалық монтаждалуы тиіс. Егер раманың қолда бар тұйықтаушы арқалығының артқа жылжуы жүргізілмесе, онда раманың сериялық тұйықтаушы арқалығын монтаждау қажет. Осындай орындауда құжаттарда көрсетілген автомобильге сүйреп тіркелетін тіркеменің рұқсат етілетін массасы сақталады.

7.6.6.8 Артқы рессордың алдыңғы кронштейні мен монтаждық раманың шеті арасында монтаждық раманың шассидің рамасымен қосылысының жылжуына беріктілігі орындалуы тиіс. Монтаждық рамада диагональдық күшейткіш крестовинаны мотаждауға рұқсат етіледі.

### **7.6.7 Раманы қысқарту**

7.6.7.1 Раманың артқы арқалығы тіпті тіркемені сүйрет тіркеу көзделмеген жағдайда да үнемі орнатылған болуы тиіс.

7.6.7.2 Раманың артқы құламасын қысқартқан кезде раманың артқы арқалығы қалған раманың шетімен араласқан болуы тиіс.

7.6.7.3 Егер раманың құламасы аспаның элементтері бекітілген жерге дейін қысқартылған болса (мысалы, рессордың артқы кронштейніне, тұрақтандырғышты ұстағышқа дейін), онда онда бар арқалықтар орнында қалуы немесе шасси рамасының тиісті өзіндік артқы арқалықтармен ауыстырылған болуы тиіс.

### **7.6.8 Қосымша арқалықтардың монтажі**

Қосымша өзіндік арқалықтарды монтаждау кезінде 7.1.5-тармағының талаптарына сәйкес келетін жаңа бекіткіш элементтерді (бұрандамаларды және сомындарды) міндетті түрде пайдалану керек.

### **7.6.9 Көлік құралының рамасында бұрғылап тесу**

7.6.9.1 Рама лонжерондарын бұрғылау кезінде рамада бар саңылауды керек диаметрге дейін бұрғылап тесе отырып, пайдалану ұсынылады.

7.6.9.2 Бұрғылау келесі жерлерге рұқсат етілмейді:

- рама лонжеронының үстіңгі және төменгі сөрелерінде. Ерекшелікті раманың артқы шеттеріндегі саңылаулар көрсетеді. Бұл ретте саңылауларды бұрғылауға жетекші функцияларды орындайтын рамаға бекітіліп тұрған бөлшектермен қатар соңғы көпірдің аймағында рұқсат етіледі;

- рама лонжеронының бағытын өзгерту аймақтарында, мысалы, раманың иілістері мен тартқыштары;

- жүктеменің әсер ететін орындарында (мысалы, рессор кронштейнерлерді тікелей бекіту орындарында).

7.6.9.3 Раманың лонжерондарының үстіңгі және төменгі сөрелеріндегі зауыттық саңылауларын бұрғылап кеңейтуге тыйым салынған (ерекшесі: тұйықталатын рама арқалығына арналған бекіткіш саңылаулар).

Осы саңылауларды агрегаттарды бекіту үшін пайдалануға тыйым салынады.

7.6.9.4 Саңылауларды бұрғылау раманың бүкіл пайдаланылатын ұзындығы бойынша мүмкін. Бірақ та бұл ретте келесі ықтимал ара-қашықтар мен мөлшерлер сақталуы тиіс:

- лонжеронның ішкі шетінен саңылаудың шетіне дейін кем дегенде 40 мм;

- саңылаулардың орталары арасында кем дегенде 50 мм;

- саңылаудың шетінен лонжеронның шетіне дейін кем дегенде 25 мм;

- саңылаудың барынша көп диаметрі 16 мм.

7.6.9.5 Күш салу нүктесі лонжеронның вертикаль қабырғасының ортасына келтірілмейтін шартты қамтамасыз етуі қажет (мембран әсері). Осы жерлерде күш салуды болдырмау мүмкіндігі болмайтын кезде қабырғаның екі жағынан да кең тіреулерді құруды қамтамасыз ету қажет.

7.6.9.6 Саңылаудың шеттерін бұрғылағаннан кейін құлаулардан қорғалған және қашаумен өңделген болуы тиіс.

#### **7.6.10 Көлік құралының рамасында дәнекерлеу жұмыстары**

7.6.10.1 Қауіпті қиылыстағы рамада, көпір аспасының жерлеріндегі дәнекерлеу жұмыстарына, сондай-ақ сертификатталған компоненттерге тыйым салынады. Шасси рамасы швеллерінің үстіңгі және төменгі тақталарында дәнекерлеу жұмыстарын орындауға тыйым салынады (ерекше жағдай: доңғалақ базасы мен рамасын ұзарту қажеттілігі).

7.6.10.2 Құрастырылымға өзгерістер енгізуді жүзеге асыратын кәсіпорынның шассиіне дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу үшін келесі талаптарды<sup>1)</sup> сақтаумен осы түрдегі жұмыстарды жүргізуге рұқсаты бар лайықты түрде дайындалған және білікті персонал болуы тиіс:

- дәнекерлеу үшін негізгі типтегі жабынмен тек жақсы кептірілген электродтарды ғана пайдалану керек;

- 1 мм диаметр электродқа есептегенде ток күші - 40 А көп емес;

- дәнекерлеу базалық АМКК өндірушімен ұсыныс берілетін немесе техникалық құжаттаманың белгіленген тәртібінде бекітілген нұсқамаларымен оң полюс арқылы тек тұрақты токпен ғана қоректенетін электродтармен жүргізілуі тиіс;

- вертикальді тігістерді дәнекерлеу төменгі жағынан жоғары қарай жүргізіледі;

- қорғағыш газ ортасында дәнекерлеуге рұқсат етіледі;

- дәнекерлеу материалы жоқ дегенде созылған кездегі аққыштық шегі сияқты үзілуге беріктілік шегі сияқты сондай дәнекерленетін материалға ие болуы тиіс;

<sup>1)</sup> Талаптарды орындау кәсіпорында тиісті түрде аттестатталған қызметкерлердің, шасси элементтеріне дәнекерлеу операциясының технологиялық карталарының және құрастырылымға өзгерістер енгізгеннен кейін жүргізілген жұмыстардың сапасын бақылау әдістемелерінің бар болуымен расталады және көлік құралдарының конструкциясына өзгерістер енгізуді келіскен кезде тексеріледі.

## ҚР СТ 1418-2018

- пісірулер салдарынан кернеулердің шоғырлануын болдырмау үшін дәнекерленетін жіктер қырнап өңделген және бұрыштық бағыттарымен күшейтіле түскен болуы тиіс.

- бүгілген радиустарда дәнекерленген жіктерді орындаудан аулақ болу керек. Дәнекерленген жіктерден сыртқы ернеулеріне дейінгі ара-қашықтық кем дегенде 15 мм құрауы тиіс;

- рама бөлшектерін әзірлеу үшін пайдаланылатын ең аз аққыштық шегі  $> 380 \text{ Н/мм}^2$  бар арнайы ұсақ түйірлі болаттар алдын ала қыздыруға ұшырамауы тиіс.

7.6.10.3 Шасси рамасында дәнекерленетін біріктірулердің келесі сыртқы ақауларына рұқсат етілмейді: жарықшақтар; қуыстар; кездер; қатты қосулар; қоспа қылып шығарылмайтындар мен пісірілмейтіндер; тігіс формаларының бұзылуы және ГОСТ 30242 бойынша басқа да ақаулар. Лонжерондардағы біріктіретін тігістер бір жақты немесе екі жақты бірнеше өткелдермен орындалуы мүмкін.

### 7.6.11 Күшейткіш элементтер.

7.6.11.1 Қаттылық бұрыштарын орнату бұрандалы байланыстарда немесе рама лонжерондарының үстіңгі және төменгі орындарының дөңбек төселген бөліктерімен тойтармаларда жүргізілуі тиіс. Сонымен бірге мүмкіндігінше шасси рамасында бар саңылаулар пайдалаған болуы тиіс.

7.6.11.2 Рама лонжеронындағы вертикальды қабырғада қаттылықтың үстіңгі және төменгі бұрыштары арасында жеткілікті ара-қашықтықты тастау қажет.

### 7.7 Домалатуға қарсы артқы қорғағыш құрылғы.

7.7.1 Зауыттан жеткізілген кезде автомобильдер (шассилер) домалатуға қарсы артқы қорғағыш құрылғымен (АҚҚ) жасақталуы мүмкін. Ол жоқ болған кезде N (ер тоқым тартқыштарынан басқасы) және O санаттарының көлік құралдары БҰҰ № 58-01 Ережелерінің талаптарына сәйкес келетін домалатуға қарсы артқы қорғағыш құрылғымен жасақталған болуы тиіс немесе СТ 7.7.2 Сертификатталған АҚҚ қайта жасауға (мысалы, дәнекерленген жіктерді, саңылауларды, кронштейндерді өзгертуге) тыйым салынады.

### 7.8 Домалауға қарсы алдыңғы қорғағыш құрылғы.

7.8.1 Кем дегенде төрт доңғалағы бар және 3,5 т. асатын рұқсат етілген барынша көп массасы бар жүктерді тасымалдауға арналған автомобильдер БҰҰ № 93-00 немесе ҚР СТ 41.93 Ережелеріне сәйкес домалатуға қарсы алдыңғы қорғағыш құрылғымен жасақталуы тиіс, мыналарды қоспағанда:

- толық тартпалы автомобильдерді,

- мақсаты домалатуға қарсы алдыңғы қорғағыш құрылғысы бар болуымен үйлеспейтін автомобильдерді.

7.8.2 Домалатуға қарсы алдыңғы қорғағыш құрылғы қайта жасауға (мысалы, дәнекерленетін жіктерді, кронштейндерді өзгертуге, саңылауларды бұрғылауға) тыйым салынады.

### 7.9 Бүйірлік қорғағыш құрылғы

7.9.1 БҰҰ № 73-00 сәйкес N санатының, ер тоқым тартқыштарынан және арналуы бүйірлік қорғағыш құрылғылардың бар болуына рұқсат бермейтін арнайы автомобильдерден басқасы және рұқсат етілетін толық массасы 3,5 т көп O санатының автомобильдері бүйірлік қорғағыш құрылғылармен жасақталуы тиіс.

7.9.2 Бүйірлік қорғағыш құрылғыға мысалы, аккумуляторлық батареялары бар жәшіктерді, ресиверлер, отын бактары, багаждық бөліктер, фонарьлар, қосалқы доңғалақтар және нұсқама жазылған мөлшерлер мен ара-қашықтарды сақтаған кездегі

бүйірлік құрал-саймандардың жинағы сияқты элементтерді ішіне салуға рұқсат етіледі. Тежегіш жүйе магистральдарын, ауа магистральдарын немесе гидравликалық жүйе құбырларын және басқа элементтерді бүйірлік қорғау құрылғыларына бекітуге тыйым салынады.

7.9.3 Қорғағыш құрылғыларды орнату автомобильдің барлық агрегаттарының жұмыс істеуіне және кіруіне кедергі жасамауы тиіс.

7.9.4 Бүйірлік қорғау құрылғысының алдынан артқа барынша көп тегіс ұзақтығы болуы тиіс.

7.9.5 Бір-біріне іргелес элементтер соғылатындай орнатылуы мүмкін. Қайта жабылатын жиегі артқа немесе алға қаратылған болуы тиіс.

## **7.10 Рама үстіндегілер**

### **7.10.1 Рама үстіндегілерді орнату**

7.10.1.1 Рама үстіндегі немесе рама үстіндегінің функциясын орындайтын негіздеме шасси мен барлық шанақ түрлері арасындағы және бір уақытта шанақтардың негіздемесі болып қызмет ететін қондырмалардың, өзінен өзі салмақ түсетін конструкция мен рама үстіндегілердің қондырмаларын қоспағанда сенімді біріктіру үшін көзделуі тиіс.

Рама үстіндегіні пайдалану келесі мақсаттарды көздеуі мүмкін:

- жүктемені шасси рамасына біркелкі үлестіруді.
- автомобильдің доңғалақтары немесе басқа тораптары мен рама лонжерондары тақталарынан жоғары орналастырылатын басқа бөлшектері арасында саңылауды қамтамасыз етуі.

- шанақтық жабдықтың рамамен қосылысын қамтамасыз етуі.

- қаттылықты қамтамасыз ету және раманың артқы құламасындағы кернеуді азайту.

7.10.1.2 Рама үстіндегінің лонжероны тегіс болуы, рама кескіндемесіне сәйкес келуі

және шасси рамасының үстіңгі тақталарына сүйенуі тиіс.

7.10.1.3 Шанақтар мен қондырмалардың белгілі типтері үшін рама үстіндегілерді әзірлеу бойынша өндірушілердің арнайы технологиялық нұсқамалары жоқ болған кезде рама үстіндегінің арқалықтары шасси рамасы арқалықтарының үстінде орналасқан болуы тиіс.

7.10.1.4 Лонжерондар және рама үстіндегінің арқалығы үшін оның бұрауға икемділігін қамтамасыз ету мақсатында егер шанақтық жабдық осындай деформациялардың мүмкіндігін қамтамасыз етсе, ашық бағыттағы элементтер (әдетте, U-тәрізді бағыт) немесе автомобиль құрылысында қабылданған швеллерлік бағыттар пайдаланылған болуы тиіс. Сорттық прокатты қолдануға рұқсат етілмейді.

Шанақтарды бұрауға қажетті қажеттілікті қамтамасыз ету үшін бұрауға жүктемелерді қабылдауға рұқсат бермейтін жабдық, арқалықтар жабық бос қимамен, мысалы құбырлардан немесе тік бұрышты қималардың аралықтарымен орындала алады.

Рама үстіндегіні бүрситудің деформациясының алдын алу үшін шанақтың жабдығын бекіту кронштейндерінен күшті салған кезде арқалықтар осы кронштейндармен біріктірілетіндей етіп орналастырылуы тиіс.

Раманың кішкене конструктивті биіктігіне қарсыласу сәтін біруақытта қамтамасыз етумен және бұрауға қаттылық шегіне қол жеткізу үшін рама үстіндегі лонжерондарының U-тәрізді бейімін күш беретін тұйықтаумен қосылған кезде мыналар болуы мүмкін:

- қорап түрінде жабық,
- басқаға біреуде қойылған немесе

## ҚР СТ 1418-2018

- соғуға қойылған.

7.10.1.5 Рама үстіндегінің және оның элементтерінің (лонжерондарының, аркалықтарының, диагональдық байланыстардың және т.б.) габаритті мөлшері шанақ пен шасси үшін қарсыласудың талап етілетін сәтін есепке алумен негізделуі тиіс.

7.10.1.6 Шассидің алдыңғы бөлігінде, артқы бөліктің рамасының еніне қарағанда раманың еніне тікелей рама үстіндегіге шасси рамасы лонжеронынан тыс шығып тұратын неғұрлым көп ені рама үстіндегі лонжеронының бөлігі оның жалпы енінен 1/3 асып кетпейтін жағдайда рұқсат етіледі.

### 7.10.2 Рама үстіндегіні орындау

Тегіс ұзындықтағы рама үстіндегілер қондырмаларды әзірлеу кезінде қолданылады:

- ауырлықтың жоғары ортасымен;
- күшті нүктелік жүктемемен;
- бір жақты жүктемемен;
- жүргізуші кабинетінің үстіндегі қондырмамен.

Мысалы, мыналар үшін: төкпелі қондырғылар, шыныны тасымалдауға арналған қондырмалар, эвакуаторлардың қондырмалары, жүк тиетін крандар, жүк көтергіш борттар және т.с.с.

### 7.10.3 Рама үстіндегінің алдыңғы бөлігі

7.10.3.1 Шасси рамасында кернеуді төмендету және жайлылыққа теріс айтылатын раманың ауытқуларын азайту үшін рама үстіндегінің алдыңғы шеті автомобильдің алғы белдігіне мүмкіндігінше жақын орналасқан болуы тиіс.

7.10.3.2 Алдыңғы рессорлық аспасы бар автомобильдерде рама үстіндегінің шеті алдыңғы рессордың артқы шетін бекітудің кронштейнінің орталығынан алыс емес орналастырылуы тиіс. Серіппелі элементтердің көмегімен рамаға қатысты рама үстіндегінің алдыңғы бөлігінің шапшаңдығын қамтамасыз еткен жағдайда осы талаптан шегіну мүмкін. Қажеттілігіне қарай қондырманың дұрыс жұмысын қамтамасыз ету үшін рама үстіндегіні қатты бекіту алдыңғы рессордың артқы шетінен шегіну есептік жолмен расталған болуы тиіс.

7.10.3.3 Рама үстіндегі шасси рамасында раманың кез келген ауытқуы рама лонжерондары мен рама үстіндегінің арасындағы үйкеліс есебінен демпферленетіндей жатуы керек.

7.10.3.5 Рама үстіндегінің алдыңғы бөлігінің құрастырылымы иіліске қарсыласу сәтін ақырын-ақырын ұлғайтудың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Бұған рама үстіндегіні бекітпесінің бірінші және екінші тораптарына арналған "иілгіш" кронштейндерді пайдалану есебінен, рама үстіндегінің лонжерондарын қисайту немесе рама үстіндегі лонжерондарының биіктігін алдыңғы шетінен 500 мм ұзындыққа азайту есебінен қол жеткізіледі.

7.10.3.6 Жүктемені біркелкі үлестіру үшін рама үстіндегінің лонжерондарының алдыңғы шеттері 45° бұрышқа қисайған болуы тиіс.

7.10.3.7 Кернеулердің шоғырлануын және жарықшақтардың пайда болуын болдырмау үшін лонжерондардың алдыңғы жиектері дөңгелектетілген болуы тиіс. Дөңгелектету радиусы 5 мм құрауы тиіс.

### 7.10.4 Рама үстіндегінің артқы бөлігі

Бұрауға жоғары икемділігі бар шанақтарды орнату үшін раманың артқы асылмасында рама үстіндегінің құрастырылымын таңдау (самосвалдарды, бетон араластырғыштарды, раманың артқы бөлігінде бекітілген крандары немесе кранманипуляторлық қондырғысы бар автомобильдерді және т.б.) пайдаланушылық жүктемелерге немесе әзірлеушінің тиісті ұсынымдарына бұрауға қаттылығының сәйкестігі бойынша есептеумен негізделген болуы тиіс.



**7.10.5 Рама үстіндегі шанақтың табаны ретінде**

Тегіс лонжерондары бар рама үстіндегі талап етілмейді, егер шанақтың табаны рама үстіндегінің функциясын орындаса.

**7.10.6 Рама үстіндегіні бекіту**

7.10.6.1 Қондырмаларды орнатуды жүзеге асыратын кәсіпорын қондырмадан рама үстіндегі бойынша жүктемені дұрыс үлестіруге, пайдалану жағдайларында қабылданатын жүктемелерді есепке ала отырып, рамада қондырманы дұрыс орналастыруға және оларды көлік құралының біліктері бойынша үлестіруге, сондай-ақ раманың табанымен тиісті қосуға жауапты болады. Шасси рамасы мен ағаш немесе эластикалық қондырмалардың надрамнигі арасындағы қондырғыға рұқсат етілмейді.

7.10.6.2 Бекіткішті таңдау шаси типіне және көзделген қондырмаға, сондай-ақ көлік құралының мақсаты мен оны пайдалану шарттарына байланысты жүргізілуі тиіс. Бекіткіштердің саны тежеу кезінде қондырмалардың араласуынан және көлік құралын пайдаланған кезде шанақтың ауытқуларындағы бүйірлік күштерден жүктемелерді қабылдау қамтамасыз етілетіндей таңдалуы тиіс.

7.10.6.3 Рама үстіндегіні көлденең бекіту үшін сәйкес келетін мөлшердің бағыттаушы тілігі көзделуі тиіс. Бағыттаушы тілік пен рама үстіндегілердің арасында саңылау болмауы тиіс.

7.10.6.4 Рама үстіндегіні шассидің рамасына бекіту қатты емес (қозғалмалы), жартылай қатты және қатты (қозғалмалы емес) бекіту нүктелерінен құрамдастырылған жүйесін білдіруі тиіс. Рама үстіндегіні бекіткен кезде өздігінен қайырылып кетпеуден (өзін-өзі бақылайтын немесе ернемектік бұрандама мен сомындар) сенімді бекітуді қамтамасыз ете отырып, беріктілік класы 10.9-дан төмен болмайтын бұрандалы байланысты қолдану қажет. Өзінен-өзі қайырылудан сақтау ретінде гроверлі немесе серіппелі шайбаларды пайдалануға рұқсат етілмейді.

Рама үстіндегіні алдыңғы бөліктегі шассидің рамасына қатты емес бекіткен жағдайда қондырма жұмысының шарттары бойынша рұқсат етілмейтін (мысалы, крандық-манипуляторлық қондырғыларды монтаждау кезінде) рама үстіндегінің басталуы және оны бүкіл ұзындығы бойынша бекіту қатты болуы тиіс.

7.10.6.5 Бекіту нүктелерінің жалпы саны қондырмалардың автомобиль шассиіне сенімді бекітілуін қамтамасыз етуі тиіс, бірақ та кез келген жағдайда бекітудің көршілес элементтері арасындағы барынша көп ара-қашықтық 1200 мм-ден аспауы тиіс.

7.10.6.6 Рамаға орнатылатын бекіту кронштейндерін бұрандамалармен немесе тойтарма шегелермен бекіту қажет. Бұл ретте лонжеронда бар саңылауды пайдаланған жөн. Егер рамада қажетті жерде саңылау жоқ болса, онда оларды 7.6.12-тармағында көрсетілген ұсынымдарға сәйкес бұрғылап тесу қажет. Әзірлеудің дәл еместігін өтемақылау және монтаж кезінде саңылауларды араластыру үшін рама үстіндегіні рамамен біріктіретін бұрандамалар астындағы кронштейндердегі саңылаулар сопақ болып орындалуы тиіс. Сонымен бірге кронштейндердің біреуінде сопақ раманың бойында, ал екіншісі – көлденең орналасқан болуы тиіс. Егер сопақ саңылауларды орындау әзірлеушіге қиындықтар туғызып жатса, онда кронштейндердің біреуінде шеңбер саңылау, ал екіншісінде – орны бойынша монтаждау кезінде саңылауды бұрғылап тесуге рұқсат етіледі.

7.10.6.7 Кронштейндерді орнату кезінде рама үстіндегінің раманы тығыз қысып тұруын қамтамасыз ету үшін жоғарғы және төменгі кронштейндердің арасында саңылауды қарастыру қажет. Саңылау біріктіргіш бұрандамаларды ішке тартқаннан кейін де оның көлемі 5 мм-ден 10 мм-ге дейін құрап тұратындай болуы тиіс.

7.10.6.8 Рама үстіндегі мен раманың өзара араласуын болдыратын бекіткіштің қозғалмалы нүктелері белгілі бір шектерде иілгіш элемент арқылы (цилиндрлік серіппе, тәрелкелік серіппелі шайбалар және т.с.с.) біріктіргіш бұрандамаларды ішке тарту

есебінен қамтамасыз етіледі.

7.10.6.9 Біріктіргіш элементтерді деформациялау есебінен үлкен күш салуларда едәуір емес араласуды болдыратын бекітудің жартылай қатты нүктелері үлкен ұзындықтағы біріктіргіш бұрандаларды немесе асылмалы басқыштарды пайдалану есебінен қамтамасыз етіледі.

Асылмалы басқыштарды бекіту кезінде ішке тарту сәтінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін лонжерондардың ішіне асылмалы басқышты ішке тарту кезінде лонжеронның төбелерін қысуға кедергі келтіретін төсеме элементтерді орнату қажет. Егер асылмалы басқыштардың ұзындығы оның 25 мм диаметрінен асып кетсе, онда ішке тарту немесе пайдалану кезінде асылмалы басқыштардың (бөшке тәрізділік) деформациясының алдын алу үшін рама лонжероны мен рама үстіндегінің арасында асылма басқыштарды қосып тұратын пластинаны орнату ұсынылады.

7.10.6.10 Қозғалмайтын (қатты) бекітулер рама мен рама үстіндегінің салыстырмалы араласуы шанақтың жұмыс істеу немесе белгіленген жабдықтың шарттары бойынша шығарылып тасталған болуы тиіс.

Барынша қатты бекітуді қамтамасыз ету үшін қапталған пластиналармен бекітуді пайдалану қажет. Пластинаны рамаға тойтармамен бекіту қажет. Бұрандама мен тесіктің арасындағы саңылау 0,2 мм-ден аспайтын жағдайда пластинаны рамаға бұрандамалармен бекітуге рұқсат етіледі. Саңылаудың қабырғалары бұрандаманың бұрандасымен үйкеспеуі тиіс, ол үшін дистанциялық төлкелерді пайдалануға болады. Пластина материалының қалыңдығы құрылыспен шартталған күштер мен массаларға байланысты таңдалуы, бірақ рама лонжероны қабырғасының қалыңдығынан кем емес болуы тиіс. Пластинаны рама үстіндегіге бекіту дәнекерлеумен қамтамасыз етіледі.

Лонжеронның екі надрамнигіне (рама мен рама үстіндегі) қатты бекіту арқылы орнатылатын құрылыстардың беріктілігіне есептеулерде бір торап ретінде қарастырылуы тиіс.

Бетон араластырғыштарды монтаждау кезінде автомобильдің артындағы кран-манипулятор, аударылмалы шанағы бар өзі аударғыштар және автомобиль шассиінің рамасында рама үстіндегіні бекітуге ұқсас қондырмалар жылжуды берік орындауды жүзеге асыруы тиіс. Бұл ретте рама үстіндегі артқы жағында қорап түрінде жабық және қиғаштап қойылған тіректердің көмегімен қатты орындалған болуы тиіс.

Бекіткіш тіліктер шасси рамасына жоқ дегенде бір-біріне жақын орналасқан үш ернемек бастиекпен бекітілген болуы тиіс. Бекіткіш тіліктер арасындағы ең көп арақашықтық 700 мм.

### **7.11 Құбыр желісін төсеу**

7.11.1 Құбыр желісін төсеу кезінде жылу көзіне дейін үшкір шеттері және қозғалмалы бөлшектері бар қауіпсіз ара-қашықтық қамтамасыз етілген болуы тиіс.

7.11.2 Құбыр желісін бекіту үшін пластикалық қамыттар пайдаланылуы тиіс.

Қамыттар арасындағы ара-қашықтық 500 мм көп емес құрауы тиіс.

7.11.3 Айналасындағы температура 80 °С-тан асып кетуі мүмкін, ауа компрессоры мен жерлерде сығылған ауаны кептірудің арасында, сондай-ақ гидравликалық жүйелерде пластикалық құбырды пайдалануға рұқсат етілмейді.

7.11.4 Құбыр желісін монтаждау кезінде келесі шарттар сақталуы тиіс:

- құбыр желісін бүгу шектерінде құбыр желісін біріктіргіш келте құбырлар арқылы ұзартуға рұқсат етілмейді;

- құбыр желісі аймақтың көрінбейтін сыртынан тыс төселген болуы тиіс;

- жаңа автомобильде қондырмаларды монтаждау кезінде зақымданған немесе сынған құбыр желілері ауыстырылған болуы тиіс;

- бір есілген жерде төселген бірнеше құбыр желісін ұзартқан кезде қосылған

жерлері бір-біріне жылжумен орындалуы тиіс;

- құбыр желісінің 10 м аса жалпы ұзындығы кезінде<sup>1)</sup> екі біріктіргіш келте құбырды пайдалануға рұқсат етіледі, яғни бір аралық құбырды кесуге рұқсат етіледі.

Құбыр желілерінің жалпы ұзындығы<sup>1)</sup> 10 м кем болған жағдайда бір ғана келте құбырды пайдалануға рұқсат етіледі, яғни біріктіргіш келте құбырдан құбыр желісін ұзартудың барлық қалған қалдығы тұтас болуы тиіс.

Құбыр желісіне өзгерістер енгізу немесе жоғарыда жазылған ұзартудан кейін қосымша біріктіргіш элементтерді пайдаланумен жөндеуге одан әрі болмайды. Бұндай жағдайда магистраль ұзарту нүктесінен бастап ауыстыруға жатады.

7.11.5 Құбыр желілері үшін келесі материалдар пайдаланылуы тиіс:

- пластикалық құбыр желілері – ПА-11 полиамидтік құбырлар бойынша немесе сипаттамалары мен пайдаланушылық қасиеттері ГОСТ Р 51190 бойынша белгіленгеннен төмен емес ГОСТ Р 51190 бойынша құбырлар;

- металл құбырлар – сипаттамалар мен пайдаланушылық қасиеттері ГОСТ 617 белгіленгеннен төмен емес ГОСТ 617 бойынша жез немесе құбырлар.

## 7.12 Сығылған ауаны іріктеу

Пневмотартпада қосымша тұтынушыларды монтаждау кезінде келесі шарттар сақталуы тиіс:

- қосымша тұтынушылар үшін сығылған ауаны іріктеуді тұтынушылардың контурынан жүзеге асыру қажет, қажет болған жағдайда тиісті ұшайырдың қысымды құбыр желісінде монтаждауға рұқсат етіледі;

- әуе резервуарынан сығылған ауаны іріктеу тежегіштердің қызмет көрсететін контурында және әзірлеушімен регламенттелген пайдаланушылық құжаттамадан төмен қосымша контурда жұмыс қысымының түсіп кетуін болдырмайтын тек кері клапан арқылы ғана жүргізілуі тиіс;

- штаттық әуе резервуарлары қамтамасыз ете алатыннан сығылған ауаның көп мөлшерін талап ететін тұтынушыларға қызмет көрсету үшін қосымша әуе резервуарларын орнатқан кезде – базалық автомобильді және уақытша аралықтардың тұтынушыларының жабдығын әзірлеушімен белгіленген штаттық компрессордың өнімділігінің сәйкестік шарты қамтамасыз етілген болуы тиіс. Қажеттілігіне қарай штаттық компрессор үлкен өнімділіктің компрессорына ауыстырылған болуы тиіс.

## 7.13 Кабиналардың құрастырылымына өзгерістер енгізу

### 7.13.1 Кабиналардың құрастырылымына өзгерістер енгізуге жалпы талаптар

N санатының автомобильдері үшін кабинаның құрастырылымын өзгерткен кезде (мысалы, жекелеген бөліктерін кесу немесе ұзарту, отырғыштарды және оларды бекіткіштерді қоса алғанда жетекші конструкцияларды өзгерту, кабиналарды ұзарту), сондай-ақ кабинаның бекіткішін және оның аударуларына арналған құрылғыны өзгерту кезінде ішкі шуға, жылытуға, желдетуге, сыртқы шығыңқы жерлерден жарақаттану қауіпсіздігіне, ішкі өңдеу материалдарына, аударылуы механизмдері деңгейінің КО ТР 018/2011 белгіленген талаптарына және БҰҰ № 29-02 Ережелерінің талаптарына немесе олармен үйлестірілген стандарттарға сәйкес беріктілігіне олардың сәйкестігінің шарттары бойынша сынақ зертханаларында конструкцияның қауіпсіздігіне тексеру жүргізілген болуы тиіс.

### 7.13.2 Төбесіндегі спойлерлер, қондырмалар

7.13.2.1 Келісімдерді жүргізусіз төбесіне түпнұсқалық спойлерді немесе аэропакетті (айнала аққыштардың жинақталымы) орнатуға рұқсат етіледі. Түпнұсқалық спойлерлерге және аэропакеттерге автомобильдерді жеткізуге шартты ресімдеген кезде

<sup>1)</sup> Ұзартуды есекере отырып, бастапқыдан түпкіге дейін түйіскен жерді санай отырып.

## ҚР СТ 1418-2018

тапсырыс берілуі мүмкін. Осы бөлшектерді төбесіне орнатқан кезде осы үшін көзделген бекіту нүктелері пайдаланылуы тиіс.

7.13.2.2 Спойлерлерді, аэропакеттерді және қондырмаларды орнату кезінде төбенің және кабинаның артқы панелінің жоғарғы бөлігінің периметрі бойынша бекіту үшін дәнекерленетін фланецтер пайдаланылуы тиіс.

7.13.2.3 Төбесіне қосымша жабдықты орнату кезінде, әзірлеушінің тиісті техникалық нұсқамалары жоқ болса келесі ережелерді орындауды қамтамасыз ету керек:

- қақпағына барынша көп жүктеме – 100 кг-нан көп емес;
- бекітудің бір нүктесіне барынша көп жүктеме – 5 кг-нан көп емес;
- тым жоғары төбелері бар кабиналар (екі жататын жері бар кабиналар) үшін кабиналық алаңдардың үстінен қондырмаларды орнатуға рұқсат етілмейді;
- қондырмаларды пайдалану авариялық шығатын жер ретінде люкті пайдалануға бөгет жасамауы тиіс;
- жүктемелерді үлестіру кабинаның салыстырмалы бойлық білігі үшін біркелкі болуы тиіс.

### 7.13.3 Кабиналардың артқы бөлігіндегі қондырмалар

Әуе сүзгілерінің, айнала аққыштардың, қаптамалардың және қосымша қондырмалардың элементтерін орнату және бекіту кезінде бар бекіту нүктелері және қысқыштар арқылы дәнекерленетін фланецтерді пайдалана отырып, бекіткіштерді пайдалану қажет.

### 7.13.4 Қосымша бекіткіштердің астынан кабиналарды жөндеу

Қосымша жабдықты бекіту үшін қажетті штаттық орындар жоқ болған кезде бұрандамалы бекіткіш үшін қосымша нүктелерді енгізу бойында жөндеулерге рұқсат етіледі.

Сонымен бірге келесі шарттар сақталған болуы тиіс:

- аэропакетті қоса есептегенде, кабинадағы барлық қосымша жабдықтың барынша көп жалпы массасы – 130 кг-нан көп емес;
- бетіне перпендикуляр бұрғылау бағыты;
- бұрғылау тереңдігі ( $6\pm 2$ ) мм;
- сыртқы дәнекерлеу фланецтері бойынша бұрғылауға рұқсат етілмейді;
- бекітудің бір нүктесіне барынша көп жүктеме – 5 кг-нан көп емес;
- бекітудің әр нүктесі кабиналардың ішкі күш салу элементтері арқылы өтуі немесе қосымша күшейтіле түсуі тиіс;
- бекіту тәсілі бекіткен жерде судың еніп кетуінен герметизацияны қамтамасыз етуі тиіс.

### 7.13.5 Кабинаның аударылу жүйесінің құрастырылымына және гидравликалық жетегі бар запас доңғалақты орнатуға өзгерістер енгізу

7.13.5.1 Кабинаның массасын немесе ауырлық ортасын өзгертуге әкелетін кабинаның құрастырылымына өзгерістер, кабина мен құрылғының (цилиндр мен сорғы) бекіту нүктелерінің өзгерістері оның аударылуы үшін тек қана әзірлеушінің келісімімен жүргізіледі.

7.13.5.2 Кабинаның аударылу механизмі сорғысының және запас доңғалақ пен құбыр жолын тарту қалпын өзгертуге рұқсат етіледі.

7.13.5.3 Запас доңғалақты ұстауыштың орнын өзгертуге рұқсат етіледі, егер запас доңғалақтың орталығынан доңғалақтардың беткі тіреулеріне дейін ара-қашықтығы өзгермесе. Вертикаль жазықтыққа қатысты кабинаның ішінен вертикаль орнатылған запас доңғалақты ұстауыштың еңкіштігіне тыйым салынады.

7.13.5.4 Құбыр желілерінің төсемдерін өзгерту кезінде осы стандарттың 7.11-кіші

тарауының талаптары сақталуы тиіс. Раманың жиектерімен жанасу нүктелері қорғағыш шиыршықтың көмегімен қорғалған болуы тиіс. Құбыр желілерін гидроцилиндрлерге жалғаған кезде цилиндрдің жұмыс кезінде орнын ауыстыруды ескеру қажет, бос кеңістік көзделуі тиіс, құбыр желілерін созуға рұқсат етілмейді. Құбыр желілерін жинағаннан кейін жүйе герметикалық болуы тиіс, біріктірілген жерден тершуге және тамшылап тұруға рұқсат етілмейді.

#### **7.13.6 Кабинаның артқы аймағында орналасқан запас доңғалақты ұстауышты механикалық жетекпен орнату бойынша ұсынымдар**

7.13.6.1 Құрастырылымға өзгерістер енгізу түріне байланысты болмайтын запас доңғалақтары бар барлық автомобильдердің штаттық ұстауыштары не бұрынғы орындарында немесе оларды жаңа орындарға ауыстырумен сақталуы тиіс. Сонымен бірге запас доңғалақты ұстауышты орнату тиісті бекіткіш бөлшектерді (бұрандамалар, сомындар, шайбалар) қолдана отырып, әзірлеушінің конструктивті сызбасы бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

7.13.6.2 Запас доңғалақты орнату орнын анықтау кезінде оның автомобиль біліктері мен доңғалақтары бойынша жүктемелердің үлестірілуіне әсер етуін ескеру қажет – осы стандарттың 7.3 кіші тарауының талаптары ескерілуі тиіс.

Мүмкіндігінше запас доңғалақты орналастыру жүргізушінің салмағын өтемақылау үшін автомобильдің оң жағында болуы тиіс, егер басқару органдары кабинеттің сол жағында тұрса және сол жағында егер басқару органдары кабинеттің оң жағында тұрса.

7.13.6.3 Запас доңғалақты ұстауышты қолданған кезде запас доңғалақты шешіп алу және орнату кезінде пайдаланудың қолайлылығын, еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету қажет. Жетектің тұтқышына күш салу 147 Н көп болмауы тиіс.

#### **7.13.7 Орындықтар**

7.13.7.1 Сертификатталмаған компоненттерді қолданумен жолаушылардың ұстап қалу жүйесіне (қауіпсіздік белдігі, қауіпсіздік белдігін бекіту) қандай да бір конструктивті өзгерістер енгізуге тыйым салынады.

7.13.7.2 Орнатылған отырғыштар және оны бекіткіштер БҰҰ № 17-05 Ережелері бойынша сертификатталған болуы тиіс.

7.13.7.3 Орташа отырғышты орнату тек кабинеттің табанында (еденінде) тиісті бос кеңістік және өнеркәсіптік конструктивтік ұқсастығы бар болғанда ғана рұқсат етіледі. Бұл ретте КО ТР 018/2011 талаптары бойынша пассивті қауіпсіздіктің (жолаушыларды ұстап қалу жүйелері, бас тірегіштер) сертификатталған элементтері қолданылуы тиіс.

#### **7.14 Электрондық жабдық**

Қайта жабдықталатын автомобильдің электрондық жабдығына және бағдарламалық қамтамасыз етілуіне өзгерістер енгізу өнеркәсіптік конструктивтік аналогтарда қолданылатын сызбаларға сәйкес жүзеге асырылады.

#### **7.15 Электрмен жабдықтау**

Электрлік тұтынушыларды монтаждау кезінде келесі шарттарды сақтау керек:

- электр жабдығында кез келген жұмыстарды бастар алдында: барлық тұтынушыларды өшіру, аккумуляторлық батареялардан «-» минустық клеммаларды шешу, аккумуляторлық батареяларды қайтадан қосуды барлық өшірілген сымдардан кейін ғана жүргізу;

- электр энергиясын басқа тұтынушыларды штаттық сақтандырғыштарға тұйықтамау;

- бар сымдарға қосымша сымдарды (мысалы, пышақпен қысқыш контактілердің көмегімен) қоспау;

- электр энергиясын тұтынушыларды жеткілікті ток күшіне есептелген қосымша сақтандырғыштармен сақтандыру;

## **ҚР СТ 1418-2018**

- тартқыштар мен тіркемелерді қосымша индуктивті құрылғылармен (мысалы, магниттік клапанмен) жабдықтаған жағдайда өшірген кезде бос токтарды бұру желісі көзделген болуы тиіс, өйтпеген жағдайда, кернеудің үдемелі кезі және басқа желілерге бөгеттер берілуі мүмкін, осыған байланысты кіріктірілген диодтармен магниттік клапандарды ғана пайдалану рұқсат етіледі. Қолмен сөндірген жағдайда бос токты диод арқылы өткізу керек.

### **7.16 Қосымша тұтынушыларды қосу**

7.16.1 Қосымша тұтынушыларды қосу мыналардан жүргізілуі тиіс:

- «+» генератордың клеммалары;
- «+» аккумуляторлық батареяның клеммалары;
- F1 сақтандырғышының ендіріме балқымасымен 60 А блогы (шасси)

(сақтандырғышқа дейін қосылу).

7.16.2 Қолда бар электр тізбектеріне қосылуға және іске қосылған сақтандырғыштарға қосымша тұтынушыларды қосуға тыйым салынады. Әр жаңа электрлік тізбек өзінің сақтандырғышымен есептелген және қорғалған болуы тиіс. Сақтандырғыштың номиналы оларға қосылған жүйені емес, сымдарды қорғауға кепілдік беруі тиіс.

7.16.3 Борттық желінің 24 В кезінде 12 В аппаратураның қоректенуі үшін кернеуді өңдегішті қолдану қажет. Батареялардың біреуінің бірдей емес жүктемесі оны істен шығару мүмкін болатындығына байланысты осы үшін батареяның біреуін пайдалануға рұқсат етілмейді.

### **7.17 Электр энергиясының балансы**

7.17.1 Қуаттылығы 2 кВт генератор орнатылған жүк автомобильдері үшін уақытты шектеусіз 450 Вт-тан көп емес электр энергиясын қосымша іріктеуге рұқсат етіледі. Рұқсат етілетіннен көп электр энергиясын іріктеген кезде автомобильдің бүкіл электр энергиясының балансына есептеу жүргізу қажет. Штаттық генераторды артқан қуаттылығы бар генераторға (3 кВт, 4 кВт) ауыстырған кезде әзірлеушімен келісу қажет.

7.17.2 Қуаттылығы 3 кВт генераторы бар автомобильдер үшін 1000 Вт электр энергиясын іріктеуге, ал қуаттылығы 4 кВт генераторы барларға – 2000 Вт іріктеуге рұқсат етіледі.

### **7.18 Радиожабдықты борттық желіге қосу**

7.18.1 Радиожабдықтың аспаптарын қосу автомобильдік істікшелі ағытпалар немесе штаттық ағытпалар және автомобильдің розеткалары арқылы жүргізілген болуы тиіс. Электрлік кәбілдерді біріктіруді орындау тек тарамдалған қораптарды немесе осыған арнайы арналған осы тип үшін сынаудан өткізілген және аттестатталған істікшелі ағытпалар автомобилінің көмегімен сым-ұзартқыштарды қолданумен рұқсат етіледі.

7.18.2 Тұрақты және тасымалды қосылатын қосымша электр жабдықтарының конструкциясы мен орнатылуы БҰҰ №10-03 Ережелерімен белгіленген базалық автомобильдің штаттық электр жабдығымен электромагниттік үйлесімділікті қамтамасыз ете отырып, жол берілмейтін электромагниттік кедергілер тудырмауы тиіс.

### **7.19 Электр сымдары**

Электр сымдарын ұзарту бойынша жұмыстарға талаптар:

- тек қана бірдей қиылысатын сым және бірдей түстегі сериялық сымдар пайдаланылуы тиіс;
- электр сымдары оқшаулағыш құбырда (қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған

автомобильдерде – горфрленген құбырда) салынған болуы тиіс;

- сымдардың шеттерінде автомобильдің осы типі үшін сынаудан өткізілген және аттестатталған істікшелер ғана пайдаланылуы тиіс;

- электр кәбілдерін біріктіруді орындау тек тарамдалған қораптарды немесе осыған арнайы арналған осы тип үшін сынаудан өткізілген және аттестатталған істікшелі ағытпалар автомобилінің көмегімен сым-ұзартқыштарды қолданумен рұқсат етіледі;

- антиблокадалық жүйеге арналған кабельдерді ұзарту тек автомобильдің осы типі үшін сынаудан өткізілген және аттестатталған кабельдерді бұрауды пайдаланумен ғана рұқсат етіледі.

### 7.20 Қуаттылықты іріктеу қораптары (ҚІҚ)

7.20.1 Әр түрлі агрегаттардың, соның ішінде агрегаттың типі мен оны пайдалану шарттарына байланысты құрастырылымға өзгерістер енгізу кезінде орнатылған агрегаттардың жұмысы үшін қуаттылығын іріктеу мыналарда орналасқан КОМ-нан жүзеге асырылуы тиіс:

- беріліс қорабында;
- үлестіргіш қорапта;
- трансмиссиядан;
- ІЖҚ алдыңғы бөлігінде;
- ІЖҚ артқы бөлігінде.

7.20.2 Қуаттылығын іріктеу механизмін орындау, сондай-ақ беру қатынасын таңдау келтірілетін агрегаттың қуаттылығы мен айналу жиілігіне байланысты болады.

Агрегатты басқару үшін талап етілетін қуаттылықты анықтау үшін, әсіресе, үлкен шама талап етілетін кезде сондай-ақ қозғалысты (механикалық трансмиссия, белдіктер мен берілістер үшін, сонымен бірге гидравликалық басқару органдары үшін неғұрлым жоғары шамалар 5-тен 10 %-ға дейін) беру фазасында тұтынылатын қуаттылықты да ескеру қажет. Агрегатпен басқару үшін талап етілетін қуаттылықты анықтау үшін, әсіресе үлкен шамалар талап етілетін кезде сондай-ақ қозғалысты беру фазасында тұтынылатын қуаттылықты да ескеру қажет. Қуаттылықты іріктеу үшін беру қатынасын таңдау ІЖҚ әр түрлі жұмыс режимдерінде қуаттылықты тұтынуды есепке ала отырып, жүзеге асырылуы

тиіс. Автомобильдің біркелкі еместігін болдырмау үшін кішкене айналымдардан (1000 айн./мин аз) аулақ болу керек.

Қажетті айналу моменті кезіндегі ҚАҚ айналымдары санына қатысты алынатын қуаттылық мына формула бойынша есептеледі:

$$P(\text{л.с.})=M \cdot N/7023 \tag{1}$$

$$P(\text{кВт})=M \cdot N/9550$$

мұнда P – пайдалы қуаттылық;

M– қуаттылықты іріктеу үшін жол берілетін айналу моменті, Н·м;

N – қуаттылықты іріктеуге арналған айналымдар саны, айн/мин.

7.20.3 Қуаттылықты таңдау механизмдерінде ашық орналасқан кардан біліктері мен тегершіктер қорғағыш қаптамамен жабдықталған болуы тиіс.

7.20.4 Майсыз радиатордың қуаттылығын іріктеудің толық қуаттылығына пайдалану кем дегенде 30 минут салқындатуға кейінгі үзіліспен қысқа мерзімді режимде ғана барынша көп ұзақтылығымен қосу 30 минут шамасында рұқсат етілген.

7.20.5 Беріліс қорабынан қуаттылығын іріктеумен қосымша жабдықты орнату

## ҚР СТ 1418-2018

кезінде оны пайдалану тоқтап тұрған автомобильде жүзеге асырылады және жылдамдықты ауыстырған кезде синхронизаторларға артық кернеуді болдырмау үшін тіркеуден ажыратылған кезде қосылатын, құрастырылымға енгізілген өзгерістермен автомобильге пайдаланушылық құжаттамада көрсетілуі тиіс. Егер қуаттылықты іріктеу қорабының құрастырылымымен автомобиль қозғалысы кезінде оған қосылған жабдықты пайдалану көзделсе, берулерді ауыстыруға тыйым салынады, бұл да құрастырылымға енгізілген өзгерістермен автомобильге немесе тиісті блокадалайтын механизмдерді пайдалану арқылы пайдаланушылық құжаттамада көрсетіледі.

7.20.6 Жабдыққа арналған гидравликалық сорғыларды орнату кезінде, мысалы, аралық біліктерді пайдаланусыз КОМ-нан жұмыс істейтін краноманипуляторлық кондырғымен, аудару механизмімен және т.с.с сорғының мөлшерлері шассимен және ІЖҚ торабымен (көлденең аркалықтар, трансмиссиялық біліктер және т.с.с.) қауіпсіздік саңылауын қамтамасыз ететіндігіне көз жеткізу керек, сондай-ақ сорғы және ҚАҚ массасымен құрылатын статикалық және динамикалық айналу кездерінің беріліс қораптары қабырғаларының қарсыласуына сәйкестігін тексеру қажет.

7.20.7 Беріліс қорабы ІЖҚ-мен бірыңғай торапты білдіретін кездегі жағдайларда қосымша массалардың көлемі ІЖҚ айналымдарының жұмыс диапазонынан тыс ІЖҚ торабындағы резонанстық индукцияның алдын алу үшін енжарлық затына тексерілуі тиіс.

7.20.8 Үлестіретін қораптардағы ҚАҚ базалық автомобильге пайдаланушылық құжаттамада келтірілген әзірлеушінің ұсынымдарына сәйкес айналымдар саны бойынша дұрыс келетін беріліс негізінде толық жетекші автомобильдерге мүмкін.

7.20.9 Трансмиссиядан ҚАҚ орнатқан кезде келесі шарттарды сақтауды қамтамасыз ету қажет:

- қуаттылықты іріктеу тек қана тоқтап тұрған автомобильде қосылуы мүмкін;
- ҚАҚ беріліс қорабынан шығу кезінде тікелей орналасуы тиіс. КОМ-ның екі немесе бірнеше секцияларынан жетекші тартпасы бар автомобильдер үшін сондай-ақ бірінші және екінші секциялар арасында орналасқан жылжымалы тірекке орнатылуы мүмкін;

- горизонталь және вертикаль бойынша сызығының бұрыштары бұрыштардың штаттық мөлшерлеріне мүмкіндігінше көп сәйкес келуі тиіс;

- трансмиссияның сызығына қосылған масса мен қаттылық автомобильдің қозғалысы кезінде де, сол сияқты жұмыс істеп жатқан ІЖҚ да балансты жоғалтуын немесе аномальдық дірілді немесе зақымданған трансмиссияны (ІЖҚ-дан білікке) қоздырмауы тиіс;

- ҚАҚ өзінің меншік аспасы бойынша монтаждалуы тиіс.

7.20.10 Базалық автомобильді әзірлеушімен көзделмеген ІЖҚ алдыңғы бөлігінің жағынан қуаттылықты іріктеуді қамтамасыз етумен байланысты құрастырылымға өзгерістер енгізу кезінде мыналар қажет:

- иілгіш қосуды/ажыратуды және есу мен ию күшін есепке ала отырып, қосымша массалардың иінді білігінен қозғалысқа келтіретін салыстырмалы қаттылықты көздеуі;

- қосымша массаның шамалары мен массалардың орталығынан бірінші салмақ түсетін тіректің орталық сызығына дейін серпіннің салыстырмалы сәттері бойынша ең аз және жеткілікті ара-қашықтықты қамтамасыз етуі;

- радиатордың салқындатқыш қабілетін төмендетуді және салқындатқыш сұйықтық іркілу аймағын шығару;

- қаттылықты қайта қалпына келтіруді және өзгертілген элементтердің (көлденең аркалықтар, бампер және т.с.с.) қарсыласу сипаттамаларын қамтамасыз ету;

- КОМ-ға қосылған қосымша жабдықты ұзақ (30 минуттан көп) пайдаланған кезде ІЖҚ салқындатқыш сұйықтығының температурасын 100 °С жоғары көтерілуін және



ІЖҚ майының температурасын 10 %-ға запаспен 110-120 °С (негізгі құбыр желісі қысымының тетігі аймағында өлшенеді). Егер осы шарт қамтамасыз етілмесе, онда жүйеге қосымша

жылу алмастырғыштарды енгізу қажет.

7.20.11 ІЖҚ артқы жағынан КОМ-ды орнату кезінде оның қосылуы ІЖҚ жұмыс істеп тұрған кезде оның қосылуын болдырмайтын қауіпсіздіктің тиісті құрылғысы бар жабдықпен тұрған автомобильге ғана қамтамасыз етілуі тиіс. Құрылғы тек егер қосылған сәтте қуаттылықты іріктеу жүзеге асырылмаса, ІЖҚ жұмыс істеп тұрған кезде қосылуы мүмкін.

### 7.21 Карданды берілістер


7.21.1 Карданды беріліс келесі жағдайларда жұмыстарды жүргізу кезінде қайта жасауға ұшырайды:

- доңғалақты табан өзгерген кезде (ұзарту, қысқарту);
- беріліс қорабын ауыстырған кезде;
- үлестірме қорапты ауыстырған кезде;
- бастаушы көпірлерді ауыстыру үшін ;
- білікке жүктеменің өзгерген кезінде;
- раманы өңдеу кезінде (кардан берілісінің аралық тіреуі бар автомобильдердің жинақталымы үшін арқалықтардың орналасуын өзгерту).

Жоғарыда көрсетілген кез келген өзгерістер кезінде әзірлеушімен штаттық кардан біліктерін қолдану мүмкіндігін келісу қажет.

7.21.2 Әзірлеушінің ерекше техникалық нұсқамалары жоқ болған кезде сырғымалы емес және ойықты білік арасындағы ұзындықтың айырмашылығы (5-суретті қараңыз) 600 мм аспауы тиіс, ал екі аралық біліктер арасында айырмашылық 400 мм көп болмауы тиіс. Ойықты біліктің түтік құбыры қысылған күйде тұрған жағдайда сырғымалы буындасудың барысы үшін кем дегенде 25 мм саңылауды қамтамасыз ету қажет. Ойықты білік түтік құбырының толықтай созылған күйінде тісті біліктің өзінің диаметрінен шамамен екі есе көп ұзындыққа тісті білік жауып тұруы тиіс.

Құрастырылымға өзгерістер енгізу жағдайлары бойынша талап етілетін кардан берілісінің ұзындығы рұқсат етілетін ұзындықтан асып түсетін жағдайларда қосымша жетектегі білікті 5-суретте көрсетілгендей көздеуі қажет.



- 1 – ІЖҚ осі-ілінісу-бергіш қорабы; 2 – аралық білдек (жылжымайтын); 3 – аралық білдек тірегі; 4 – жылжымалы шеті бар кардан білдек; 5 – артқы мост картерінің иілу бұрышы (статикалық жүктеме); 6 – артқы мост картерінің иілу бұрышы (максимал сығылу кезінде); 7 – артқы мост картерінің иілу бұрышы (жүксіз); 8 – аралық білдек осі-мост картерінің бірдей иілу бұрышы болуға тиіс

5-сурет


7.21.3 Аралық білік және артқы мостың картерінің көлбеу бұрышы дәл тегістелген болуы тиіс. ІЖҚ-тіркеме-беріліс қорабы білігіне қатысты көлбеу бұрыштардағы

## ҚР СТ 1418-2018

айырмашылық  $1^\circ$ -тан аспауы тиіс. Бұған артқы мостың картері мен рессоры арасында танапты орналастырумен немесе артқы мостың тіреуінің реакциясын түзету енгізумен қол жеткізуге болады. Артқы мостың көлбеу бұрышы  $5^\circ 30'$  аспауы тиіс.

7.21.4 Егер автомобильдің тиелген күйде артқы мостының фланеці беріліс қорабы фланецінің деңгейінен төмен деңгейде тұрса, онда картер дифференциалының және жетектегі біліктің көлбеу бұрышы ІЖҚ-беріліс қорабы білігінің көлбеу бұрышына қарағанда аз болуы тиіс.

7.21.5 Доңғалақты базаны айтарлықтай ұзарту кезінде 6-суретте көрсетілгендей аралық білікті орнату талап етілуі мүмкін. Бұндай жағдайда ІЖҚ-беріліс қорабының білігі, екінші аралық білік және дифференциал картерінің білігі арасында бірдей көлбеу бұрышын қамтамасыз ету қажет.




1 – ІЖҚ осі -ілінісу-бергiш қорабы; 2 – бiрiншi аралық бiлiк; 3 – аралық бiлiк тiрегi; 4 – екiншi аралық кардан бiлiгi; 5 – жылжымалы шеттi кардан бiлiгi; 6 – артқы мост картерiнiң иiлу бұрышы (статикалық жүктеме); 7 – артқы мост картерiнiң иiлу бұрышы (макс. сығылу); 8 – артқы мост картерiнiң иiлу бұрышы (жүксiз);

9 – бергiш қорабының осi, екiншi аралық кардан бiлiгi және артқы мост картерiнде бiрдей иiлу бұрышы болуға тиiс

**6-сурет**

7.21.6 Майысқақ тiректер өндiрушiмен көрсетiлген ұқсас сипаттамаларға техникалық сипаттамалары бар көлденең арқалықтарға бекiтiлiп тұрған қалыңдығы кем дегенде 5 мм (7-суреттi қараңыз) ұстап тұратын табақтардың көмегiмен монтаждалуы тиiс.

Доңғалақты базаны азайту кезiнде егер ойықты бiлiктiң ұзындығы шамамен 800 мм аз болса аралық кардан бiлiктерiн демонтаждау ұсынылады.



1 – аралық бiлiк; 2 – тiрек кронштейнi; 3 – тiрек тiлiмше; 4 – аралық бiлiк тiрегi

**7-сурет**

7.21.7 Егер карданды берiлiс бiр бiлiктен тұрса мост картерiнiң көлбеу бұрышы ІЖҚ-берiлiс қорапшасы осiнiң көлбеу бұрышына тең болуы тиiс.

Жеке тұрған берiлiс қорапшасы бар автомобильдерге де сол талаптар қойылады.

Содан басқа, өндірушінің арнайы техникалық нұсқамалары жоқ болған кезде осындай автомобильдердің дөңгелекті базасын өнеркәсіптік конструктивтік аналогтардың сериялық өндірісі үшін көзделген ең қысқа дөңгелекті базадан аз мөлшерге дейін азайтылмауы тиіс (мысалы, самосвалдар).

Осындай өзгерістер үшін өндірушінің кардан берілісінің сериялық бөлшектерін пайдалану ұсынылады. Бірақ та, егер бұл мүмкін болса, онда кем дегенде  $420 \text{ Н/мм}^2$  беріктілік шегімен суарылған болаттан жасалған құбырды пайдалануға болады.

7.21.7 Кардан берілісі топсаларының құрастырылымына өзгерістер енгізуге рұқсат етілмейді.

7.21.8 Өз меншік білігімен және зауытта шығарылған топсалармен карданды беріліске өзгерістер енгізу кезінде құрастырылған осындай кардан біліктер міндетті динамикалық баланстауға жатады.

Сонымен бірге мыналар қамтамасыз етілуі тиіс:

- ГОСТ Р 33669 бойынша трансмиссиядағы кардан біліктің айналуының барынша көп жиілігіне қарай кардан біліктің рұқсат етілетін дисбалансы;
- кардан біліктің айналуының сыни жиілігі бойынша қоры (есептеумен немесе экспериментальды түрде анықталады).

## 7.22 Дөңгелекті формуланың өзгеруі

7.22.1 Дөңгелекті формуланың өзгеруі деп мыналар түсіндіріледі:

- мостардың демонтажы;
- қосымша мостарды орнату;
- жетекші емес осьтерді жетекші осьтерге қайта жабдықтау.

7.22.2 Жаңа біліктерді қосумен немесе қолда бар біліктерді қоспағанда дөңгелекті формуланы өзгерту тек өнеркәсіптік конструктивтік аналогтың және базалық автомобильді өндірушінің келісімі бар болған кезде рұқсат етіледі және 7.3-тармағының талаптарын есепке алумен тиісті техникалық құжаттама, сондай-ақ келесі шарттар бойынша орындалуы тиіс:

- қосымша білікті орнату кезінде автомобильдің жүк көтергіштігін, соның ішінде біліктің орналасқан жерлерінде өзгерткен кезде шасси рамасының жалпы күшеюі қамтамасыз етілген болуы тиіс. Сонымен бірге раманың күшейткіш бейіні шасси рамасының бүкіл ұзындығына жүргізушінің кабинасына дейін тұтас болуы тиіс;

- қимасы лонжерондардың тиісті күшейтуісіз дөңгелекті базаның облысындағы оның қимасынан аз раманың артқы құламасының аймағында қосымша білікті қосуға – рұқсат етілмейді;

- қолданылатын компоненттер: ось, аспа элементтері, тежегіш жүйелердің элементтері сертификатталған және өндірушінің талаптарына және өнеркәсіптік конструктивтік аналогқа сәйкес келуі тиіс;

- тежегіш сәт автомобильдің бүкіл біліктері арасындағы тежегіш күшті біркелкі үлестіруді қамтамасыз ету үшін статикалық және динамикалық жүктемелерге пропорционалды болуы тиіс. Әуе резервуарларының сыйымдылығы қосымша тежегіш цилиндрлердің мөлшері үшін жеткілікті екендігіне көз жеткізу қажет. Жалпы тежегіш қабілеттігі әдеттегідей, автомобильдің жалпы массасына айырмашылықтарын есепке ала отырып, сериялық автомобильдің сипаттамаларына пропорционалды болуы тиіс. Тежегіш жүйе тиімділігінің көрсеткіштері (жұмыс тежегіш, авариялық тежегіш және аялдау тежегіші) № 8 қосымшаның КО ТР 018/2011 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

- өзгертілген дөңгелекті формуласы бар автомобильді басқарушылық және тұрақтылық көрсеткіштері ГОСТ Р 31507 талаптарына сәйкес келуі тиіс;

- егер орнатылған қосымша біліктің меншік аспасы болса, аспа сипаттамалары екі білікке қоса берілетін статикалық біліктік жүктемелерге қатысты өнеркәсіптік

## ҚР СТ 1418-2018

конструктивтік аналогтың артқы аспасының сипаттамаларына пропорционалды болуы тиіс;

- пневматикалық аспамен жасақталған қосымша біліктерді немесе комбинацияланған типтегі аспасы бар артқы біліктерді пайдалану кезінде көлденең орнықтылықтың тұрақтандырғышын орнату талап етіледі;

- кернеудің бойлық және көлденең күштерін салу нүктелерінде (рессор тіректері, пневматикалық аспаның кронштейндері) тиісті көлденең арқалықтарды немесе раманың өзге де күшейткіш элементтерін көздеу талап етіледі;

- тікелей бұрыштың астында қосымша білікті орналастыруды және автомобильдің симметриясының бойлық осіне және бар біліктерге қатысты оны түзетуді қамтамасыз ету қажет. Бұл ретте біліктердің саны мен біліктер арасындағы ара-қашықтықты ескере отырып, көлік құралдарының салмақты параметрлеріне қатысты ұлттық заңнаманың талаптарын сақтауды қамтамасыз ету қажет;

### 7.23 Тартқыш-тіркейтін құрылғы

7.23.1 Штаттық тартқыш-тіркейтін құрылғыны өзгертуге (мысалы, ию, дәнекерлеу немесе тегікті ажырату) рұқсат етілмейді.

7.23.2 Тартқыш-тіркейтін құрылғының монтажын тиісті елдердің нұсқамаларына сәйкес жүргізу керек.

7.23.3 Келіусіз тартқыш-тіркейтін құрылғыны орнату тек осыны пайдалану үшін арналған көлденең арқалықтарда ғана рұқсат етіледі. Тарту-тіркеу құрылғысын орнату жөнінде шешім қабылдаған кезде базалық автомобиль өндіруші тіркемеді тіркеп сүйреу мүмкіндігін көздегеніне көз жеткізу қажет (көлік құралының/шассидің түрін мақұлдауда немесе пайдалану құжаттамасында көрсетіледі), олай болмаған жағдайда тарту-тіркеу құрылғысын орнатуға тек дайындаушының келісімі бойынша не артқы көлденең арқалықты күшейту (қажет болған жағдайда) және тарту-тіркеу құрылғысын монтаждау бойынша келісілген техникалық ұйғарымдарды, трансмиссияның беру санын ескеретін есептеулерді пайдалана отырып, тіркеп сүйрейтін автомобильдің және тіркеп сүйрейтін тіркеменің тежегіш жүйесінің және электрлік қосылыстарының түрі.

7.23.3 Маневрлеу кезінде тіркемемен қақтығысу болмауы тиіс, ол үшін жеткілікті шығатын жері бар оқ ағаш орнатылған болуы тиіс. Тіркемелік құрылғыларына қатысы бар БҰҰ № 55-01 Ережелерін немесе олармен үйлестірілетін бос кеңістіктегі мөлшерлерге стандарттар мен талаптарды ескеру керек (БҰҰ № 55-01 Ережелеріне сәйкес). Қондырманы өндіруші тіркеменің процесіне кедергісіз және қауіпсіз басқару мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін оны дұрыс жобалауға және орнатуға міндетті.

7.23.4 Тіркеменің оқ ағашы үшін жеткілікті еркін жылжуы қамтамасыз етілген болуы тиіс. Пневматикалық жалғағыштар мен розеткаларды бүйірлік орналастырған кезде (мысалы, жүргізуші жағынан артқы габариттік фонарьлардың кронштейінде) автомобильдердің бұрылыстарда қозғалысы үшін біріктіргіш кәбілдердің жеткілікті ұзындығын қамтамасыз ету қажет.

7.23.5 Тартқыш-тіркейтін құрылғыны орнату үшін белгілі типтегі тартқыш-тіркейтін құрылғыны орнатуға арналған арнайы саңылаулар орындалған белгілі тәртіпте артқы арқалықтарын бірге пайдалану керек. Осы саңылаулардың мөлшерлерін, саны мен орналастырылуын қандай да бір өзге тартқыш-тіркейтін құрылғының типіне орнатуға рұқсат етілмейді.

7.23.6 Тіркейтін құрылғыны базалық автомобильді өндірушінің техникалық нұсқамасы немесе өнеркәсіптік конструктивтік аналог бойынша орындалған артқы арқалықты тиісті жылжытусыз төмен жылжытуға немесе аса төмен қалыпта қосымша көлденең арқалықты орнатуға рұқсат етілмейді. Аса төмен қалыпта қосымша көлденең арқалықты орнату кезінде сыртқы күшейткіш бұрыштардың қалыңдығы раманың

лонжерондарының қалыңдығынан аз болмауы және олар лонжеронның өзінің биіктігінен (ең көп дегенде 600 мм) кем дегенде 2,5 есе көп ұзындығын жауып тұруы тиіс. Осы бұрыштар лонжерондардың қабырғасына нәтижесінде олардың саны мен орналастырылған жері артқан берілетін сәтті ескеруге мүмкіндік беретіндей етіп, қосымша сомындармен оларды біріктіре отырып, көлденең арқалықтарға бекіту үшін қолданылатын барлық сомындармен бекітіліп тұруы тиіс. Рама лонжеронының биіктігіне тең биіктікке көлденең арқалықты төмендету үшін сомындардың саны 40 %-ға ұлғайтылған болуы тиіс.

7.23.7 Құрастырылымға өзгерістер енгізген кезде көлік құралының артқы габариттік нүктесі арқылы өтетін автомобильдің қозғалысының барысы бойынша тартқыш-тіркейтін құрылғы ілмегінің аузы осінің жылжитын шарты сақталуы қажет және оның бойлық білігіне перпендикуляр вертикальды жазықтық 300 мм аспауы тиіс.

#### **7.24 Шанақтық қондырмалар**

7.24.1 Шанақтың немесе қондырғының габариттік ені 2,55 мм (көлік құралдарының изотермиялық шанақтары үшін барынша көп ені 2,6 м рұқсат етіледі), ал биіктігі 4,0 м аспауы тиіс.

7.24.2 Жүргізушінің кабинасы БҰҰ № 46-01 Ережелеріне немесе ҚР СТ 41.46 талаптарына сәйкес келетін артқы көрінісінің стандартты айналарымен екі жағынан жабдықталған болуы тиіс.

7.24.3 Шанақты қондырмалардың надрамнигі осы стандарттың 7.9-кіші тарауының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

7.24.4 Қондырғының құрастырылымы отынды және өзге де пайдаланушылық материалдарды толтыратын жерлерге, сондай-ақ басқа тоспалы элементтерге (аккумуляторлық батарея, запас доңғалақ және т.б.) еркін кіруді жауып тұрмауы тиіс.

7.24.5 Қондырмалардың элементтері шассидің (доңғалақ, аспа тетігі, рессорлар және өзгелер) қозғалмалы бөліктерінің еркін жылжуына кедергі жасамауы тиіс, сонымен бірге мыналарды ескеру қажет:

- аспа элементтерінің барынша көп иілуін;
- қозғалыс кезіндегі аспа элементтерінің динамикалық иілуін;
- орнынан қозғалған немесе тежеген кезде аспаның иілуін;
- қисық траектория бойынша қозғалыс кезінде бүйірлік қисаюды;
- тайғанауға қарсы тізбектерді пайдалану;

- авариялық жағдайларда, пневматикалық аспаның баллоны зақымданған және бүйірлік қисаюдың нәтижесінде пайда болған жағдайда автомобильдің жүрісі.

7.24.6 Шанақтық қондырғыларды жобалаған кезде құрастырылымға өзгерістер енгізуді жүзеге асыратын кәсіпорын көлік құралының санаты мен типіне сәйкес жалпы жағдайда мыналарды:

- БҰҰ № 48-03 Ережелеріне сәйкес келетін габариттік бүйірлік шамдарды;
- БҰҰ № 48-03 Ережелеріне сәйкес келетін артқы пішінді шамдарды;
- БҰҰ № 48-03 Ережелеріне сәйкес келетін жақсартылған жарық шағылыстыратын сипаттамалармен таңбалауды;

сипаттамалармен таңбалауды;

- БҰҰ № 70-01 Ережелеріне сәйкес келетін артқы айыратын белгілерді;

- КО ТР 018/2011 сәйке келетін доңғалақ астынан шашыраулардан қорғау жүйесін орнатуды көздеуі тиіс.

Артқы сыртқы құралдардың және артқы мемлекеттік тіркеу белгісін жарықтандыру құралдарының саны, типі орналасқан жері және орнату БҰҰ № 48-03 Ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

7.24.7 АМКҚ құрастырылымына өзгерістер енгізу кезінде орнатылатын қажетті аралық элементтерді (рама үстіндегі, шанақтың табаны) қоса алғанда, шанақ АМКҚ

## ҚР СТ 1418-2018

насси рамасына тікелей шанақты шассиға бекіту үшін өндірушілермен қолданылатын бекіткіш бұйымдармен сенімді бекітілуі тиіс. Базалық автомобильді немесе шанақты өндірушінің арнайы техникалық нұсқамалары жоқ болған кезде өнеркәсіптік конструктивтік аналогтың типі бойынша бекіту сызбасы қолданылуы тиіс.

Көлік құралының шассиына шанақты монтаждау сызбасын әзірлеген кезде доңғалақтардың еркін жылжуы үшін жағдайды қамтамасыз ету қажет. Шанақтың қайырмалы борттарын ашу кезінде шассидің бөлшектеріне (бүйірлік қоршауы, доңғалақтары, қауіпсіздіктің артқы бруссы, сүйрейтін құралы және т.с.с.) тірелмеуі тиіс. Ашық борттар сондай-ақ аспаның толық қысылған кезінде де тірек бетіне тірелмеуі тиіс.

*7.24.8 Егер шанақ пен жүк платформасын бекіту үшін шасси рамасына U-тәрізді болттар (баспалдақтар) қолданылса, онда оның қиғаштануын болдырмау үшін лонжеронның сөрелері арасындағы кергіштерді пайдалану қажет.*

*7.24.9 Шанақты бекіту жоқ дегенде бекітудің неғұрлым алға және артқа қойылған нүктелерінде шеңбер саңылаулар мен ең кішкентай саңылауы бар дәл келетін сомындардың көмегімен жүргізілуі тиіс.*

*7.24.10 Шанақты немесе жүк платформасының монтажы тежегіш жүйелердің және электр сымдарының тұтастығы және қызмет етуі бұзылмайтындай түрде жүргізілуі тиіс.*

*7.24.11 Егер кабина және шанақ бір тұтасты құраса, онда кабинаның бекітілуінің иілгіштік деңгейін ескеру қажет.*

*7.24.12 Қатты шанақтардың мысалы, цистерналардың монтажы кезінде шасси рамасының мүмкін болатын иілгіштігін ескеру керек.*

*7.24.13 Қондырмалардың монтажы кезінде көлік құралының ауырлық ортасының барынша төмен орналасуын қатамасыз ететін барлық қажетті практикалық шараларды қолдану тиіс. Содан басқа, монтаж көлік құралының орнықтылығына қолайсыз әсер етпеуі тиіс.*

*7.24.14 АМКҚ құрастырылымына енгізілген өзгерістерімен бүйірлік жақтарының сыртқы беттерінде БҰҰ № 26-02 Ережелерімен белгіленген мәндерден асып түсетін жарақаттануға қауіпті үшкір шығыңқы жерлері болмауы тиіс.*

*7.24.15 АМКҚ шанағы көлік құралында болатын тұлғалар үшін кенеттен тежеген жағдайда АМКҚ шанағы орналасқан жүктің жылжып кетуінен туындайтын соққылардан қорғаудың болуы тиіс. Панельдер немесе қалқандар түрінде осындай қорғаудың элементі АМКҚ бойлық орташа жазықтығына көлденең және параллель бағытталған рұқсат етілетін пайдалы жүктемесінің тоннасына 800 лань біркелкі үлестірілген статикалық күшін бұзусыз ұстауы тиіс. Осындай қорғағыш панель немесе қалқан алынбалы болуы мүмкін және келесі талаптарға жауап беруі тиіс:*

*- ені (көлік құралының бойлық орташа осіне перпендикуляр өлшенген) көлік құралында тұлғалардың орналасуы үшін көзделген кеңістіктің енінен аз болмауы тиіс, ал жеке кабина бар болған жағдайда қорғағыш элементтің ені кабинаның енінен аз болмауы тиіс;*

*- жүк платформасының еденінен өлшенген биіктігі жекелеген кабинасы бар болған жағдайда кем дегенде 800 мм құрауы немесе жекелеген кабинасы жоқ болған кезде жүк бөлімшесінің толық биіктігіне теңестірілуі тиіс;*

*- бекіту рамаға және жүк платформасының алдыңғы бөлігіне тікелей жүзеге асырылуы тиіс. Егер ол жүк платформасына немесе тиісті жағдайда шанаққа бекітілсе, онда осы платформаның рамаға бекітілуі оған берілетін қысымға қарсылық көрсетуді қамтамасыз етуі тиіс. Кабина шанақпен біріктірілген жағдайларда осы қорғағыш панель немесе қалқан шанаққа бекітілуі мүмкін немесе оның құрастырылымының элементтерінің бірі болып табылуы мүмкін. Мүшеленген көлік*

құралдары жағдайларында қорғағыш панельді жартылай тіркемені сүйрейтін тартқышқа орнату талап етілмейді; осындай панель жартылай тіркеменің жүк платформасының алдыңғы бөлігінде орнатылады;

- механикалық көлік құралы немесе жартылай тіркеме бөренелермен, құбырлармен, прокаттармен, жалпақ металмен немесе кенеттен тежелудің нәтижесінде кабинаға кіріп кететін бекітпелер әлсіреген кезде болуы мүмкін ұқсас жүкпен тиеліп тұрған жағдайдарда қорғағыш панель немесе қалқан ең аз дегенде қалыңдығы кем дегенде 3 мм болат табағының беріктілігіне тең болатын беріктілікке ие болуы тиіс.

7.24.16 Егер көлік құралы кабинаның артында тұрған және ұзын өлшемді жүкті, мысалы, болат прокатты немесе телеграфтық бағанды бекітуге арналған рамамен немесе тірекпен жабдықталған болса, онда осы рама немесе тірек раманың үстіңгі бөлігінде салынған және алдына қарай мен төмен қарай бағытталған — рұқсат етілген пайдалы жүктеменің тоннасына әрқайсысы 600 даН құрайтын — екі күштің қосылған әрекетіне қарсыласуды қамтамасыз етуі тиіс.

Бұл ұсыным жеңіл автомобильдерге мұндай көлік құралдары және олардың қозғалыс шарттары техникалық регламенттерде немесе БҰҰ Ережелерінде белгіленген арнайы нұсқамалармен регламенттелетін жағдайда тіпті оларда жүк тасымалданса да кронштейнерлерді тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдарына да және автомобиль-цистерналарға да, ірі габаритті бөлінбейтін жүктерді тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдарына да қолданылмайды.

7.24.17 Жүк бөлімшесі ірі габаритті жүктердің сенімді буып-түйюге арналған құрылғылармен жабдықталған болуы тиіс.

7.24.18 Жекелеген қаптамада жүктерді тасымалдау үшін арналған шанақ жүктерді буып-түйюге арналған ілмектермен, борпылдақ жүктерді тасымалдау кезінде – жеткілікті қаттылық пен беріктілікті қамтамасыз ететін материалдардың бүйірлік және алдыңғы панельдерінің қаптауышымен жабдықталған болуы тиіс.

7.24.19 Егер қондырғының монтажи кезінде шассиға орнатылған бүйірлік қорғау элементтері, артқы қорғағыш құрылғы және артқы шамдар істеліп бітсе, онда қондырғыны өндіруші істеп біткеннен кейін жоғарыда көрсетілген құрылғылардың БҰҰ № 73-00 Ережелерінің, БҰҰ № 58-01 және БҰҰ № 48-03 Ережелерінің талаптарына тиісінше немесе олармен үйлестірілген стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті.

Егер орнатылған артқы қорғағыш құрылғы, бүйірлік қорғау немесе доңғалақтың астынан шашыраудан қорғау жүйесі осы қондырғыға арналған технологиялық операцияны орындауға кедергі жасайтын болса, онда өндірушімен келісілген өндеуге рұқсат етіледі.

## **7.25 Жанына қараған орындықтарға қойылатын талаптар**

7.25.1 M1, N1, M2 (II, III және B класты) және M3 санатындағы техникалық рұқсат етілген ең жоғары массасы 10 т-дан аспайтын (II, III және B класты) көлік құралдарында жанымен қаратылған орындықтарды БҰҰ №17-08 ережелерімен орнатуға тыйым салынады.

7.25.1 БҰҰ №17-08 ережелерімен жедел медициналық жәрдем автомобильдерінде немесе Қарулы Күштер бөлімшелерінің, азаматтық қорғаныс күштерінің, өрт сөндіру қызметтерінің және қоғамдық тәртіпті сақтауға жауап беретін күштердің пайдалануына арналған көлік құралдарында жанымен салынған орындықтарды қолдануға жол беріледі.

**8 АТКҚ құрастырылымына өзгерістер енгізудің белгілі түрлеріне техникалық талаптар**

**8.1 ІЖҚ немесе күш беретін агрегаттарды ауыстыру**

8.1.1 ІЖҚ вертикаль жазықтықта орнатылатын иінді біліктің симметрия осі АМКҚ осы моделі үшін өндірушімен берілген шектерде күш беретін агрегаттарды бойлық тұтастыру кезінде (екі жазықтықта – көлденең және фронтальды параллель болуы) немесе (80±5) мм көп емесе жылжу рұқсат етілетін базалық АМКҚ симметрия осінің көлденең тұтастыру кезінде перпендикуляр ауыстырылатын ІЖҚ симметрия осіне сәйкес келуі тиіс

8.1.2 ІЖҚ немесе күш беретін агрегаттарды ауыстыру кезінде АМКҚ габаритті мөлшерлерін, формаларын, кабина мен алдыңғы бампер қаптамаларын өзгертуге рұқсат етілмейді.

8.1.3 ІЖҚ немесе күш беретін агрегаттарды орнату кезінде мыналарды бұзуға рұқсат етілмейді:

- трансмиссия агрегаттары мен тораптарын, меңгерікпен басқарудың кинематикалық байланысын;
- сығылған ауаны тежегіш жүйелердің желілеріне беруге немесе сейілтуге;
- сығылған ауаны аспаға беруге;
- меңгерікпен басқару, жүкті өзі түсіретін шанақтардың аудару тетіктеріне және т.с.с. майдың берілген қысымы;
- салонда немесе кабинада берілістерді басқаға ауыстыру тұтқышының және бақылау аспаптарының, жылу беруді басқару элементтерінің аспаптарындағы ІЖҚ жедел тоқтату және АМКҚ осы моделін өндірушімен көзделген сыртқы жарық бергіш аспаптарың орналасуы.

8.1.4 Қуат көзі, салқындату, жылыту, желдеткіш, бақылау-өлшегіш аспаптар, пайдаланылған газдарды шығару құрастырылымға өзгерістер енгізудің осы түріне Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік құжаттамада келтірілген көрсетілген элементтердің тиісті орналасу және біріктіру сызбасы бойынша жүзеге асырылуы тиіс. Сигнализаторлар аспаптарының комбинациясына орналастырылған қозғалтқышты бақылау құралдары мен оның жүйелерінің көрсеткіштері ІЖҚ мен оның жүйелерінің жарамды жай-күйіне сәйкес келуі тиіс. Борттық диагностика жүйесімен жарактандырылған көлік құралдарында бұл жүйе штаттық ІЖҚ ауыстырғаннан кейін жинақталуы және жұмысқа қабілетті болуы тиіс, сондай-ақ борттық диагностика жүйесімен сақталған көлік құралының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелерінің ақаулықтарының кодтары болмауы тиіс.

Штаттық ІЖҚ ауыстыру штаттық ІЖҚ-ға сәйкес келетін экологиялық сыныптың төмендеуіне әкелмеуі тиіс.

8.1.5 ІЖҚ кез келген орналасуында моторлық бөлікте орналасқан АМКҚ тораптары мен агрегаттарының қауіпсіз қызмет көрсету мүмкіндігі, сондай-ақ пайдаланушылық құжаттамамен көзделген реттеушілік жұмыстарды жүргізу мүмкіндігі қамтамасыз етілген болуы тиіс.

8.1.6 ІЖҚ ауыстырған кезде ГОСТ 12.1.012 бойынша дірілдегіш қауіпсіздіктің талаптарын сақтау қажет.

8.1.7 Бір модельді ІЖҚ-ны басқасына бірдей жұмыс принципімен (күшпен от алдыру / қысудан тұтану) және цилиндрлер санымен ауыстырумен байланысты қайта жабдықтау кезінде ауыстырылатын ІЖҚ-ға қатысты олардың параметрлерін (жұмыс көлемі мен ең жоғары қуаты) КО ТР 018/2011 № 11 қосымшасында көлік құралдарының тиісті санаттары үшін белгіленген шамаларға көтеруге немесе төмендетуге жол беріледі, Көлік құралдарын бір және сол модификацияға жатқызудың көзделген критерийлерін



негізге ала отырып:

- M1 санаты үшін – қуаттағы айырмашылық – 30% - дан артық емес, жұмыс көлеміндегі айырмашылық-20-дан артық емес %;

- M2, M3, N1, N2 және N3 санаттары үшін – қуаттағы айырмашылық – 50% - дан аспайды, жұмыс көлеміндегі айырмашылық-50% - дан аспайды.

8.1.8 8.1.7 бойынша көрсеткіштерді ЖЖҚ немесе дайындаушы автомобильдердің белгілі бір модификацияларына орнататын бір модельдік қатардан күштік агрегатты ауыстыруға байланысты қайта жабдықтау кезінде, оның ішінде әртүрлі жұмыс принципімен (күшпен оталдыру/қысудан тұтану), бұл ретте келісу шарттарын орындау үшін 4.3 дайындаушының ресми технологиялық құжаттары ретінде жөндеу жөніндегі зауыттық нұсқамалар/нұсқаулықтар ұсынылуы мүмкін, оның ішінде тиісті ЖЖҚ/беру ауыстыру қораптарын алу/орнату операцияларының сипаттамасы бар.

8.1.9 8.1.7 және 8.1.9-да көзделген нұсқалар бойынша ІЖҚ ауыстыруды жүзеге асыру кезінде:

- штаттық ІЖҚ ауыстыратын шасси/шанақтың көтергіш элементтерінің штаттық тіректеріне орнату мүмкіндігін растау немесе беріктілік пен сенімділік шарттары бойынша ІЖҚ қолданылатын тіректерінің сәйкестік негіздемесін ұсыну;

- қажет болған жағдайда (автомобильді дайындаушының есептерімен немесе деректерімен расталады) ІЖҚ орнататын модификацияда дайындаушы қолданатын агрегаттарды пайдалана отырып, трансмиссияның беріліс сандарды (беріліс қорабы және/немесе басты беріліс) түзетуді жүргізу;

- қажетіне қарай вакуумдық, пневматикалық немесе электрлік тежегіш күшейткішін, пневматикалық тежегіш жүйесінің компрессорын, ІЖҚ орнатылған модификацияда дайындаушы қолданатын агрегаттарды пайдалана отырып рульдің гидравликалық күшейткішінің сорғысын ауыстыру арқылы тежегіш жүйесінің және рульдік басқарудың талап етілетін тиімділігін қамтамасыз ету.

8.1.10 8.1.7-8.1.9-да көзделген шарттарды қанағаттандырмайтын ІЖҚ ауыстыруға тиісті рұқсаттар немесе базалық көлік құралын дайындаушылардың ресми технологиялық құжаттары болған кезде ғана жол беріледі.

8.1.9 Орнатылған ІЖҚ қуаттылығы мен айналатын сәтін тура да жанама да өзгерту жабдықтың (тежегіш жабдық, меңгеріктік жабдық және өзгелер) және автомобильдің жүйесінің әрекеті мен тиімділігіне айтарлықтай әсер етпеуі тиіс.

8.1.10 ІЖҚ саны мен бекіткіштерінің орналасуы орнатылған ІЖҚ өндірушімен анықталған талаптарға сәйкес келуі тиіс. ІЖҚ рамаға немесе автомобиль шанағының күш беретін элементтеріне бекіту үшін тасымалды кронштейндерді пайдалануға рұқсат етіледі.

8.1.11 Егер автомобильдің жұмыс тежегіш жабдығы вакуумдық күшейткішпен жасақталған болса, күштеп қыздырылатын ІЖҚ қосымша қысудан жалындайтын ІЖҚ ауыстырған кезде өнімділігі тежегіштерді күшейткіштің тиімді әрекетін қамтамасыз етуі тиіс вакуумдық сорғыны орнату қажет.

8.1.12 Егер автомобильді меңгерікпен басқару күшейткішпен жасақталса, майлы сорғының жұмысы меңгерікпен басқару күшейткішінің тиімді әрекетін қамтамасыз етуі тиіс.

8.1.13 ІЖҚ пайдаланылған газдарды бұру жүйесі герметикалық болуы тиіс.

8.1.14 Беріліс қорабымен бірге ауыстырылмайтын ІЖҚ ауыстырған кездегі жағдайларда ІЖҚ мен беріліс қорабын қосу үшін арнайы біріктіретін фланецтерді пайдалануға рұқсат етіледі. Тіркеме қартерінің корпусына конструктивті өзгерістер енгізуге рұқсат етілмейді.

8.1.15 Егер базалық АМКҚ электр жабдығының борттық желісі орнатылатын ІЖҚ іске қосу жүйесімен үйлеспейтін нақты кернеуге (12 немесе 24 В) есептелген болса, онда

## ҚР СТ 1418-2018

оны орнатылатын ІЖҚ іске қосу үшін қажетті кернеуді беруді қамтамасыз ету қажет.

8.1.16 Қосымша аккумуляторлық батареяны орнатқан жағдайларда егер ол автомобильдің салонында немесе жабық шанақтың багаждық бөлімшесінде орнатылса, онда ол оқшауланған және желдетілетін аккумуляторлық жәшікте тұруы тиіс.

8.1.17 Генератор автомобильдің электр жабдығының қуат алуы және аккумуляторлық батареяның зарядталуы үшін қажет тиісті кернеуді қамтамасыз етуі тиіс.

8.1.18 Дизельге қайта жабдықталатын АМКҚ қуат алудың отынды жүйесі тиісті дизельді АМКҚ отын бағын дизельді отынға жөндеумен немесе сериялық дизель АМКҚ қолданылаған өнеркәсіптік конструктивті аналогты тиісті сыйымдылығы бар баққа ауыстырумен тиісті дизельдің қуат алу жүйесіне сәйкес өзгертілген болуы тиіс.

8.1.19 Құрастырылымға өзгерістер енгізу болып табылмайды, ІЖҚ-ны сол марканың, модельдің және түрінің (бензиндік, газдық немесе дизельді) көлік құралының ІЖҚ ауыстыру болып табылады, егер көлік құралына арналған осыған ұқсас ІЖҚ оны өндірушімен көзделген болса және егер ІЖҚ ауыстыру нәтижесінде оны бекіту орны, жұмыс көлемі, қуаттылығы және басқа да техникалық сипаттамалары өзгермесе.

### 8.2 Бейтараптандырғыштарды орнату

8.2.1 Бір сатылы, екі сатылы немесе үш сатылы бейтараптандырғыштарды қайта жабдықталатын автомобильдерге орнату өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, тек өнеркәсіптік конструктивтік аналогтың технологиялық сызбасы бойынша ғана жүзеге асырылады.

8.2.3 Каталитикалық қышқылдандырғыш және қайта қалпына келтіргіш бейтараптандырғыштарды орнатумен байланысқан құрастырылымға енгізілген өзгерістермен АМКҚ БҰҰ № 103-00 Ережелеріне немесе олармен үйлесетін стандарттардың талаптарына сәйкестігіне сертификатталған болуы тиіс.

### 8.3 Дыбысты жұтқыш талшықты материалдардан тұратын сөндіргіштерге, соның ішінде сөндіргіштер жүйелеріне талаптар

8.3.1 КО ТР 018/2011 талаптарына сәйкес пайдаланылатын көлік құралының шуылының деңгейі, соның ішінде құрастырылымға өзгерістер енгізгеннен кейін пайдалану құжаттамасында АМКҚ өндірушісімен белгіленген 5 дБА шектерінен, ал пайдалану құжаттарында осы шектер болмаған жағдайда немесе пайдалану құжаттамасына қол жетімсіз болған жағдайда 2-кестеде келтірілген шектерден аспауы тиіс.

#### 2-кесте – Қолданыстағы АМКҚ ІЖҚ шығару шуылының рұқсат етілетін деңгейлері

<i>АТС санаттары</i>	<i>Дыбыс деңгейі, дБ(А)</i>
<i>M<sub>1</sub>, N<sub>1</sub></i>	<i>96</i>
<i>M<sub>2</sub>, N<sub>2</sub></i>	<i>98</i>
<i>M<sub>3</sub>, N<sub>3</sub></i>	<i>100</i>

8.3.2 Шығу жүйесіне мыналар кіруі тиіс: шығаруды сөндіргіш, сбіріктірілетін құбыр желілері, иілгіш металл майысқақ түтік құбыр, көмекші тежегіш (M<sub>3</sub> және N<sub>3</sub> санаттарының автокөліктік құралдарын үшін).

Сөндіргіш автомобильдің рамасына сенімді бекітілген болуы тиіс.

Көмекші тежеуішке турбокомпрессордың сыртқа шығаратын келте құбырдан 200 мм жақын ара-қашықтықта және металл түтік құбырдан кейін орналастыруға рұқсат етілмейді. Иілгіш металл түтік құбыр ол жинаудың қателігін, температуралық кеңейтуді, автомобильдің қозғалысы кезінде ІЖҚ мен раманың өзара жылжуының орнын

толтырып отыратындай етіп орналасқан болуы тиіс. Едәуір ұзындықтағы және массадағы біріктіргіш құбыр желілерінің ІЖҚ бекітілуі – металл түтік құбырға дейін бекіткіш кронштейні орналасқан кезде немесе автомобильдің рамасына – металл түтік құбырдан кейін орналасқан кезде болуы тиіс. Біріктіретін құбыр желілерін жобалау кезінде үшкір бұрыштардан аулақ болу керек, құбыр желілерінің бірқалыпты иіліміне рұқсат етіледі.

8.3.3 Шығару жүйесі жауан-шашыннан немесе көлік құралын жуу процесінде газ шығаратын түтік арқылы турбокомпрессордың трактісіне судың өтіп кетуінің алдын алуы тиіс. Автомобильді ІЖҚ шығару жүйесі сондай-ақ газ шығаратын түтіктер мен жазықтықтардың ішінде конденсаттың пайда болуын ескертпеі тиіс.

Шығару жүйесі құрастырылымға өзгерістер енгізу кезінде пайдаланылған газдардың ағыны ІЖҚ ауаны алу жүйесінен мүмкіндігінше алыс бағытталғандай болуы ескеріліп, жобаланауы тиіс.

8.3.4 Кабинаның үстінде орналасқан және ауа жинағышқа шығарғыш құбырға тікелей жақын көлік құралдары үшін пайдаланылған құбыр ауа жинағыштан жоғары болуы және одан қарама-қарсы жаққа бағытталуы қажет. Егер көлік құралы кабина спойлерін пайдаланса, онда пайдаланылған құбыр және ауа жинағыш спойлерден күйе бөлшектерінің түсуін және олардың ауа жинағышқа түсуін болдырмау үшін оның үстінде немесе спойлердің бүйірінде болуы тиіс.

8.3.5 Ұшқын сөндіргіш сөндірушіден кейін шығару жүйесінде орнатылуы тиіс.

8.3.6 Пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің қосылыстары мен элементтерінде кему болмауы тиіс.

8.3.7 ДВС картерінің желдету жүйесіндегі түтіктерді ажыратуға жол берілмейді

8.3.8 Дайындаушы осы жүйемен жабдықталған N және M санаттағы АТС-да пайдаланылған газдарды бейтараптандыру жүйесін демонтаждауға және жұмыс істемеуге жол берілмейді.

8.3.9 Пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің конструкциясына енгізілген өзгерістерімен АҚТС кабинасындағы шудың деңгейі көтерілмеуі тиіс және ТР ТС 018/2011 № 3 қосымшаның талаптарына сәйкес болуы тиіс.

8.3.10 Шығару жүйесінің дыбыс оқшаулау сериялық элементтерін демонтаждауға, конструктивтік қайта жасау немесе жетілдіруге тыйым салынған.

8.3.11 Дыбыс сіңіргіш талшықты материалдар бар сөндіргіштер жүйелері, егер мынадай шарттар сақталған жағдайда, БҰҰ № 51 02, № 59 00 ережелерінде немесе олармен үйлестірілген стандарттарда оларға қойылатын талаптар негізінде олардың сәйкестігін растау туралы құжаттар болған жағдайда пайдаланылуы мүмкін:

- олардың конструкциясы пайдаланылған газдардың талшықты материалдармен жанасуын болдырмайды;

- бәсеңдеткіштер жүйесі немесе оның элементтері БҰҰ-ның аталған ережелерінің талаптарына сәйкес типін ресми бекіту процесінде олардың қасиеттері нашарлатпайтындығы дәлелденген көлік құралының жүйелері немесе элементтері сияқты тобына тиесілі.

## **8.4 Көлік құралының экологиялық класының өзгеруі**

8.4.1 Қайта жабдықталған көлік құралының экологиялық класын неғұрлым жоғары класқа өзгерту АМКҚ өндірушінің рұқсат бойынша өнеркәсіптік конструктивтік-алып тастау аналогы бар болғанда жүзеге асырылады және КО ТР 018/2011 тиісті талаптарын сақтай отырып, оның технологиялық сызбасы бойынша іске асырылады.

8.4.2 Экологиялық сыныптың артуымен байланысты АМКҚ құрастырылымына өзгерістер енгізу КО ТР 018/2011 , БҰҰ № 24; 49; 83 және 96 Ережелерінің талаптарына немесе онымен үйлестірілетін стандарттарға сәйкестігіне сертификатталған болуы тиіс.

Сонымен бірге базалық автомобильдер мен қолданылатын ІЖҚ және экологиялық сипаттамаларға әсер ететін басқа компоненттердің экологиялық класын сәйкестендіру мақсатында БҰҰ № 24; 49; 83 және 96 Ережесі автомобильдің санатына, ІЖҚ типіне және КО ТР 018/2011 сәйкес сынау түріне қарай түзетулердің сериясымен қолданылады (3-кесте № 1 қосымша, № 10 қосымша).

### **8.5 Газ баллондық жабдықты орнату (Сұйытылған мұнай немесе сығылған табиғи газда жұмыс істеуге үшін АМКҚ қайта жабдықтау)**

*8.5.1 Көлік құралдарына типі көлік құралдарының сәйкес келетін түрлеріне арналған БҰҰ № 115-00 ережелері бойынша сертификатталған тек газ баллондық жабдық қана орнатылуы мүмкін.*

*БҰҰ № 115 ережелеріне сәйкестік сертификаты жоқ, бірақ компоненттері БҰҰ № 67 ережелерінің (сұйытылған мұнаймен жұмыс істеу үшін) немесе БҰҰ № 110 ережелерінің (сығылған табиғи газбен жұмыс істеу үшін) қолданылу аясына сәйкес сертификатталған газбаллонды жабдықты орнатуға болады. Бұл жағдайда БҰҰ № 115 ережелерінде көзделген өлшемдер бойынша базалық көлік құралының түріне газбаллонды жабдықтың Орнатылатын түрінің қолданылуын растайтын алдын ала техникалық сараптама жүргізу қажет.*

*8.5.2 Газ баллондық жабдықты орнату көлік құралының экологиялық класын төмендетуге әкеліп соқтырмауы тиіс.*

*8.5.3 Газ түріндегі отынмен ІЖҚ қуат алуға арналған жабдықты орналастыру және орнату БҰҰ № 67-01, 110-00 және 115-00 Ережелеріне сәйкес сонымен бірге БҰҰ № 36-03, 52-01 және 66-02 Ережелерінің талаптарын бұзбай жүзеге асырылуы тиіс.*

*8.5.4 Шатырына газ баллондарын орнату жағдайларында М<sub>2</sub> және М<sub>3</sub> санаттарының көлік құралдарының көлденең статикалық орнықтылығы қамтамасыз етілген болуы тиіс. Бұл ретте көлік құралының габариттік биіктігі, бірақ 4,0 м көп емес ұлғайтуға рұқсат етіледі.*

*8.5.5 Көлік құралының құрастырылымына өзгерістерді енгізу бойынша жұмыстарды жүргізуші мыналарды ұсынуы тиіс:*

*- өндірушімен немесе жеткізушімен немесе сатушымен расталған БҰҰ № 67-01, № 110-00 бойынша – жабдықтардың жекелеген элементтеріне; газ баллондық жүйенің типіне тұтастай көлік құралдарының тиісті түрлеріне – БҰҰ № 115-00 бойынша сәйкестік сертификаттарының көшірлемелерін;*

*- Көлік құралының құрастырылымына өзгерістерді енгізу бойынша жұмыстарды жүргізушінің жұмыстарды белгіленген ережелерге сәйкес орындау, қуат алу жүйесінің герметикалылығы мен қысыммен тексеруді тексеру туралы, ІЖҚ газ тәрізді отынмен қуат алуға арналған жабдықты мерзімді сынауларды жүргізу туралы және көлік құралының пайдаланылған газдарында көміртек тотығының (СО) шекті ұйғарынды құрамына сәйкестігі турал декларацияны.*

*Ескертпе – Экологиялық кластары 0, 1 және 2 көлік құралдарына қатысты БҰҰ № 115-00 Ережелері қолданылады, 1 қосымшасын қоса алғанда, басқа экологиялық кластардың көлік құралдарына қатысты БҰҰ № 115-00 Ережелері қолданылады, 1– 4 толықтыруларды қоса алғанда.*

*8.5.6 Газ баллондық жабдықтардың құрамына кіретін газ баллондары пайдаланылатын газға байланысты БҰҰ № 67-01 Ережелерінің немесе БҰҰ 110 Ережелерінің талаптарына сәйкес болуы тиіс [6].*

*8.5.7 Әр баллонның сәйкес болуы тиіс паспорты, формасы болуы тиіс [7]. Баллондарға арналған паспорттар құрастырылымға енгізілген өзгерістерімен автомобильді тапсыру актісіне қосымша берілуі тиіс.*

*Газ баллондардың сыртқы бетінде олардың паспорттық деректері, соның ішінде*

қолданыстағы және кейінгі қуәландырылуының күні қойылған болуы тиіс.

8.5.8 Автобустардың төбесіне сығылған табиғи газға арналған баллондары бар кассеталарды орналастыратын орны төбесінің қаңқасына кіргізілген және ГОСТ 14771 бойынша доғалық дәнекерлеумен қаңқаның бөлшектерімен қосылған қосымша элементтермен күшейтілген болуы тиіс.

8.5.9 Автобустың төбесіне орналастырылған газ баллондар мен олардың арматураларының күн энергиясынан қызып кетуінің алдын алу үшін олар арнайы қаптамамен жабылған болуы тиіс.

8.5.10 Өртке қарсы қорғау, өрттің алдын алу жүйесі және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар АТКҚ құрастырылымына өзгерістер енгізу сығылған және сұйытылған газдарда жұмыс істеу үшін ГОСТ 12.1.004 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Жарылу қауіпсіздігі ГОСТ 12.1.010 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

8.5.11 Оталдырудың ұшқынды жүйесімен құрастырылымға енгізілген өзгерістері бар АМКҚ қуат көзінің жарамды бензиндік жүйесі, ал дизельді АМКҚ – дизель отынында қуат көзінің жарамды жүйесі болуы тиіс.

8.5.12 Сығылған табиғи немесе сұйытылған мұнай газы үшін және АМКҚ жолаушылар салондарында немесе багаждық шанақтары хабарланатын екі көлемді шанақтары бар (универсал, фазтон-универсал, хетчбек және т.б.) жеңіл автомобильдерде отын жүйесінің қандай да бір тетіктері және элементтері бар болуына багаждық бөлімшеде немесе жолаушылар салонында орнатылған жабдықтың барлық элементтерін қорғауды қамтамасыз ететін газ өткізбейтін қаптамасы бар болған кезде ғана рұқсат етіледі (8.5.13-тармақты қараңыз). Осындай жағдайда құятын блок көлік құралының сыртқы жағынан орналасқан болуы тиіс.

Жолаушылар салоны немесе жүк бөлімшесінің тұйық кеңістігі арқылы өтетін отын өткізгіштерінің негізделген қажетті ұзындығы болуы тиіс және кез келген жағдайда М2 немес М3 санаттарының көлік құралдарынан басқалары газ өткізбейтін қаптамамен қорғалған болуы тиіс, егер отын өткізгіштер және қосылыстар газдың әрекетіне берік және атмосфераға шығуы бар қорғағыш түтікке орналастырылған болса.

8.5.13 Баллонда(дарда) газ өткізбейтін қаптама.

8.5.13.1 Баллонның(дардың) фитингілерінің үстіне кигізілетін және газ өткізбейтін 8.5.13.2 – 8.5.13.5 тармақтарының талаптарына жауап беретін қаптаманы отын баллонына орнатады, тек баллон(дар) көлік құралының сыртқы жағына орнатылған жағдайларды қоспағанда.

8.5.13.2 Газ өткізбейтін қаптаманың атмосферамен, қажет болған жағдайда пайдаланылатын газ әрекетке төзімді болуы үшін біріктірілген шланг және бұрып жіберетін келте құбырлар арқылы қатынасы болуы тиіс.

8.5.13.3 Газ өткізбейтін қаптаманың желдеткіш арнасы доңғалақтың үстіндегі арқаға немесе жылу көзінің бағытына, мысалы пайдаланылған газдың шығару жүйесіне газды бұрмауы тиіс.

8.5.13.4 Газ өткізбейтін қаптаманы желдетуге арналған және механикалық көлік құралының шанағының түбі бойынша өтетін кез келген біріктірілген шлангы немесе бұрып жіберетін келте құбырдың қиылысуының ең аз алаңы  $450 \text{ мм}^2$  құрауы тиіс.

8.5.13.5 Баллонның(дардың) фитингілерінің бетіне орнатылатын қаптама және біріктірілген шланглар 10 кПа қысым кезінде қандай да тұрақты деформацияға ұшырамай герметикалылықты қамтамасыз етуі тиіс. Осы жағдайларда сағатына

$100 \text{ см}^3$  аспайтын ағуға рұқсат етіледі.

8.5.13.6 Біріктірілген шлангты қамыттардың немесе басқа құралдардың көмегімен газ өткізбейтін қаптамаға және бұрып жіберетін келте құбырға бекітіп қояды, және де олардың арасындағы біріктіру газ өткізбейтін болуы тиіс.

## ҚР СТ 1418-2018

8.5.14 М<sub>2</sub> және М<sub>3</sub> санаттарының газ баллондық АМКҚ газ ағудың сигнал бергіштерімен жабдықталған болуы тиіс.

8.5.15 Газ баллондық АМКҚ құятын құрылғысы газ құятын колонкаға қосылу АМКҚ сыртынан жүзеге асырылатындай етіп орналастырылуы тиіс.

8.5.16 Жоғары қысымдағы металл газ құбыр желілерінде пісіру және дәнекерлеу іздері болмауы тиіс. Оларда компенсациялық орамдар көзделген болуы тиіс. Жоғары және төмен қысымның құбыр желілерін қалдық деформациясына рұқсат етілмейді.

8.5.17 Жолаушылардың авариялық шығатын жерлер арқылы көшіруге қиындық туғызатын газ баллондық жабдықтың элементтерін орнатуға тыйым салынады.

8.5.18 Көлік құралында орнатылған әр газ баллонында өшірілмейтін түрде жоқ дегенде келесі деректер анық салынған болуы тиіс:

- сериялық нөмірі;
- «СМГ» немесе «КТГ» белгілеулері

8.5.19 Көлік құралдарындағы газбаллонды жабдықтар арнайы уәкілетті ұйымдарда (ГОСТ ISO/IEC 17020 талаптарына сәйкес аккредиттелген инспекциялық органдарда) баллондарды дайындаушы белгілеген және баллонға (Баллондарға) паспортта көрсетілген баллондарды куәландыру кезеңділігіне сәйкес келетін кезеңділікпен кезеңдік сынақтарға ұшырайды. Мерзімді сынақтардың нәтижелері бойынша арнайы уәкілетті ұйымдар көлік құралында орнатылған газбаллонды жабдыққа мерзімді сынақ жүргізу туралы куәлікті ресімдейді.

8.5.20 Құрастырылымға өзгерістер енгізу және газ баллондық жабдықтың жиынтықтылығына пайдалану кезінде рұқсат етілмейді. Газ баллондық жабдықты жөндеу (редукторын немесе баллонды ауыстыру) кезінде енгізілетін өзгерістер арнайы уәкілетті ұйымдармен газ баллондық жабдықтың қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәлікпен ресімделеді.

8.5.21 Еуразиялық экономикалық одақ мемлекет – мүшелері үшін бірыңғай құжаттар нысандары Еуразиялық экономикалық комиссиясы Колегиясының шешімімен белгіленеді. Көрсетілген құжаттар көлік құралының техникалық жай-күйін тексеруді жүргізу кезінде көрсетіледі.

8.5.22 Мыналарға рұқсат етілмейді:

8.5.22.1 Олардың мерзімді куәландыруының мерзімдері өтіп кеткен газ баллондарды пайдалануға.

8.5.22.2 Газ баллондық жабдықтың компоненттерін бекітуді бұзуға.

8.5.22.3 Газ баллондық жабдықтың элементтерінен және олардың біріктірілген жерлерінде газдың шығып кетуінің бар болуына.

8.5.23 Сұйытылған мұнай газы (СМГ) немесе компримирленген табиғи газ (КТГ) отыны ретінде пайдаланылатын М<sub>2</sub> және М<sub>3</sub> санаттарының көлік құралдарына БҰҰ

№ 67-01 және № 110-00 Ережелерімен көзделген ақ түсті жиекпен жасыл түсті ромб түріндегі айыратын белгілер салынады. Белгінің ортасына мынадай «әріптер: «СМГ» немесе «КТГ» жазылады (8-сурет). Ромбының көлденең диагоналы 110 мм-ден 150 мм-ге дейін, ромбының вертикаль диагоналы 80 мм-ден 110 мм-ге дейін, жиегінің ені 4 мм-ден 6 мм-ге дейін, әріптердің биіктігі 25 мм-ден көп, әріптердің ені 4 мм-ден көп. Айыратын белгілері алдынан және артынан, сондай-ақ көлік құралының оң жақ бортына есіктердің сыртына орналастырылады.



**8-сурет – Жағылған мұнай газ (ЖМГ) немесе компримирленген табиғи газ (КТГ) отыны ретінде қолданылатын М2 және М3 санатты көлік құралдарына арналған анықтау таңбасының үлгісі**

**8.6 Жалпыға арналған шанақтарды (соының ішінде борттық платформалар, фургондар, контейнерлер) ауыстырумен немесе орнатумен байланысты АМКҚ құрастырылымына өзгерістер енгізу**

8.6.1 Жалпыға арналған шанақтарды ауыстыру немесе орнату 7.2, 7.3, 7.5, 7.9, 7.24 талаптарын сақтай отырып, жүзеге асырылуы тиіс.

8.6.2 Фургонный есігі автомобильдің қозғалыс барысы бойынша артынан немесе оң жағынан орналасқан болуы тиіс. Фургонный екі жаққа кең ашылатын бүйірлік жарма есіктері автомобиль қозғалысының жүрісі бойынша сол жақтан оң жаққа қарай ашылуы тиіс. Бүйірлік есіктердің баспалдақтары автомобильдің бүйірлік габаритіне шығып кетпеуі тиіс.

8.6.3 Бұрылатын типтегі (есіктің жазықтығында айналатын) бүйірлік есіктердің тұтқаларын пайдалану кезінде тұтқаның ашық шеті автомобильдің қозғалысының жүрісі бойынша «артқа» бағытталған болуы және «есікке» бағытталған бойынша қайырылған болуы тиіс; тұтқаның өзі есікке параллель жазықтықта айналып тұратындай және сыртына қарай айналып кетпейтіндей етіп жөнделген болуы тиіс. Жабық күйінде тұтқаның шеті қуыста немесе қорғағыш құрылғыда тұруы тиіс. Есіктің жазықтығына параллель емес, кез келген бағытта сыртқа қарай айналып тұратын бүйірлік тұтқаларды қолдану кезінде тұтқаның ашық шеті автомобильдің қозғалысының барысы бойынша «артқа» немесе төмен бағытталған болуы тиіс. Фургонның бүйірлік есігінің тұтқасы есіктің бетінен 40 мм көп емес шығып тұра алады.

Фургонның есік топсалары есіктің бет жағынан 30 мм көп емес шығып тұра алады.

8.6.4 Шанақтардың есіктерінде қозғалыс кезінде олардың өзінен-өзі ашылып кету мүмкіндігін болдырмайтын сенімді тиектері болуы тиіс.

8.6.5 АМКҚ орнатылатын контейнерлер 1А немесе 1С типтеріне ГОСТ 18477 бойынша немесе басқа ұқсас массалары мен габариттері бойынша сәйкес келуі тиіс.

8.6.6 Контейнерлерді бекіту ГОСТ 20527 бойынша бұрыштық фитингілер арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Контейнерлерді бекіту элементтері ҚР СТ ГОСТ Р ИСО 3874 стандартының талаптарына сәйкес әзірленген және таңбалаған болуы тиіс.

8.6.7 Контейнер тасушының көлденең арқалықтарының құрастырылымы толық массамен жүк тиелген контейнерді жылжусыз, автомобильді барынша тездету (ақырындату) кезінде бойлық және көлденең бағыттарда ұстап тұруды қамтамасыз етуі тиіс.

8.6.8 Контейнер тасушының рамасы контейнердің бекіту элементтерінің тірек жазықтығынан жоғары 12,5 мм шығып тұруы тиіс контейнерге арналған арнайы тірек беткейлермен жабдықталған болуы тиіс.

## ҚР СТ 1418-2018

Контейнерді бекіту элементтерінің орталары арасындағы ара-қашықтық пен контейнерлерді бекіту элементтерінің диагональ бойынша арасындағы ара-қашықтықты өлшеу кезіндегі айырмашылық 13 мм аспауы тиіс.

8.6.9 Жүк көтергіш бортты орнату рама үстіндегіге бекіту сияқты тек шасси рамасына бекітуге рұқсат етіледі. Бекіту типі таңдау есептеулермен анықталады. Жүк көтергіш бортты орналастырмай тұрып есептеулерді жүргізе отырып, оның шассимен және қондырғымен үйлесімдігіне көз жеткізу керек.

8.6.10 Жүк көтергіш бортты орнату мына өзгерістердің факторларын есепке ала отырып жүргізіледі:

- салмақты жүктемелерді үлестіру;
- қондырманың және бүкіл автомобильдің ұзындығы;
- раманың бүгілуі;
- рама үстіндегінің бүгілуі;
- рама мен рама үстіндегіні бекіту тәсілдері
- борттық электр желісі (аккумуляторлық батарея, генератор, сым). Жүк көтергіш

бортты орнатуды орындайтын кәсіпорын мыналарға тиіс:

- біліктің жүктемелерін есептеуді жүргізуі;
- алдыңғы білікке ең аз жүктемеге қатысты талаптарды орындауды қамтамасыз

етуі;

- біліктердің шамадан тыс жүктемесінің мүмкіндігін болдырмауы;
- қажеттілігіне қарай шанақ пен артқы құламасының ұзындығын азайтуы;
- конструкцияның беріктілігін тексеруі;
- рама үстіндегінің құрастырылымын және оның рамаға бекітілуін жобалауы

(қозғалмалы (қатты емес) және қозғалмайтын (қатты));

- жеткілікті сыйымдылықтың аккумуляторлық батареясын және жеткілікті

қуаттылықтың генераторын орнатуы;

- жүк көтергіш борт үшін электрлік коммутациялық жабдықты орнатуды көздеуі;

8.6.11 Электр гидравликалық жүк көтергіш бортты тиісті электр тізбектеріне қосу қажет. Жұмыстарды орындайтын кәсіпорын жүк көтергіш бортты автомобильмен үйлесімділігіне электрлік сызбаны тексеруі тиіс.

8.6.12 Жүк көтергіш бортты орнату № 6 қосымшаның көлемді гидрожетекке талаптарды есепке ала отырып, жүргізілген болуы тиіс КО ТР 018/2011 .

8.6.13 Жүк көтергіш бортты орнату кезінде артқы мемлекеттік тіркеу белгісін жарықтандыру және артқы сыртқы жарық бергіш аспаптардың орналасқан жері және орнату БҰҰ № 48-03 Ережелеріне сәйкес болуы тиіс.

## **8.7 N және O санаттарының көлік құралдарын арнайыландырылған жылжымалы құрамға қайта жабдықтау**

### **8.7.1 Жалпы талаптар**

8.7.1.1 Көлік құралдарын арнайы және мамандандырылған жылжымалы көлік құралдарына қайта жабдықтағаннан кейін олар көлік құралдарының тиісті түрлері үшін КО ТР 018/2011 № 6 қосымшасында белгіленген қауіпсіздік талаптарына жауап беруі тиіс.

8.7.1.2 арнайы немесе арнайы көлік құралдарының белгілі бір түрлеріне қойылатын талаптар болмаған жағдайда, КО ТР № 6 қосымшасында 018/2011 шассиге қатысты көлік құралының тиісті санаты үшін көзделген талаптар және халықаралық нормаларды немесе конструкциясы бойынша көлік құралдарының жақын түрлеріне қойылатын белгіленген талаптарды талдауға негізделетін қондырмаға қатысты алдын ала техникалық сараптама талаптары орындалуы тиіс.



**8.7.2 Автоцистерналарға қойылатын талаптар**

8.7.2.1 Цистерналар едәуір қаттылығы болады, сондықтан алдыңғы бөліктің рамасына қатты емес бекіткіштерді қолдану – міндетті түрде.

8.7.2.2 Егер цистернаның монтажи рама үстіндегі арқылы жүргізілсе, онда базалық шассиді дайындаушымен қондырғыны келісу талап етілмейді.

8.7.2.3 Цистернаны тұтас рама үстіндегісіз бірнеше тіректер арқылы бекітуге рұқсат етіледі. Тіректің ортасы мүмкіндігінше теоретикалық артқы білікпен бір-біріне сәйкес келуі, бірақ қандай жағдайда болмасын ара-қашықтығы 1000 мм аспауы тиіс. Бұл ретте құрастырылымға өзгерістер енгізуді жүзеге асыратын кәсіпорын рама лонжерондарының майысуы мен бүгілуін болдырмауға есептеуді орындауы тиіс. Мұндай жағдайда базалық шассиді дайындаушымен қондырғыны келісу міндетті түрде болу керек.

8.7.2.4 Автоцистерна жағдайында, цистернаны көлік құралының рамасына бекіткен кезде контурдан тыс жерге шығып кететін кронштейндарды қолданады, осы кронштейндардың вертикаль бөлігінің ұзындығы олар бекітілетін шасси рамасының биіктігінен аз болмауы тиіс.

**8.7.3 Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған N және O санаттарының көлік құралдарына талаптар**

8.7.3.1 Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарының құрастырылымы БҰҰ № 105-04 Ережелеріне немесе олармен үйлестірілген стандарттарға сәйкес келуі тиіс. Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған автоцистерналардың орнықтылығына қатыстысы БҰҰ № 111 Ережелеріне немесе олармен үйлестірілген стандарттарға сәйкес келуі тиіс.

8.7.3.2 9.3.-9.8 тарауымен көзделген көлік құралының құрастырылымы мен жабдықтауға талаптарды растау. 9-бөлім В қосымшасы 1957 жылы 30 қыркүйекте Женевада жасалған қауіпті жүктерді халықаралық жол тасымалдауы (ҚЖХЖТ) туралы Еуропалық келісімге аккредиттелген сынау зертханасында типтік үлгіні сынау жүргізіледі; көлік құралын дайындаушы жоғарыда көрсетілген сынаулардың негізінде шығарылатын көлік құралдары сынау үлгісіне сәйкес келетіндігін куәландыратын сәйкестігі туралы декларацияны қабылдайды және оны аккредиттелген ұйымда тіркейді.

8.7.3.3 Барлық периметрлері бойынша автоцистерналардағы және тіркемелердегі (жартылай тіркемелердегі) цистерналар – алмалы цистерналарда және көлік құралдарында тасымалдауға арналған цистерналарда – батареяларда бүйірлік немесе артқы қорғағыш құрылғылар орнатылған болуы тиіс. .

Артқы қорғағыш құрылғы корпусының артқы арматурасымен цистерна корпусының қорғағыш функциясын орындаған жағдайда ұнтақ тәрізді немесе түйіршіктелген жүктерді тасымалдауға арналған цистернасы бар көлік құралдарына-артқы қабырғасы арқылы жүк түсіретіні бар самосвалға талап етілмейді.

Цистернаның артқы қабырғасы мен қорғағыш құрылғының артқы бөлігі (цистернаның шеткі артқы нүктесінен немесе тасымалданатын жүкпен жанасатын шығып тұратын арматурадан) арасындағы ара-қашықтық кем дегенде 100 мм болуы тиіс.

8.7.3.4 Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына көлік құралын дайындаушымен көзделмеген қосымша отын бактарын орнатуға тыйым салынады.

8.7.3.5 Жүргізушінің кабинасында отынды қыздырғыш аспаптарды (соның ішінде газ тәрізді отында жұмыс істейтіндер) қолдануға және оларды көлік құралының жүк бөлімшелерінде орналастыруға тыйым салынады.

8.7.3.6 Тент ретінде жарылуға мықты, су өтпейтін және ауыр жалындайтын

материалды қолдануға рұқсат етіледі. Тент тартылған, шанақтың бортын жан-жағынан кем дегенде 200 мм жауып тұратын және бекіткіш құрылғылармен ұсталынып тұруы тиіс.

8.7.3.7 Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған тіркемелерде автоматтық тежегіш функциясы бар жұмыс тежегіш жүйесі болуы тиіс.

8.7.3.8 Көлік құралдары келесі мәндерден кем емесе саны мен сыйымдылығы бар тасымалды өрт сөндіргіштермен толымдалуы тиіс:

- 7,5 т көп техникалық ұйғарынды барынша көп массасы бар көлік құралдары – 12 кг кем емес сыйымдылықтағы кем дегенде бір өрт сөндіргіштен немесе әрқайсысы 6 кг сыйымдылықтағы екі өрт сөндіргішпен;

- 3,5 тоннадан 7,5 тоннаға дейін көп техникалық ұйғарынды барынша көп массасы бар көлік құралдары – кем дегенде ең аз жиынтық сыйымдылығы 8 кг бір өрт сөндіргішпен немесе біреуі сыйымдылығы кем дегенде 6 кг болатын екі өрт сөндіргішпен;

- 37,5 тоннаға дейін қоса санағанда техникалық ұйғарынды барынша көп массасы бар көлік құралдары – жалпы сыйымдылығы кем дегенде 4 кг бір немесе одан да көп өрт сөндіргіштермен;

- қауіпті жүктердің орамдарда шектелген санын тасымалдауға арналған көлік құралдары – ІЖҚ-да немесе көлік құралының кабинасында өртті сөндіру үшін жарамды кем дегенде 2 кг сыйымдылығы бар бір өрт сөндіргішпен;

- мұнай өнімдерін тасымалдауға және құюға арналған автоцистерналар – әрқайсысы кем дегенде 6 кг сыйымдылығы бар кем дегенде екі өрт сөндіргішпен, оның біреуі тіркеме-цистернада (жартылай тіркеме-цистернада) орналастырылуы тиіс;

- көлік құралында ІЖҚ автоматтық өрт сөндіргішінің жүйесі бар болған жағдайда ІЖҚ өртті сөндіру үшін бейімделмеген тасымалды өрт сөндіргішті қолдануға рұқсат етіледі.

8.7.3.9 Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралы мыналармен толымдалады:

- мөлшерлері доңғалақтың диаметріне сәйкес келетін әр көлік құралына (автопоездің буыны) кем дегенде екі кері домалауға қарсы тіреуіштермен;

- авариялық тоқтаудың еккі белгісімен;

- тасымалданатын қауіпті жүктерді бейтараптау құралдарымен;

- көлік құралын авариялық жөндеуге арналған қолмен істейтін саймандар жинағымен;

- жылтылдайтын автономды қуат алатын немесе тоқ сары түстегі үнемі жанып тұратын оты бар екі фонарьмен;

- күрекпен және өрт сөндіруге арналған запас топырақпен;

- экипаждағы әр мүшеге ашық түсті киіммен;

- экипаждағы әр мүшеге қалтаға салып жүретін фонарьлармен;

- апаттық карточканың нұсқамаларына және тасымалдау шарттарына сәйкес – тасымалданатын қауіпті жүктерді бейтараптау құралдарымен, жүкті алып жүретін экипаж мүшелері мен персоналдарының жеке қорғағыш құралдарымен;

- авариялық карточкада көрсетілген қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған арнайы құралдармен.

8.7.3.10 Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарының электрлік тізбектері (аккумуляторлық батарея тізбектерінен басқасы – суықтай қосу және ІЖҚ тоқтату жүйесі; аккумуляторлық батарея – генератор; генератор – ерігіш сақтандырғыштар мен ажыратқыштардың блогы; аккумуляторлық батарея – ІЖҚ стартері; аккумуляторлық батарея – тозуға берік тежегіш жүйенің қосу жүйесінің корпусы; аккумуляторлық батарея – арба теңгергіші білігін көтеру үшін электрлік

тетік) өнеркәсіптік әзірленген ерігіш сақтандырғыштармен немесе автоматтық сөндіргіштермен қорғалған болуы тиіс.

8.7.3.11 Көлік құралында кездейсоқ іске қосылудан қорғау элементтері, сондай-ақ аккумуляторлық батареяны көлік құралының электр жабдығынан ажырату үшін ажыратқыштың белгісі болуы тиіс.

8.7.3.12 Электр жабдығының атаулы кернеуі 24 В аспауы тиіс.

8.7.3.13 Жерге қосатын құрылғының жерге қосу контурымен бірге қарсыласуы 100 Ом көп болмауы тиіс.

8.7.3.14 Көлік құралдарының шанақтары, автоцистерналар, тіркемелер және жартылай тіркемелер – қауіпті жүктерді тасымалдауларды үнемі жүргізетін осы жүктер үшін орнатылған цистерналар айырым түстерімен боялған және тиісті жазулармен жасақталған болуы тиіс.

8.7.3.15 Мыналарға рұқсат етілмейді:

- қауіпті жүктерді тасымалдау үшін бір тіркемеден немесе оның құрамында жартылай тіркемеден көп болатын көлік құралдарын пайдалануға;
- көлік құралын өрт сөндіргіш құрамдарында улы газдарды бөлетін өрт сөндіргіштермен толымдауға;
- шанақтың панельдері мен тақтайларын бұзуға, шанақтардағы жабық және ашық тенті бар тесіктер мен ойықтарға;
- жұмыс істеу кезінде қыздыруға, тез жалындайтын және жарылғыш заттар мен бұйымдарды тасымалдауға арналған көлік құралында қорғау элементтерінің бекіткіштерінің бұзылуы мен демонтажсына;
- көлік құралының құрастырылымымен көзделген сөндіргіші бар шығаратын құбырды алып шығаратын орнын өзгертуге;
- шығарғыш құбыры бар ұшқын алмалы сөндіргіштің демонтажсына;
- аккумуляторлық батареядан, ІЖҚ, электр сымдарынан немесе сөндіргіші бар шығарғыш құбырдан оны жоюды қысқартатын отын бағын орналастыруды өзгертуге;
- отын бағы мен аккумуляторлық батарея арасында қорғағыш өткізбейтін қоршауларды демонтаждауға;
- отын бағын және отынды жерге емес, тасымалданатын жүкке ағу мүмкіндігін тугызатын қуат алу жүйелерінің басқа тораптарын, электр жабдығының немесе ІЖҚ шығару жүйесінің бөліктерін орналастыруды өзгертуге;;
- отын бағының түбінің астында және бүйірінен қорғағыш қаптаманы демонтаждауға;
- цистернаның немесе жүктің және пайдалану кезінде (ІЖҚ, трансмиссия, тежегіш-баяулатқыш) кабинаның артқы қабырғасында орналасқан қыздырғыш агрегаттардың арасындағы қорғағыш экранды демонтаждауға немесе бекіткішінің әлсіреуіне;
- көлік құралында отқа төзімді емес материалдан жасалған ағаш бөліктерді орнатуға және шанақтың ішкі қаптауының ұшқын тугызатын материалдардан элементтерін орнатуға;
- шанақтардың борттарындағы есіктердің құлыптарының және тенттерінің демонтаждау немесе жұмысқа қабілетті емес күйіне;
- көлік құралының төбесінде немесе төбесінің үстінде сары (тоқ сары) түспен сәуле шығаратын арнайы жарық бергіш сигнал бергіш аспаптың көрінушілігін шектеуге немесе орналасқан жерін өзгертуге, демонтажсына, жұмыс істеуге қабілетсіз күйіне;
- аккумуляторлық батареяны көлік құралының электр жабдығынан, сондай-ақ жүргізушінің кабинасынан және көлік құралының сыртынан тікелей немесе

қашықтықтан оның жетектерінен ажырату үшін ажыратқыштың демонтажы немесе жұмыс істеуге қабілетсіз күйіне;

- ІЖҚ капот астындағы кеңістігінен тыс орналасқан аккумуляторлық батареяларды оқшаулағыш ішкі қабырғаларымен желдеткіш бөліктерден шығаруға;
- көлік құралдарында бұрандалы цокольдары бар балқу шамдарын қолдануға;
- кездейсоқ ажыраулардан жасақталмаған қорғағышпен автомобиль-тартқыш және тіркеме (жартылай тіркеме) арасында электрлік жалғағышты қолдануға;
- көлік құралында қорғалмаған орындауда аппараттарға шаң түсіп кететін және жарылуға қауіпсіз орындауда электр жабдығының аппараттарын ауыстыруға;
- технологиялық жабдықтың бөліктерінде жарылудан қорғалған орындауда және аз қорғалған орындауда жабдықта оны басқару пультында электр жабдығының аппараттарын ауыстыруға;

- электр сымдарын металл қабықшаның сыртына, сыртқы электр сымдарын шанақтың ішіне немесе технологиялық жабдықпен контакт жасаудан электр жабдығын оқшаулау бойынша шараларды бұзумен төсеуге;

- электр сымдарының қызып кетуіне, олардың оқшауларының, бекіткіштерінің бұзылуына, қорғағыш бөлшектердің зақымдануына немесе жойылуына;

- көлік құралы шанағының ішіндегі балқу шамдарының маңайындағы қоршағыш сеткалар мен торлардың демонтажына немесе сыртқы электр сымдарын шанақтың ішіне төсеуге;

- шассимен (ыдыспен, рамамен) біріктірілген ұзындығы кем дегенде 200 мм сымның (металл тізбектің) жермен жанасқан көлік құралында жүк тиелмеген кезде қамтамасыз етілетін жерге қосу тізбегінің немесе жерге тереңдету немесе жерге орналастыру контурына қосу үшін шетінде бұрандама қысқыш-істікпен жерге қосатын арқанның электр өткізгіштігінің бұзылуына;

- резервуардың үстіңгі бөлігінде орнатылған құбыр желілері мен көмекші жабдықтардың автоцистерна аударылған жағдайда зақымданудан қорғау элементтерінің демонтажына немесе жұмыс істеуге қабілетсіз күйіне;

- көлік құралының алдынан (бамперінде) және артынан орналасқан қауіпсіздік туралы ақпарат жүйесінің кестелерін бекіту үшін кронштейндердің демонтажына немесе зақымдануына.

8.7.3.16 Тұтынушының (тапсырыс берушінің) талабы бойынша қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған автокөлік құралдары іске қосу жетегін қашықтықтан басқарумен жабдықталған базалық автомобильдің ІЖҚ өрт сөндірудің модульдік қондырғысымен жасақталуы мүмкін. Өрт сөндіргіш заттар өрт сөндірудің модульдік қондырғысының жұмысы кезінде жүргізушінің кабинасына түспеуі тиіс.

#### **8.7.4 Аударылатын шанағы бар (өзі аударғыштар) көлік құралдарына қойылатын талаптар**

8.7.4.1 Аударылатын (өзі аударғыштар) шанақтарын орнату үшін құрастырылымы осындай қондырғыны орнатуға немесе оны 7.6. кіші тарауының талаптарын ескере отырып, жөндеуге мүмкіндіктік беретін белгіленген типтегі шасси қажет. Қандай жағдай болмаса да жүкті түсіру кезінде автомобиль-өзі аударғыштың беріктілігіне есептеулер жүргізілген болуы тиіс.

8.7.4.2 Зауыттан алынған өзі аударғыш шассилар келесі параметрлер бойынша талаптар орындалған жағдайда қандай да бір түзетуді талап етпейді:

- рұқсат етілген барынша көп массасы және өзі аударғыш шанақты оның массасын, көлемін, рама үстіндегінің массасын және монтаж, жүк көтергіштігі және тасымалданатын жүктің<sup>1)</sup> тығыздығы үшін қажет басқа элементтерді ескере отырып,

---

<sup>1)</sup> Болжамды есептеулер үшін 1600 кг/м<sup>3</sup> болатын материалдың топырағынан шығарылып алынған тығыздықтың шамалап алынған мәні пайдаланылуы мүмкін.

орнату кезінде шассидің білігіне одан жүктеме асып түспейтін болады;

- өзі аударғыш шанақтың сериялық ұзындығы қандай да бір түзетулерсіз базалық шассиге сәйкес келеді;

- базалық шасси рамасы асылмасының сериялық ұзындығы өзгеріссіз қалады;

- автомобильдің асылмасының сериялық ұзындығы өнеркәсіптік конструктивтік аналогқа сәйкес келеді;

- платформаның көтерілу бұрышы артқа немесе жанына 50° аспайды;

- көтеру кезінде өзі аударғыш шанақтың ауырлық ортасы артқы білікке шықпайды.

Өйтпеген жағдайда базалық шассиды дайындаушымен келісілген автомобильдің беріктілігін қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар (кейбір агрегаттардың беріктілігін немесе жылжуын арттыру үшін гидравликалық тіректерді орнату) көзделген болуы тиіс.


Төмен тығыздығы бар жүкті тасымалдау кезінде пайдалы жүктің көлемі құрылғыларымен бірге пайдалы жүктеме массасы ортасының барынша үлкен биіктігі үшін орнатылған шектерде ұлғайтылуы мүмкін.

8.7.4.3 Өзі аударғыш шанақты орнату үшін болаттан жасалған тұтас рама үстіндегіні пайдалану қажет. Рама үстіндегінің артқы аймағы ұорап түрінде жабылған болуы және қажеттілігіне қарай диагональдық крест тәрізді ромбыға ұқсас күшейткіш элементпен немесе басқа лайықты конструкциямен күшейтілген болуы тиіс.

8.7.4.4 Көтергіш тетігін жүктің шассиде локализация деңгейін қысқарту үшін пайдалы жүктемемен шанақтың массасының ортасынан алдына қарай жақын тетікті орналастыру ұсынылады. Шанақтың және гидроцилиндрдің шетмойыны бұру білігі рама үстіндегіде орнатылған болуы тиіс, өйткені автомобильдің рамасы, әдетте жекелеген нүктелік жүктемелерді қабылдауға есептелмеген.

8.7.4.5 *Жүктемені үлестіру үшін арналған қосымша раманың жоқ болған кезінде — артқа аударылатын шанақтардың бұрылу білігі шанақ аударылған кезде шасси рамасына әсер ететін иілуден қосымша жүктемені ең азына жеткізу үшін артқы асылмасының тіректеріне барынша жақын тұруы тиіс.*

Шанақ аударылған кезде автомобильдің беріктілігінің нашарлауының алдын алу және шассида кернеуді айтарлықтай ұлғайту үшін аударылу тетігі топсасының бекіту нүктелері мен артқы рессордың артқы кронштейні немесе 9-Суретте көрсетілген екі белағашты арбаның білігі арасындағы ара-қашықтықты сақтау ұсынылады. Егер техникалық себептер бойынша бұл мүмкін болмайтын болса, артқы бөлігінде қаттылықты арттыру үшін пайдаланылатын подрамниктің артқан беріктілігі жағдайында ара-қашықтықты кішкене ұлғайтуға рұқсат етіледі. Үлкен көлемді жүктерді тасымалдауға арналған ұзын шанағы бар грузовиктер болған жағдайда доңғалақ базасын ұзартуға (бұған рұқсат етілетін жағдайларда ғана) болады.



1 – рама үсті; 2 – кронштейндер; 3 – тілімшелер; 4 – шалқайту механизмі топсасының кронштейні

### 9-сурет

8.7.4.6 Тек қана артқа төңкерілетін шанақтар жағдайында шанақтың бүйірлік жылжуына ол рамаға шассиді түсірген кезде бақылау үшін бағыт көрсетіп отыратын элементтерді көздеу қажет.

8.7.4.7 Егер ол жүктелмеген болса, көлік құралының шанағымен жүргізілетін шамадан тыс шуды жою үшін шаралар қолдану қажет.

8.7.4.8 Өзі аударғыш қондырғыны жобалау кезінде төңкерілген борттың раманың шетімен, жарық бергіш аспаптармен немесе тарту-тіркеу құрылғысымен жанасудың болмауын қамтамасыз етуі тиіс.

8.7.4.9 Өзі аударғыш шанақтың алдыңғы бөлігінде көліктік қалыпта автомобильдің бойлық білігіне қатысты сенімді тіркеуді қамтамасыз ететін құрылғыны көздеу қажет.

8.7.4.10 Жөндеу жұмыстары мен қызмет көрсету кезінде көтерілген платформаның түсуінің алдын алатын төңкерілген тіректерін орнату міндетті түрде.

8.7.4.11 Платформаның көтерілу бұрышын қамтамасыз ететін сақтандырғыш арқандар орнатылған болуы тиіс. Көтерілген платформа кезінде сақтандыру арқандары аздап салбырап тұруы тиіс.

8.7.4.12 Жүк платформасының (сыйымдылығының) бекіту элементтері және олардың саны автомобильдің жылжусыз, барынша тездетілген (баяулатылған) кезде бойлық және көлденең бағыттарды жүк сыйымдылығы тиелген толық массаны ұстап тұруды қамтамасыз етуі тиіс.

8.7.4.13 Жүк шанағын бекітудің бірінші элементі (жүргізушінің кабинасының артында) иілгіш, ал соңғысы – қозғалмайтын болуы тиіс. Бекітудің иілгіш элементтер

санының рама аралығының қозғалыссыз бүкіл ұзындығын қатынасы 1:3 құрауы тиіс. Егер жүк сыйымдылығының рама аралығының бүкіл ұзындығында барлығы үш бекіту орны бар болса ұйғарынды арасалмағы 1:2 құрайды. Бекіту элементтері сондай-ақ жүк сыйымдылығын көлденең бағытта ұстап тұруы тиіс.

8.7.4.14 Жүк сыйымдылығының жердің білігінен ұшып шығуы көлік құралының тиелген толық массасы басқарылатын білікке көлік құралының толық массасынан 25 % кем емес болатын шамадан аса алмайды.

8.7.4.15 Өзі аударғыштың жүк сыйымдылығы көтерілген және түсірілген қалыпта сенімді бекітілуі тиіс. Жүк сыйымдылығын көтерудің барынша көп биіктігі көтерудің барынша үлкен биіктігін арнайы шектеуішпен шектелген болуы тиіс.

8.7.4.16 Гидрожүйенің шланғылары мен құбыр желілерінің механикалық зақымданулары болмауы тиіс. Гидравликалық шланғылар мен құбыр желілерін жалғаған жерлерінде майдың ағуына рұқсат етілмейді.

8.7.4.17 Жұмыс цилиндрлары сенімді бекітілген, тот басулар мен механикалық зақымданулары болмауы тиіс.

8.7.4.18 Жүк сыйымдылығының көтерілуін (түсуін) басқару құрылғысы жүргізушінің кабинасында оңай қол жеткізілетін жерде тұруы тиіс.

8.7.4.19 Жүк сыйымдылығының көтерілу (түсу) гидрожүйесі жарамды жұмыс күйінде болуы тиіс.

8.7.4.20 Жүкті өзі аударғыштың көлденең тұрақтылығының  $k$  коэффициенті 0,6 кем емес болуы тиіс. Мына формула бойынша есептеледі:

$$k = \frac{B}{2 \times Hsc} \quad (2)$$

мұнда  $B$  – автомобиль табаны;

$Hsc$  – автомобильдің ауырлық ортасының биіктігі.

### **8.7.5 Жүк автомобилінің шанағында адамдарды тасымалдауға арналған көлік құралына қойылатын талаптар**

8.7.5.1 Оған шанақ-фургон орнатылған автомобильдің 3,8 м көп емес габариттік биіктігі, габариттік ені – базалық автомобильді өндірушімен белгіленген ендер шегінде болуы тиіс.

8.7.5.2 Шанақ-фургон рамаға жүк автомобилінің штаттық шанағына сенімді бекітілуі тиіс.

8.7.5.3 Шанақтың сыртқы және ішкі беттерінде үшкір жарақаттануға қауіпті шығыңқы жерлері болмауы тиіс.

8.7.5.4 Шанақ-фургон оранатылған автомобиль кабинасының әр сыртқы жағынан БҰҰ № 46-01 Ережелерінің талаптарына немесе ҚР СТ 41.46 сәйкес келетін артқы көрінісінің стандартты айналары орнатылған болуы тиіс.

8.7.5.5 Шанақтың биіктігі тек отырған жолаушыларды ғана тасымалдауға мүмкіндік беруі тиіс. Отыруға арналған жерлер отырған адамдар қозғалыстың бағыты бойынша бетімен қарап отыратындай етіп көбіне орнатылуы тиіс.

8.7.5.6 Фургонның бүйір жақтарында құрал-саймандарды қолданусыз тек сыртқа қарай ішінен де сыртынан да ашылатын терезе түрінде мөлшері (600x800) мм авариялық шығатын жерлері, сондай-ақ желдеткіші, жарықтандырғышы және қажет болған жағдайда жылыту болуы тиіс. Ол жүргізушінің кабинасымен екі жақты дыбыстық немесе жарықтық байланыспен, өртсөндіргішпен және медициналық дәрі қораппен жабдықталған болуы тиіс.

8.7.5.7 Шанақтың габариттік ені, рұқсат етілетін барынша көп массасы және оны біліктер бойынша үлестіру базалық автомобильдің техникалық сипаттамасымен

*белгіленген шектерден аспауы тиіс.*

8.7.5.8 *Фургонның есігі шанақтың артқы панелінде немесе автомобильдің қозғалыс жүрісі бойынша оң бүйір панелінде орналасқан болуы тиіс.*

8.7.5.9 *Кіретін есігі фургонның артында орналастырылуы, сыртқа ашылуы (шанақтың артқы борты алынған болуы тиіс), автомобиль типінің құлпы бар болуы, тұтқамен және баспалдақпен жабдықталған болуы тиіс. Фургонның есігі ішінен және сыртынан ашылуы тиіс.*

8.7.5.10 *Жолаушылар бөлімшесі және шанақтағы жүк (жүкжөлаушы нұсқасы шанақтың бүкіл периметрі бойынша стандартты бекіткіш бұйымдармен бекітілген тегіс мықты қоршаулармен бөлінген болуы және есіктің екі жағынан қолмен ашылатын тиегі бар есікпен жасақталған болуы тиіс.*

8.7.5.11 *Жүк бөлімшесінде отырғыштар көрсетілген болуы және қарапайым құрал-саймандардың көмегімен кері орнату мүмкін болмайтындай етіп, отырғыштарды бекіту орындары жойылған болуы тиіс.*

8.7.5.12 *Жүкжөлаушылар автомобиліне отыруға арналған 7 орыннан көп емес орнатылуы мүмкін. Олар 2 қатардан көп емес орналастырылуы және де отырғыштың алдыңғы қатарында (бірінші қатар) отыруға арналған 3 орыннан көп емес орналастырылуы тиіс. Отыруға арналған орындардың қатары бірінің артына бірі орналастырылуы тиіс. Егер отырғыштардың қатары автомобильдің қозғалыс бағытында орналастырылған болса, отырғыштардың арқалығы арасындағы ең аз ара-қашықтық 0,65 м, ең көп ара-қашықтық – 1,5 м құрауы тиіс. Отырғыштарға арналған орынның екінші қатары қозғалыстың бағытына қарсы орналастырылса отырғыштардың арқалығы арасындағы ең көп ара-қашықтық 0,5 м аспауы тиіс.*

8.7.5.13 *Әр жолаушыға қауіпсіздік белдігімен жасақталған және қозғалыс бағыты бойы орналастырылған БҰҰ № 36-03 Ережелері, БҰҰ № 52-01 Ережелері бойынша отыруға арналған стандартты орын көзделуі тиіс.*

8.7.5.14 *Отырғыштарды бекіту элементтері БҰҰ № 17-05 Ережелерінің талаптарына сәйкес отырғыштарды сенімді бекітуді қамтамасыз етуі тиіс.*

8.7.5.15 *Отырғыштардың орналасуы жолаушылардың қауіпсіз және ыңғайлы отыруы мен түсіруін қамтамасыз етуі тиіс. Егер екінші қатардағы жолаушылар үшін отырғызу мен түсіру үшін жекелеген есіктер көзделмесе, отырғыштың бірінші қатары қайырылатын немесе жолаушыларды отырғызу мен түсіруді қамтамасыз ететін өзге де түрде болуы тиіс.*

8.7.5.16 *Отырғыштарға арналған барлық орныдар, егер осындайлар қозғалыс бағытында орналасқан болса, БҰҰ № 16-04 Ережелерінің талаптарына сәйкес сертификатталған және таңбаланған қауіпсіздік белдіктерімен жасақталған болуы тиіс. Қауіпсіздік белдіктерді бекіту орындары БҰҰ № 14-07 Ережелерінің талаптарына немесе олармен үйлестірілген стандарттарға сәйкес келуі тиіс.*

8.7.5.17 *Жолаушылар бөлімшесінде бүйірлік терезелері болуы тиіс. Олар БҰҰ 43-00 Ережелерінің талаптарына немесе олармен үйлестірілген стандарттарға сәйкес сертификатталған және таңбаланған болуы тиіс.*

8.7.5.18 *Жүк фургонының артқы (бүйірлік) есіктері сыртынан ашылуы, өздігінен ашылып кетуін болдырмауы және ашық қалыпта бекітілуі тиіс.*

8.7.5.19 *Жүк бөлімшесінде терезелері мен есіктерін жоюға рұқсат етіледі.*

8.7.5.20 *Фургонда орнатылған жабдықтың үшкір жарақаттануға қауіпті шығыңқы жерлері болмауы тиіс. Фургонда жүк жылжып кеткен жағдайда адамдарды қорғауға арналған құрылғы орнатылған болуы тиіс.*

8.7.5.21 *Фургонның желдеткіші, жарықтандыруы және жүргізушінің кабинасымен байланысы болуы тиіс.*

8.7.5.22 *Жүк бөлімшесі ірі габаритті жүктерді сенімлі буып-түюге арналған*



құрылғылармен жасақталған болуы тиіс.

8.7.5.23 Мыналарға рұқсат етілмейді:

- жолаушыларға арналған бөлікті фургонның жүк бөлігінен бөліп тұратын қоршауларды демонтаждауға немесе бұзуға;

- отырғыштарының орналасқан жерлерін немесе оларды жолаушыларға арналған бөліктегі бекіткіштерін өзгертуге және зақымдауға;

- ашық есіктердің дыбыстық сигнал берушілігінің жоқтығына немесе жұмыс істеуге қабілетсіздігіне немесе көлік құралының кабинасымен жолаушыларға арналған бөліктің байланысының жоқтығына;

- жолаушыларға арналған бөліктің есіктерін ашудың қиындығына.

8.7.5.24 Шанақ-фургоны бар автомобильдің алдынан ақ түсті, артынан қызыл түсті үстіңгі габариттік оттарды қоса алғанда, БҰҰ № 48-03 Ережелері бойынша сыртқы жарық бергіш аспаптары болуы тиіс. Шанақтың сол жағынан артқы қабырғасында 60 км/сағ. дейін қозғалыс жылдамдығын шектеу белгісінің түрлі-түсті кескіні және «Абайлаңыз – адамдар» белгісі келтірілген болуы тиіс

8.7.5.25 Қайта жабдықтағаннан кейін жүк-жолаушы автомобилі пайдалы жүктемені таратудың келесі шартына сәйкес келуге тиіс:

$$P - (M + N \times 68) > N \times 68, \quad (3)$$

мұнда  $P$  - жүк тиелген көлік құралының техникалық рұқсат етілетін максимал салмағы, кг,

$M$  - жабдықталған көлік құралының салмағы, кг,

$N$  - жүргізушінің орындығынан басқа, отыратын орындар саны.

### **8.7.6 Авариялық құтқару, жедел және арнайы қызметтердің автокөлік құралдарына қойылатын талаптар**

Бояулардың түрлі-түсті сызбалары, айыратын белгілер, жазбалар, жедел қызметтердің автокөлік құралдарының арнайы жарық бергіш және дыбыстық сигналдар ҚР СТ 1863 сәйкес келуі тиіс.

#### **8.7.7 Автомобиль – үйлерге қойылатын талаптар**

8.7.7.1 А-қосымшасының жіктеуіне сәйкес қайта жабдықталған көлік құралы автомобиль-үйлерге жатады (көлік құралының белгісін А-қосымшасында келтірілген халықаралық жіктеуге сәйкес тағайындауды сәйестендіретін – «SA») М1 санаты егер ол ең аз дегенде келесі жабдықтар болатын тұрғын үй бөлігі кіретіндей етіп құрастырылған болуы тиіс:

а) отырғыштар мен үстел;

б) отырғыштардан жасалуы мүмкін болатын жататын жерлер;

в) ас үй жабдығы; және

г) мүлікті сақтауға арналған жабдық және тетіктер.

8.7.7.2 8.7.7.1-тармағында көрсетілген жабдық тұрғын үй бөлігінде қатты түрде бекітілген болуы тиіс және де үстел оңай алынатын болуы мүмкін.

8.7.7.3 Автомобиль-үйде жүктерді тасымалдауға М1 категориясы болып табылатын қайта жабдықталған көлік құралының тағайындалуына байланысты тыйым салынады, бұл ретте М1 санаты үшін санаттар бойынша көлік құралдарының жіктелуіне сәйкес салмағы бойынша шектеу жоқ. Функционалдық мақсатына байланысты барлық іс-қимылдар көлік құралының стационарлық жағдайында ғана жүзеге асырылады. Автомобиль қозғалысы кезінде тұрғын шанақта адамдардың болуына жол берілмейді.

8.7.7.4 Тұрғын шанақ-фургонды дайындау кезінде қолданылатын Конструкция материалдар мен өртке қарсы жарактар өрт қауіпсіздігінің қажетті деңгейін қамтамасыз

етуі тиіс.

Тұрғын жайдың қалған бөлігінен оқшаулануы мүмкін әрбір жеке тұрғын жай бөлігі, орын ауыстыратын перделерден басқа, сыртқа тікелей шығатын авариялық шығумен қамтамасыз етілуі тиіс.

Тұрғын жайдың ішінде оқуға оңай қол жетімді жерде көлемі 200 мм × 130 мм кем емес, онда өрттің алдын алу және ол туындаған жағдайда қабылдануы қажет іс-әрекеттер жөнінде қысқаша мәліметтер болуы тиіс. Қызыл түспен орындауға ұсынылатын бас әріптердің биіктігі кемінде 6 мм, ал кіші әріптер кемінде 3 мм болуы тиіс.

8.7.7.5 Авто-үйді пайдалану кезінде тұрақта тұру үшін табиғи желдету қолданылуы керек.

Автомобиль-үйдің қозғалысы кезінде өтпе желдердің алдын алу үшін төмен орналасқан желдеткіш үшін желдеткіштің шығу қимасын реттеу құралдарын орнатуға жол беріледі.

Егер реттеу құралдары көзделсе, онда тұрғын жайдың ішіндегі көрнекі жерде мынадай мазмұндағы бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде сақталатын еске салу орналастырылуы тиіс:

«Автокөлік тұрған кезде-қозғалтқышы өшірілген үйлер барлық желдеткіштер толық ашық болуы тиіс».

Төмен орналасқан желдету тесіктері қозғалтқыштың пайдаланылған газдарының тұрғын үй-жайға түсу қаупі болмайтындай орналастырылуы тиіс. Тоңазытқышқа арналған желдеткіш тесіктер отын бағының құю мойынынан 500 мм жақын орналаспауы тиіс.

8.7.7.6 Конструкциясы мен материалдары тұрғын шанақ-фургон тиімді жылу оқшаулауын қамтамасыз етуі тиіс, ал қолданылатын Тоңазытқыш-жылыту қондырғылары мен жылытқыштар-автокөлікті-үйді пайдаланудың климаттық жағдайларын ескере отырып, адамдардың өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз ететін температуралардың орташа айырмасы.

8.7.7.7 Егер автомобиль-үй минус 15°C жетуі мүмкін қоршаған ортаның температурасы кезінде пайдалануға арналған жағдайда, барлық сантехникалық жүйелердің жұмыс қабілеттілігі қамтамасыз етілуі тиіс.

8.7.7.8 Терезе ойықтарының әйнектелуі өзгерген кезде (мысалы, қосарланған әйнектермен жабдықталғанда), базалық автомобильдің есіктері БҰҰ ЕЭК № 43 ережелеріне сәйкес келетін қауіпсіз әйнектерді пайдалану арқылы жүргізілуі тиіс.

8.7.7.9 Ағынды суларды себезгілерден, унитаздардан және раковиналардан бұруға арналған құбырлардың шығу тесіктері тиісті сыйымдылықтағы бак-жинағыш немесе резервуарлар Ағынды суларды бұруға оңай орнатылуы тиіс. Дәретханадан ағу жабық жүйеге жүзеге асырылуы тиіс. Егер дәретханадан шығатын ағындар басқа ақаба суларды жинау үшін пайдаланылатын бак-жинаққа немесе жинағыш бактарға жүзеге асырылса, онда олардың сыйымдылығы белгіленген дәретхананы ескере отырып ұлғайтылуы тиіс. Дәретханадан ағысты жинауға арналған орнатылған бак-жинақ деңгей индикаторымен жабдықталуы тиіс.

8.7.7.10 Автомобиль-үйді басқару құқығы бойынша Санат негізгі автомобиль сияқты өзгеріссіз қалады.

#### **8.7.8 Жерлеу қызметтеріне арналған автомобильдерге (катафалкаларға) қойылатын талаптар**

8.7.8.1 Қайтыс болғандарды тасымалдауға арналған және арнайы жабдықпен жасақталған автомобиль (көлік құралының белгісін А қосымшасында келтірілген халықаралық жіктеуге сәйкес тағайындауды сәйкестендіретін – «SA») автобустардың санаттарына қарай № 2 қосымшада КО ТР 018/2011 көрсетілген осы нормалардың

талаптарынан басқа, БҰҰ №№ 36-03, 52-01 және 107-03 немесе олармен үйлестірілген стандарттарға сәйкес келуі тиіс.

8.7.8.2 Көлік құралының құрастырылымға енгізілген өзгерістеріне сәйкестігі туралы куәлікте жолаушыларды коммерциялық тасымалдау үшін осындай көлік құралдарын пайдалануды шектеу туралы жазба жасалады.

8.7.8.3 Жерлеу қызметтеріне арналған автомобиль жерлеу қызметтерін көрсететін автомобильге пайдаланушылық құжаттамада көрсетілуі тиіс болатын жерлеу қызметтерін көрсеткеннен кейін салонды санитарлық өңдеу кезінде қосылатын (өңдеу кезінде салонда адамдар болмауы тиіс) бактерицидтік шаммен жасақталған болуы тиіс.

8.7.8.4 Арнайы жабдықтың элементтерінің құрастырылымы, типі, саны мен сипаттамалары (жүргізушінің кабинасымен қоршаулар, табытты тасымалдауға арналған тұғыр, қозғалмалы тұғыр немесе аунайтын тұғыр, бактерицидтік шам, салонды желдеткіш жүйесі немесе бактерицидтік ауаның қайта айналғыштары, салонды жарықтандыру құрылғысы және т.с.с.) және салонның ішінде қолданылатын материалдар мен жабындар Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау облысындағы уәкілетті органмен келісілген болуы тиіс.

8.7.8.5 Арнайы жабдықтың құрастырылымы мен бекіту элементтері жол қозғалысы қауіпсіздігінің облысындағы уәкілетті органмен келісілген болуы тиіс.

### **8.7.9 Рефрижератор-көлік құралдарына қойылатын талаптар**

8.7.9.1 Көлік құралдары (автомобильдер мен тіркемелер) рефрижераторлар КО ТР 018/2011 № 6 қосымшасының 1.23 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

8.7.9.2 Изотермиялық шанағы бар қабылданатын көлік құралдары изотермиялық қасиеттері бойынша рефрижераторларға қайта жабдықтауға тез бұзылатын тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдау туралы және осы тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімде (СПС) қабылданған үш санатқа сәйкес келуі тиіс [8], 1970 жылғы 1 қыркүйекте Женевада жасалған.:

- температура режимі +6 °С-салқындатылған өнімдер. Бұл санатқа сүт және кондитерлік өнімдер, сусындар, ет жартылай фабрикаттары, шұжық өнімдері, банкадағы уылдырық, көкөністер мен жемістер косметика, дәрі-дәрмектер және т. б. жатады.;

- температура режимі 0 °С-қатты салқындатылған өнімдер. Бұл санатқа Сұйық өнімдерден басқа, жоғарыда аталған көптеген өнімдер және басқалар жатады;

- минус 25 °С дейінгі температуралық режим-мұздатылған және терең мұздатылған өнімдер. Бұл категорияға балмұздақтың барлық түрлері, мұздатылған балық және ет, теңіз өнімдері, фармацевтикалық өнімдер үшін шикізат және басқалар жатады.

8.7.9.3 в көрсетілген санаттардағы жүктерді тасымалдау үшін изотермиялық шанақтар келесі талап етілетін жылу беру коэффициенттерімен тиісті сыныптарға жатқызылуы тиіс:

- А сыныбы (жылу беру коэффициенті  $K=0,7$  Вт/м<sup>2</sup>°С қалыпты жылу оқшаулағышы бар шанақ). Мұндай шанақтар ішкі температурасы 0-ден +7 °С дейінгі рефрижераторларға қайта жабдықтау үшін пайдаланылуы мүмкін;

- В және С сыныбы (жылу беру коэффициенті  $K=0,4$  Вт/м<sup>2</sup>°С күшейтілген жылу оқшаулағышы бар шанақ, артық емес). Мұндай шанақтар ішкі температурасы минус 20-дан минус 18 °С дейінгі рефрижераторларға арналған.

8.7.9.4 изотермиялық қасиеттерін растау үшін аккредиттелген сынақ зертханасында үлгі үлгіге сынақ жүргізіледі; көлік құралын дайындаушы жоғарыда көрсетілген сынақтар негізінде шығарылатын изотермиялық көлік құралдары сыналған үлгіге сәйкес келетінін куәландыратын сәйкестік туралы декларацияны қабылдайды және оны аккредиттелген ұйымда тіркейді.

8.7.9.5 сауда және тұрғын тіркемелер азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын сатуға

## ҚР СТ 1418-2018

арналған уақытша сауда нүктелерінің үй-жайларына қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарға қатысты Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген санитарлық нормалар мен ережелерді қанағаттандыруы тиіс.

8.7.9.6 рефрижераторларға қайта жабдықталған изотермиялық шанағы бар автомобильдің, тіркеменің немесе жартылай тіркеменің жүк көтергіштігі оларға орнатылған Тоңазытқыш қондырғылардың салмағына азайтылуы тиіс.

8.7.9.7 қайта жабдықталған автомобильдер, тіркемелер мен жартылай тіркемелер шанақтарының изотермиялық қасиеттері рефрижераторларға тасымалдау шарттары (тасымалданатын өнімнің температурасы, есіктерді ашу циклдерінің саны), температуралық режим, шанақтың ұзындығы немесе көлемі және жылу беру коэффициенті бойынша оларға Орнатылатын тоңазытқыш қондырғыларының параметрлеріне сәйкес келуі тиіс.

8.7.9.8 рефрижераторларға қайта жабдықталған автомобильдердің, тіркемелердің немесе жартылай тіркемелердің Тоңазытқыш қондырғыларында озон қабатын бұзатын заттар бойынша Монреаль хаттамасымен рұқсат етілген, құрамында фтор бар және хлоры жоқ озон бұзатын хладагенттер қолданылуы тиіс. Тоңазытқыш қондырғыларда қолданылатын салқындатқыштар жарылысқа қауіпсіз, тұтанбайтын және улы емес, таза күйінде де, сондай-ақ кез келген қатынаста ауамен қоспада да болуы тиіс.

8.7.9.9 қайта жабдықталған автомобильдерді, тіркемелерді немесе жартылай тіркемелерді рефрижераторларға, сондай-ақ тұрғын үй немесе жылжымалы сауда үшін қайта жабдықталған шанағы бар АҚТС 220-нан 380 В-қа дейінгі сыртқы электр желісіне қосу қолданыстағы "электр қондырғыларын орнату ережелері" талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

### **8.8 АМКҚ жолаушыларды тасымалдау үшін қайта жабдықтау (отырғызатын орындардың санын өзгерту)**

8.8.1 Автомобильдерге тек БҰҰ № 17-05На Ережелерінің талаптарына сәйкес сертификатталған орындықтарды ғана орнатуға рұқсат етіледі.

8.8.2 Орындықтар орнатуға (демонтаждауға), жатын орындары мен жүк бөліктерін ұйымдастыруға байланысты М1, М2, М3 санатындағы көлік құралдарының конструкциясына өзгерістер енгізуге, сондай-ақ М2 және М3 санатына ауыстыруға байланысты N1, N2, N3 санатындағы көлік құралдарын қайта жабдықтауға жол берілмейді.

М1 санаты үшін отырғызу орындарының санын азайтуға байланысты қайта жабдықтауға жол беріледі.

М1, М2 санаты үшін оларды N1, N2 санатына ауыстыруға байланысты қайта жабдықтауға жол беріледі.

N1, N2 және N3 санаттағы көлік құралдары үшін олардың шассиіне жолаушылар модулін (салонды, мысалы, вахталық бригадаларды тасымалдау үшін) орнату жолымен М2G және М3G санатындағы мамандандырылған жолаушылар көлік құралдарына қайта жабдықтауға жол беріледі. Бұл ретте қайта жабдықталатын автомобильдің сыйымдылығы (жүргізушінің жұмыс орнын қоса алғанда, отыратын орындардың рұқсат етілген саны) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$N = \frac{Pp.m.m. - Pс.а.}{75}, \quad (4)$$

мұнда Pp.m.m. – автомобильдің рұқсат етілетін барынша көп массасы; Pс.а. – жабдықталған автомобильдің массасы.

Бұл ретте жабдықталған автомобильдің массасына кіруі тиіс қосымша орнатылған

отырғыштар мен бекіту элементтерінің салмағын ескеру қажет.

8.8.3 Отырғыштарға арналған орындарды орналастыру жолаушылардың қауіпсіз және ыңғайлы отырғызу мен түсіруді қамтамасыз етуі тиіс.

8.8.4 Отырғыштарға арналған барлық орындар БҰҰ № 16-04 Ережелерінің талаптарына немесе олармен үйлестірілген стандарттарға сәйкес сертификатталған және таңбаланған қауіпсіздік белдіктерімен жасақталған болуы тиіс. Қауіпсіздік белдіктерін бекіту орындары және олардың орналасуы БҰҰ № 14-07 Ережелерінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

8.8.5 Отырғыштар мен өткелдерді орналастыру БҰҰ № 52-01 Ережелерінің талаптарына сәйкес келуі тиіс, егер отырғызатын орындардың саны 22 көп емес болса және отырғызатын орындардың көп саны үшін БҰҰ № 36-03 Ережелерінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

8.8.6 Отырғыштары өнеркәсіптік жасалған болуы және жолаушылар автокөлік құралдарына орнату үшін арналған болуы тиіс. Жоспарлауға талаптар және отырғыштардың мөлшерлері БҰҰ № 52-01 Ережелерінің талаптарына немесе БҰҰ № 36-03 Ережелерінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

8.8.7 Отырғыштарын шанақтың табанын күшейту элементтеріне бекіту өнеркәсіптік конструктивтік аналогтың отырғыштарын бекітуге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс және БҰҰ № 17-05 Ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

8.8.8 Отырғыштардың кронштейндерін бекіту жерлеріндегі автомобильдің едені күшейтіле түскен болуы тиіс (қапсырма, кронштейндер, табақтар).

8.8.10 Жолаушылар салонында БҰҰ № 43-00 Ережелері немесе олармен үйлестірілген стандарттар негізінде сәйкестігі расталған терезелер орнатылуы тиіс.

8.8.11 Авариялық шығулар (тезелер, есіктер, люктер) БҰҰ № 52-01 Ережелерінің немесе БҰҰ № 36-03 Ережелерінің талаптары бойынша автобустың санаты мен класына қарай жабдықталуы тиіс.

8.8.12 Авариялық шығулар көлік құралының сыртында да және ішінде де мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалған «Авариялық шығатын есік» жазбасымен белгіленуі тиіс.

8.8.13 Шанақ мөлшері кем дегенде 700x500 мм авариялық шығатын жерлер ретінде көзделген оның жан-жақтарында қарама-қарсы орналасқан терезелермен жасақталуы тиіс.

8.8.14 Жолаушылар есігі шанақтың сыртынан да және ішінен де ашылатын автомобильдің типтегі бекітпелермен жабдықталған болуы тиіс. Есік орнының аймағындағы көлік құралы БҰҰ № 52-01 немесе БҰҰ № 36-03 Ережелерінің талаптары бойынша тұтқалармен және баспалдақтармен жабдықталған болуы тиіс.

8.8.15 Өртке қарсы қорғаудың конструктивті шешімдері БҰҰ № 52-01 немесе БҰҰ № 36-03 Ережелерінің талаптары бойынша орындалуы тиіс.

8.8.16 Жолаушылар кіруге және шығуға арналған шанақтың есігінің мөлшері кем дегенде 650x1650 мм болуы тиіс.

8.8.17 Шанақ БҰҰ № 48-03 Ережелерінің талаптары бойынша фугонның алдыңғы бөлігінде ақ түсті және артқы бөлігінде қызыл түсті сыртқы үстіңгі габариттік фонарьлармен жасақталған болуы тиіс.

8.8.18 Көлік құралы шанағының құрастырылымы адамдарды тасымалдауға арналған құрастырылымға өзгерістер енгізген кезде отырғызудың қолайлылығы үшін тұтқалар мен баспалдақтар орнату мүмкіндігі көзделуі тиіс.

8.8.19 Жолаушылар салонының ішкі қаптамасы, еденінің жабыны, жарықтандыруы, желдеткіші, қыздыруы және жүргізумен байланысы болуы тиіс.

8.8.20 Автомобиль-фургондарды аз орындықты автобустарға қайта жабдықтау кезінде жоспарлау, отырғыштардың мөлшерлері, шанақтың қауіпсіздігіне талаптар БҰҰ

№ 52-01 Ережелерінің талаптарына сәйкес келуі қажет.

8.8.21 Жолаушылар салоны бүйірлік терезелермен жабдықталған болуы тиіс. Олар БҰҰ № 43-00 Ережелерінің талаптарына немесе олармен үйлестірілген стандарттарға сәйкес сертификатталған және таңбаланған болуы тиіс.

### **8.9 АМКҚ артқан сыйымдылықтағы отын бактарын орнату**

8.9.1 Жүк автомобильдерін өндірушілермен келісім бойынша немесе Қазақстан Республикасында қолданылатын тиісті нормативтік құжаттама бойынша БҰҰ № 34-01 Ережелерінің талаптарына немесе олармен үйлестірілген стандарттарға сәйкестігіне сертификатталған 600 л көп емес көлемімен артқан сыйымдылығы бар отын бактарын орнатуға рұқсат етіледі. М2 және М3 санаттарының көлік құралдары үшін отын бактарының сәйкестігі БҰҰ №№ 36-03, 52-01 және 107-03 Ережелердің немесе олармен үйлестірілген стандарттардың негізінде расталады.

8.9.2 Қосымша отын бактарыкөлік құралын әзірлеушімен көзделген орындарға орнатылуы және конструкция, саны және көлік құралының немесе өнеркәсіптік конструктивтік аналогтың бекіткіш элементтерінің қолданылатын материалдары бойынша ұқсас бекіткіш элементтермен бекітілуі тиіс.

8.9.3 Раманы жөндеумен отын бағын отын бағының кронштейндерін бекітуге ауыстыруға рұқсат етіледі. Отын бағының кронштейндерін қойылатын элементтер арқылы рамаға бекітуге рұқсат етіледі, бұл ретте отын бағы отын бағының кронштейндеріне жанасып тұруы қажет. Отын бағы және оның құйылатын мойыны автокөлік құралы шанағының габаритінен шығып тұрмауы тиіс.

8.9.4 Құбыр желілерін түзеу кезінде құбыр желілерінің көлденең қимасының түрі мен алаңын өзгертуге тыйым салынады. Штаттық жүйедегі жеткізудің және негізгі құйылыс тесігі құбырларының ішкі диаметрі 12 мм. Сондай-ақ құбыр желілерінің материалдарына қойылатын талаптарды орындау қажет. Құбыр желілері қызуға сезімтал және қыздырылатын бөліктерге 200 мм жақын немесе оларды жылу экрандарынан қорғау үшін пайдаланған кезде 100 мм жақын орналастырылмауы тиіс. Құбыр желілерінде жарылулар болмауы тиіс. Құбыр желілері міндетті түрде бекітілген болуы тиіс. Рама бөлшектерінің үшкір жиектері бар құбыр желілерінің болуы мүмкін зиянды контактілерінің жерлерінде құбыр желілері шиыршық лентамен оқшауланған болуы тиіс.

8.9.5 Қосымша магистральдың герметикалылығын қамтамасыз еткен жағдайда отынның қатқыл тазалау (бітеуішін тартып алу) сүзгісінің қосымша тесігінен отынды тартуды жүзеге асыруға рұқсат етіледі. Отынды негізгі магистральға құйып алуды құйып алғыш магистральдың өтетін қимасының тарылмайтын жалғастырғыштың көмегімен орындауға рұқсат етіледі.

8.9.6 Артқан сыйымдылықтағы отын бактарын тіркемелер мен жартылай тіркемелерге орнатқан кезде оларды ГОСТ 3163 сәйкес тартқыштың бағына отынды механикаландырылған қайта айдау құралдарымен қамтамасыз ету қажет.

8.9.7 Көлік құралдарына қолдан жасалған отын бактарын және оларды автокөлік құралы рамасының лонжерондарына бекіту тораптарын орнатуға тыйым салынады.

8.9.8 Артқан сыйымдылықтағы отын бактары автокөлік құралдарын әзірлеушімен көзделген типтік сызбас бойынша ІЖҚ қуат алу жүйесіне қосылуы тиіс.

8.9.9 Артқан сыйымдылықтағы отын бактарын орнату кезінде Қазақстан Республикасындағы қолданыста болатын тиісті нормативтік және техникалық құжаттамамен көзделмеген автокөлік құралдарының құрамды бөлшектерін ауыстыруға рұқсат етілмейді.

8.9.10 Тіркемелерде және жартылай тіркемелерде орнатылған отын бактарының құбыр желілерімен тартқыштың ІЖҚ қуат алу жүйесін жалғап қосуға тыйым салынады.

**8.10 Автокөлік құралдарының құрастырылымына оларды автомобиль-тартқыштарға қайта жабдықтауға өзгерістер енгізу**

8.10.1 Борттық және өзі аударғыш шанақтар мен цистерналардың орнына соған қатысты көлік құралы типінің құрамына сәйкестігін бағалау жүргізілген ерші тіркегіш құрылғыны орнатқан кезде ерші тіркегіш құрылғылармен жабдықталған модификациялар енгізілген болуы тиіс.

Көлік құралының құрастырылымына өзгерістер енгізген кезде көрсетілген құрылғылар қолданылады.

8.10.2 Құрастырылымға өзгерістер енгізу үшін жартылай тіркеменің рұқсат етілетін барынша көп массасынан оларға келетін жүктемелерге байланысты БҰҰ № 55-01 Ережелеріне немесе олармен үйлестірілген стандарттарға немесе ГОСТ 28247 сәйкес сертификатталған стандартты ерші-тіркегіш құрылғылар қолданылуы тиіс.

8.10.3 Ер-тоқым құрылғысын автомобильдің рамасында тиісінше бекітілген рама үстіндегіде ғана монтаждауға рұқсат етіледі. Ер-тоқым құрылғысын рама үстіндегіге бекіту элементтері және олардың саны ер-тоқым құрылғысын әзірлеушімен белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Рама үстіндегінің бекіту элементтері мен олардың саны автомобильдің жылжусыз, барынша көп тездету (баяулату) кезіндегі бойлық және көлденең бағыттарда ер-тоқым құрылғысының жүктелген толық массасымен ұстап тұруды қамтамасыз етуі тиіс. Үстіңгі раманың бекіту элементтері қозғалмайтын болуы тиіс.

8.10.4 Автомобильдің артқы мостына қатысты ер-тоқым құрылғысының орналасуы көлік құралын әзірлеушімен белгіленген талаптарға сәйкес келуі және тартқыш пен жартылай тіркеменің шүберін білігінің айналасында көлденең жазықтықта екі жағынан кем дегенде 90° бұрылысын қамтамасыз етуі тиіс.

8.10.5 Ер-тоқым құрылғысы жартылай тіркеме мен тартқышты тіркегеннен кейін жартылай тіркеменің шүберінің автоматтық түрде оқшаулау ды қамтамасыз етуі тиіс. Қоршаудан шығару ер-тоқым құрылғысында тұруы тиіс арнайы тетіктің көмегімен жүргізілуі тиіс.

8.10.6 ГОСТ 12105 бойынша ер-тоқым тартқыштарына қайта жабдықталған автокөлік құралдарының тұтастыратын мөлшерлері және массалық параметрлері өнеркәсіптік конструктивтік аналогқа сәйкес келуі тиіс.

8.10.7 Артқы сыртқы жарық бергіш аспаптардың және көлік құралының артқы мемлекеттік тіркеу белгісіне жарық түсіретін аспаптарды орналастыратын жерлер және орнату БҰҰ № 48-03 Ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

8.10.8 Тартқышта электр жабдықтарын және жартылай тіркеменің тежегіш жүйелерін қосу үшін ажырайтын біріктіргіштер орнатылған болуы тиіс.

8.10.9 Ершікті тартқыштардың ершікті-тіркегіш құрылғыларының құлыпы тіркелген соң автоматты түрде жабылуы тиіс. Ершікті-тіркегіш құрылғының қолмен және автоматты түрде блоктауы тартқыш пен жартылай тіркеменің өздігінен болатын тіркеуінің ағытылуын болдырмауы тиіс. Тіркейтін шквореннің, шкворень, тірек тақта, тартқыш ілмек ұясының, тартқыш-тіркегіш құрылғы шарының деформациялары, үзілулері, сызаттары мен басқа да көзге көрінетін зақымдары, сызаттар, қираулар, соның ішінде жергілікті, немесе тіркегіш құрылғылар бөлшектерінің және олардың бекітулерінің жоқ болуы рұқсат етілмейді.

8.10.10 Бір білікті тіркемелер (тарқатулардан басқа) және жұмыс тежегіш жүйесімен жабдықталмаған тіркемелер жұмысқа қабілеттілігі бар сақтандырғыш икемқұралдармен жабдықталған (шынжырлармен, сымарқандармен) жабдықталуы тиіс. Сақтандырғыш шынжырлардың (сымарқандардың) ұзындығы оқ ағаштың тіркеу тұзағының жол бетімен түйіспесін болдырмауы және сонымен бірге тартқыш-тіркегіш құрылғының үзілу (сыну) жағдайында тіркемені басқаруды қамтамасыз етуі тиіс.

## ҚР СТ 1418-2018

Кониктің айналдыратын шеңбері (ершікті-тіркегіш құрылғылардың тағайындалуы бойынша ұқсас) әрдайым рама үстіндегінің үстіне орнатылады. Шеңбердің айналу орталығының артқы біліктің ортасынан орналастыру тек білікке ұйғарынды жүктемелер мен қолайлы жүріс сипаттамаларын қамтамасыз ету кезінде ғана рұқсат етіледі.

8.10.11 Тіркемелер (бір біліктіден және тарқатулардан басқа) оқ ағаштың тіркейтін тұзағын тартқышпен ілініспе мен ағыттықты жеңілдететін күйде ұстап тұратын құрылғымен жабдықталуы тиіс.

8.10.12 Тіркеменің олардың тіркеме симметриясының бойлай орталық жазықтығына қатысты күйін бұзатын тіркейтін тұзағы немесе оқ ағаштың деформациялары, үзілулері, сызаттары мен басқа да көзге көрінетін зақымдарына жол берілмейді.

8.10.12 Оқ ағаштың тіркемеге бұранды қосылыстары мен бекітілу орнықтыруының, тіркейтін тұзақтың оқ ағашқа, реактивтік штангалар шкворендері мен сомындарының босатылуына жол берілмейді.

Оқ ағаш білігінің сомыны шегіне жеткенше бұралуы және сіргеленуі тиіс.

Оқ ағаштың тіркейтін тұзағының бекітілу сомыны шегіне жеткенше бұралуы және құлыпты тығырықпен және сомынмен орнықтырылуы тиіс.

Шүберіннің тоқтатқыш тығырықтары шегіне жеткенше бұралған сомынды орнықтыруы тиіс.

8.10.13 Тіркемемен тіркелген тартқыш үшін тартқыш ашасы бар саңылаусыз тартқыш- тіркегіш құрылғыларда бойлай люфтке жол берілмейді.

8.10.14 Жеңіл автомобильдердің тартқыш-тіркегіш құрылғылары саңылаусыз тіркеуді қамтамасыз етуі тиіс.

Өздігінен болатын ағыттыққа жол берілмейді.

8.10.15 Техникалық тұрғыдан ұйғарында ең жоғары массасы 40 т дейінгі жартылай тіркемелердің тіркегіш құрылғыларының диаметрі атаулыдан бастап 50,9 мм-ге тең, 48,3 мм құрайтын шекті ұйғарындыға дейінгі шегінде болуы, ал тіркегіш құрылғылар қармағыштарының жұмыс беттерінің көп ішкі диаметрі – тиісінше, 50,8-ден 55 мм дейін болуы тиіс.

8.10.16 Техникалық тұрғыдан ұйғарында ең жоғары массасы 55 т дейінгі сыналы құлып бар жартылай тіркемелердің тіркегіш құрылғыларының тіркейтін шкворенінің диаметрі 50 мм-ге тең атаулыдан бастап, 40 мм құрайтын шекті ұйғарындыға дейінгі шегінде болуы, ал техникалық тұрғыдан ұйғарынды ең жоғары массасы 55 т дейінгі жартылай тіркемелердің диаметрі- 89,1 мм-ге тең атаулыдан бастап, 86,6 мм құрайтын шекті ұйғарындыға дейінгі шегінде болуы тиіс.

8.10.17 Тартқыштың бойлай жазықтықта өлшенген «ілімек-тұзақ» тартқыш-тіркегіш жүйесінің тартқыш ілімек ашасының диаметрі 48,0 мм құрайтын ең аз шегінде 53,0 мм тең шекті ұйғарындыға дейін болуы, ал тіркейтін тұзақтың шыбықша қимасының ең аз диаметрі тиісінше, 43,9 мм-ден 36 мм дейін болуы тиіс.

8.10.18 Тартқыштың тартқыш ашасы бар тартқыш-тіркегіш құрылғылардың типтік өлшемі 40 мм шквореннің диаметрі атаулыдан 40 мм құрайтын шегінде 36,2 мм тең ең аз ұйғарындыға дейін болуы, ал типтік өлшемі 50 мм шквореннің диаметрі атаулыдан 50 мм құрайтын шегінде, 47,2 мм тең ең аз ұйғарындыға дейін болуы тиіс. Тіркеме оқ ағашының типтік өлшемі 40 мм ауыстырмалы салғысының диаметрі атаулыдан 40 мм құрайтын шегінде, 41,6 мм шекті ұйғарындыға дейін, ал типтік өлшемі 50 мм ауыстырмалы салғысының – 50 мм құрайтын атаулыдан бастап 51,6 мм тең шекті ұйғарындыға дейін болуы тиіс.

8.10.19 Жеңіл автомобильдердің тартқыш-тіркегіш құрылғылары шарының диаметрі 50,0 мм тең атаулыдан бастап, ең аз ұйғарынды 49,6 мм құрайтын ең аз ұйғарындыға дейінгі шегінде болуы тиіс.



8.10.20 Автомобильдердегі ершікті-тіркегіш құрылғылары қондырғыларының ығысуы автомобилдің тиісті ұйғарынды бөліп өлшегішпен сақтап, барлық кіретін бөлшектері мен құрылмалық өзгерістерінсіз бекіткіштерінің сақталуымен жүргізілсін.

8.10.21 Ершікті-тіркегіш құрылғыларын орнату үшін 7.6.7 талаптарын сақтап, шасси рамасының артқы мандайшасын орнатумен артқы асылмасын барынша қысқарту және жүргізуші кабинасының артында тежеуіш магистралінің қосқыш бастиектер мен тіркеменің электр қуатының ұясын орнату қажет.

8.10.22 Кәбілдер мен қысымды құбырлардың сымдар жүйесі қандай да болсын керілістерсіз, сынуларсыз немесе автомобиль бұрылыстары мен қозғалысына байланысты үйкелген жерлерсіз жүзеге асырылады. Іске қосылудан соң тіркемеде/жартылай тіркемеде тұтынушылардың жұмыс істеуін тексеру қажет.

8.10.23 Тежеуіш жүйесінің магистралдарында тек қана автоматты қосқыш бастиектер пайдаланылсын.

8.10.24 Магистральдардың шамақ бөлшектеріне үйкелген жерлеріне жол берілмейді.


### 8.11 Бір білікті тіркемелерді екі біліктілерге, екі біліктілерді – үш біліктілерге қайта жабдықтау

8.11.1 Қайта жабдықталған жартылай тіркемелердің рұқсат етілген ең жоғары массасы тартқыштардың ершікті-тіркегіш құрылғыларына ұйғарынды жүктемелер және платформа жүктемесінің бір қалыптылығы шарты кезінде тіркеменің негізгі өлшемдерімен (базамен, ұзындықпен, платформамен, алдыңғы және артқы асылмамен) айқындалатын өнеркәсіптік құрылмалық аналогтар тіркемелерінің білікті жүктемелері бойынша орнатылуы тиіс.

Сонымен бірге жартылай тіркеменің және құрамында жартылай тіркемесі бар автопойыздың рұқсат етілген ең жоғары массасы, білікті жүктемелері, габариттік ұзындығы дайындаушымен және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілермен белгіленген мағыналардан аспауы тиіс.

8.11.2 Жартылай тіркемелер рамасын ұзарту дайындаушының рамаларын ұзартудың типтік технологиясы немесе Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құжаттамасы бойынша немесе тиісті өнеркәсіптік құрылмалық аналогтың рамасымен алмастыру есебінен жүргізіледі.

8.11.3 Алдыңғы асылманы ұзарту тіркеменің алдыңғы бөлігі габаритінің радиусы осымен бірге жартылай тіркеменің бұрылыс кезінде кабинадан кейін орналасқан тартқыш жабдықтамасына жанасуы болмайтындай етіп, тартқыштың алдыңғы бөлігінің ішкі радиусының, 10-суретте көрсетілген өлшемнен кем болмауға тиісті өлшемге дейін рұқсат етіледі.



$R_1$  – жартылай тіркеменің алдыңғы габаритінің радиусы;  $R_2$  – сүйрегіштің алдыңғы бөлігінің ішкі

радиусы;  
 Р – жартылай тіркеме шүберін осімен үйлескен ер-сүйрегіш тартқыш құрылғысының ортасы;  $L$  – жартылай тіркеменің алдыңғы құламасы.

**10-сурет**

8.11.4 Қайтадан жабдықтылған жартылай тіркесінің артқы еңкейгені жартылай тіркесінің тұғырында жүгін массасын бірқалыпты таралуын шартынан және рауалы жүктеме ер - сүйреушінің тіркейтін құрылғысы анықталуы керек.

8.11.5 Қайта жабдықталған жартылай тіркемелерді ұзарту  $L_5$  рұқсат етілетін өлшемнен аспауға тиіс, 13-суретте көрсетілгендей метрмен көрсетіледі және мына формуламен есептеледі


$$L_5 = L - \left[ (L_2 + L_1' + L_1'') - \left( \frac{L_1''}{2} + L_3 \right) \right] + L_4 \quad (5)$$

мұнда  $L$  – автопоездің артқы рұқсат етілетін габаритті ұзындығы, м;  $L_2$  – анықтамалық деректер бойынша сүйрегіштің алдыңғы құлама, м;

$L_1' + L_1''$  – ақпараттық деректер бойынша үшқұламалы сүйрегіш базасы, м;

$L_3$  – тіркеме ер-сүйреуіш тіркейтін құрылғы ортасының жылжуы, м;

$L_4$  – базалық жартылай тіркеменің алдыңғы құламасы, м.



**11-сурет**

8.11.6 Қайта жабдықталған жартылай тіркемені 500 мм-ден көп ұзарту кезінде жартылай тіркеме рамасының лонжерондері мен платформасының таңғыштары құрылмалары техникалық құжаттаманы әзірлеушісімен беріктікке арналған тиісті есеппен айқындалатын элементтермен нығайтылуы тиіс.

8.11.7 Раманы нығайту жартылай тіркеменің тірек құрылғылары мен білігі (арбаның алдыңғы білігі) арасында орналасқан ферма түрінде орындауға және оны ферма қаңқасын табақ болатпен қосымша сыртынан қаптаудан және оны қайырма қысқартармен жабдықтаған соң жүк бөлігі ретінде пайдалануға рұқсат етіледі.

8.11.8 Қосымша біліктерді орнатқан кезде олардың параметрлері мен өлшемдері жартылай тіркемелерге - ГОСТ 14650 өнеркәсіптік құрылмалық аналогтарға, доңғалақтары

– ГОСТ 10409-ға сәйкес болуы қажет.

8.11.9 Жартылай тіркемелерді екі немесе үш біліктілерге қайта жабдықтау барысында қосымша біліктерді орнату үшін рұқсат етілген ең жоғары массасына сәйкес келетін жартылай тіркемелердің сериямен шығарылатын үлгілерінің үш білікті арбаларының ең аз білік арасындағы арақашықтарды сақтау шарты кезінде, жартылай эллиптикалық серіппегіштердегі теңгергіш аспаны, ұқсас серіппегіштердегі қосымша

біліктің тәуелсіз қондырғысын немесе пневмоаспаны пайдалану қажет.

8.11.10 Қосымша біліктердің шиналары бейінінің пішіні, габариттер бойынша, құрылма, протектор суретінің белгілеуі және климаттық атқарымы бойынша ГОСТ 5513-ке және базалық жартылай тіркемелерге сәйкес болуы тиіс.

8.11.11 ГОСТ 3163 талаптарына сәйкес қайта жабдықталған жартылай тіркемелердің барлық доңғалақтары тежеуіш тетіктермен жасақталуы тиіс.

8.11.12 Қайта жабдықталған жартылай тіркемелердің пневматикалық жетегі базалық жартылай тіркемелердің жетегіне және ГОСТ 4364-ке сәйкес болуы тиіс.

8.11.13 Ұзартылған жартылай тіркеме БҰҰ № 48-03 Ережелері бойынша бүйір жарыққайтарғыштардың қосымша санымен қосымша жабдықталуы тиіс.

8.11.14 Қайта жабдықталған жартылай тіркеменің тоқталысты тежеуіш жүйесінің жетегі екі білікті жартылай тіркеменің екеуіне және үш білікті жартылай тіркеменің үшеуінің екеуіне пайдаланылу жағдайларында тексерістер барысында КО ТР 018/2011 - де көрсетілген тиімділікпен әсер етуі тиіс.

8.11.15 Қосымша осьтер негізгі жартылай тіркемелерге екі осьті  $(L_2 + L_2^{II})$  және үш осьті  $(L_2 + L_2^{II} + L_3^{III})$  жартылай тіркемелер базасы 12 м аспайтындай етіп орнатылуы тиіс.

Примечание – Буквенные обозначения соответствуют ГОСТ 22748.

8.11.16 8.16.16 шарттарын сақтау және автопоезды қайта жабдықталған жартылай тіркеменің құрамында кіру жолының ені 10 м болған кезде  $90^\circ$  - қа бұру кезінде шығу жолының ені 8,5 м-ден аспауы тиіс.

### 8.12 Тіркемелерді жартылай тіркемелерге қайта жабдықтау

8.12.1 Базалық принциптерді ұзарту кезінде талаптар сақталуы тиіс (8.12.1-8.12.16)

8.12.2 Алдыңғы бөлігінде қабылданған алдыңғы ілгектің арақашықтығында (8.12.3 қараңыз) тіркеменің бұрылыс шеңберінің қашықтағы жоғарғы жиегінің орнына типі мен негізгі өлшемдері ГОСТ 12017 сәйкес келуі тиіс шкворень орнатылуы тиіс.

8.12.3 Базалық тіркеменің платформасына шкворенді орнату кезінде шкворень білігінің ауытқуы тіркеменің платформасы симметриясы білігінен  $\pm 2$  мм құруы қажет.


8.12.4 Жұмыс тежеуіш жүйенің пневматикалық жетегінің типі мен оны оның біріктіруші элементтері қайта жабдықталған автокөлік құралын тіркеп сүйреу үшін арналған тартқыштың жетегі мен біріктіруші элементтеріне сәйкес болуы тиіс.

Тоқталысты тежеуіштің жетегі өзгеріссіз қолданылуы тиіс.

8.12.5 Қайта жабдықталған жартылай тіркеменің электр жабдығы ГОСТ 3940-қа сәйкес болуы тиіс.

### 8.13 Переоборудование полуприцепов в прицепы

8.13.1 Жартылай тіркемелерді тіркемелерге қайта жабдықтау барысында тартқыш-тіркегіш (тіркейтін тұзағы бар оқ ағаштың) және бұрама құрылғысының өлшемдері мен орналасуы автопойыздың бұрылысы кезінде тартқыш пен тіркеменің арасындағы қашықтық 14-суретте көрсетілгендегідей болуға тиіс және бұл ретте ауыстыру кезінде сүйрететін автомобильмен тіркемеге қатысты болған жоқ.



12-сурет

## ҚР СТ 1418-2018

8.13.2 Айналыратын шеңбердің үстінгі құрамасын орнату және стандарттық бекіткіш бұйымдармен бекіту кезінде білігінің базалық жартылай тіркеменің платформасы симметриясының бойлай білігінен ауытқуы  $\pm 2$  мм шегінде болуы тиіс.

8.13.3 Базалық жартылай тіркемелерді ұзарту кезінде 8.11.1; 8.11.2; 8.11.4; 8.11.6; 8.11.8-8.11.14 талаптары сақталуы тиіс.

8.13.4 Жартылай тіркемелердің пневматикалық жетегінің типін өзгеріссіз сақтау кезінде оның біріктіруші бастиектерін олардың ұқсас тіркемелерде бекітілу типі бойынша иілгіш шлангілерге, ал штепсель розеткасын ГОСТ 9200 бойынша біріктіргіш кәбіл арқылы орнату қажет.

8.13.5 Базалық жартылай тіркемеге оқ ағаштың ГОСТ 2349 талаптарына сәйкес біріктіргіш тұзағы бар болуы тиіс.

8.13.6 Айналыратын шеңбері бар бұрылу арбасы сериялық тіркеменің алдыңғы білікке жүктемелер бойынша сәйкес келетін үлгі бойынша дайындалуы тиіс немесе тежеуіштер жетегінің тораптары мен аспаптарымен бірге тиісті тіркемеден қолданылуы тиіс.

8.13.7 Тіркеме тежеуіштерінің пневматикалық жетегі бар бұрылу арбасының тораптары мен аспаптарының қосылысы дайындаушылардың типтік сұлбасы мен «Пайдалану жөніндегі нұсқаулық» бойынша орындалуы тиіс.

### **8.14 Жолжүк бөліктерін, құрал-саймандық жәшіктерді және қосалқы доңғалақтарды орнату**

8.14.1 Жүк автомобилдері мен оларға тіркемелерге, өнеркәсіптік құрылымалық аналогы бар болған кезде, стандарттық үлгідегі көлік құралының рама лонжерондары арасында және рама лонжерондары бойы жолжүк бөлігін, құрал-саймандық жәшіктерді және қосалқы доңғалақтарға арналған себеттерді орнатуға рұқсат етіледі.

Олардың өлшемдері орнатылған орны, бекіту тәсілі мен ерекшеліктері – жұмыстардың өндірушісімен белгіленген тәртіпте бекітілетін құрылымалық-технологиялық құжаттамасында көрсетіледі.

Жолжүк бөлігінің ұзындығы көлік құралының рамасына байланысты, мысалы, 12-метрлік жатылай тіркемеде жолжүк бөлігінің ұзындығы 2,6 м тең, 14-метрлікте – 4,5 м; бөліктің ені раманың еніне тең (2,35 м); есік маңындағы ішкі кеңістіктің биіктігі 0,84 м тең, оның тереңдігі 0,5 м дейін азаяды.

Көлік құралында әрбір жағынан жолжүк бөлігі жалпы бүйір құрылғымен бекітілетін екі немесе үш есігі бар болуы тиіс.

Көлік құралының білігі бойынша жолжүк бөлігі оң және сол жартыға арақабырғамен бөлінуі мүмкін.

Барлық есіктер үстіне қарай ашылуы және ашық күйде тіреуіштермен бекітілуі тиіс. Жолжүк бөлігінің қаңқасы көлік құралы рамасының қосымша нығайтқышы ретінде пайдаға асуы тиіс.

Көлік құралына жолжүк бөлігін орнату барысында жұмыстарды жүргізудің реттілігі мен шарттары жұмыстар өндірушісінің құрылымалық-технологиялық құжаттаманың талаптарымен реттеледі.

8.14.2 Жүк автомобилдері мен оларға тіркемелер үшін стандарттық үлгідегі көлік құралы рамасының лонжерондары арасында және рамасы лонжерондары бойы зауытта дайындалған құрал-саймандық жәшіктері мен қосалқы доңғалақтарға арналған себеттерді орнатуға рұқсат етіледі.

Олардың өлшемдері, орнатылған орны, бекітілу тәсілі мен ерекшеліктері – жұмыстардың өндірушісімен белгіленген тәртіпте бекітілетін құрылымалық-технологиялық құжаттамасында көрсетіледі.

8.14.3 Көлік құралы рамасының лонжерондарына жолжүк бөлігін, құрал-

саймандық жәшіктерді немесе қосалқы доңғалақтарға арналған себеттерді бекіту элементі ретінде пісіруді пайдалануға тыйым салынады.

Пісірудің ұйғарынды жерлері мен пісіру тәсілі – жұмыстар өндірушісінің құрылмалық-технологиялық құжаттамасында келтірілген.

8.14.4 Көлік құралына орнатылатын бұйымдар толымды, техникалық тұрғыдан жарамды және өнеркәсіптік құрылмалық аналогқа қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

### **8.15 Басқару органдары оң жақта орналасқан автомобилдерді қайта жабдықтау**

8.15.1 Қайта жабдықтауға дайындаушымен басқару органдары сол жақта орналасқан автомобильдердің Еуропалық нұсқасын орнатуға бейімделген басқару органдары оң жақта орналасқан автомобилдерге рұқсат етіледі.

8.15.2 Базалық автомобильде басқару органдары сол жақта орналасқан өнеркәсіптік конструктивті аналогы бар болуы тиіс.

8.15.3 Автомобильді сол жақты басқару органдарына қайта жабдықтау кезінде автомобильді басқарудың оң жақты органдары мен мынадай бұйымдар бөлшектеуге жатады:

- автомобильдің негізгі тежеу жүйесімен басқару органдары (педаль, вакуумды күшейткіш, басты тежегіш цилиндрі);

- автомобильді рульдік басқару (рульдік механизмі және рульдік жетегі бар рульдік бағанасы);

- ілінісу педальінің жетегі;

- акселератор педальінің жетегі;

- автомобиль басқару тақтасы;

- фарасы және алыс және жақын жарық (құрама);

- аспаптар панелінің астында орналасқан кондиционер (ол болған жағдайда) мен жылытқыштың тораптары мен бөлшектері;

- зат салатын жәшік.

8.15.4 Өнеркәсіптік конструктивті аналогтан жоғарыда көрсетілген тораптар мен бөлшектердің іріктеп алынған жиынтықты немесе оның түрленулерін дайындаушымен автомобилдің Еуропалық нұсқасы үшін қарастырылған жерлерде орнатылады.

8.15.5 Оң жақтан басқарылатын қайта жабдықталған автомобильдерде жақын және алыс жарық шамдарын орнату бұрыштарынан басқа, дайындаушымен қайта жабдықталуға жататын, оң жақтан басқарылатын автомобильдер үшін белгіленген параметрлері мен сипаттамалары бар болуы тиіс.

8.15.6 Базалық автомобилдің жақын және алыс жарық фаралары басқару органдары сол жақта орналасқан өнеркәсіптік құрылмалық аналогтарға арналған бір типтік фараларға ауыстырылуы тиіс.

8.15.7 Қайта жабдықталған автомобилдің руль басқаруының негізгі параметрлері дайындаушының басқару органдары сол жақта орналасқан бір аттас үлгісінің

автомобильдеріне арналған техникалық, пайдаланушылық немесе жөндеу құжаттамасында келтірілген параметрлерге сәйкес келуі тиіс.

8.15.8 Автомобильге демонтаж жасалғанның орнына орнатылатын басқару органдары сол жақта орналастырылған автомобилдің осы үлгісі үшін дайындаушымен қарастырылған тізбемен қарастырылған бұйымдардың жиынтығы сәйкестік сертификаты бар болуы тиіс. Осымен бірге тежеуіш жүйесі, меңгерікпен басқаруы және сыртқы жарық аспаптары элементтерінің құрылмасына олардың сол жақты басқару үшін бейімдеу мақсатында өзгерістерді енгізуге рұқсат етілмейді.

8.15.9 Белсенді қауіпсіздікті сипаттайтын қасиеттер келесі талаптарға сәйкес

## ҚР СТ 1418-2018

болуы тиіс:

- жүргізуші орнынан шолу-БҰҰ № 125 00 ережелері;
- сигнал беру, жарықтандыру-базалық автомобиль жасаушы орнатқан;
- жүргізушінің жұмыс орнының эргономикалық жағдайы-ГОСТ 24350 және негізгі автомобиль жасаушы орнатқан;
- жарықтандыру және сигнал беру (жарық және дыбыс)-базалық автомобильдің даярлаушысымен орнатылған;
- маневрлік, басқарылу-базалық автомобиль дайындаушы белгілеген;
- рульдік басқарудағы жиынтық люфт КО ТР 018/2011 талаптары бойынша 10° аспауы тиіс. Руль дөңгелегін бұрған кезде күштің өзгеруі оның бұрылу бұрышының барлық диапазонында тегіс болуы тиіс;
- тежегіш сапасы-КО ТР 018/2011 пайдалану жағдайында тексеру үшін;

8.15.10 Қайта жабдықталған автомобилдердің пассивті қауіпсіздігін сипаттайтын қасиеттері келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс.

- қауіпсіздік белдіктердің бекітіген жерлері – БҰҰ № 14-07 талаптарына;
- жүргізушінің автомобильдегі бар меңгерік доңғалақпен қақтығысудан қорғау компоненттері құрылмаға өзгерістер енгізілгенге дейін өзінің жұмысқа қабілеттілігін сақтауы тиіс;
- жүргізуші мен жолаушылардың жарақаттанушылығын азайтуға бағытталған іс-шаралар - базалық автомобильдің дайындаушысымен қарастырылған;
- апаттан кейінгі қауіпсіздік (дәрікұтымен және өртсөндіргішпен қамтылу, зардап шеккен жолаушыларды эвакуациялау мүмкіндігі) – базалық автомобильдің дайындаушысымен белгіленген.

8.15.11 Экологиялық қауіпсіздік — Базалық автомобильдегі ІЖҚ-тың пайдаланылған газдардағы улылық деңгейі (көміртектотығы және бензин және газ ІЖҚ көмірсутектері, дизельді және газды-дизельді ІЖҚ), шу мен діріл деңгейі, сәулелену деңгейі және т.б. пайдалану жағдайларында тексеру үшін КО ТР 018/2011 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

8.15.12 Сол жақты басқаруға арналған құрамды бөліктері дайындаушымен әзірленген автомобиль шанағының жерлерінде құрастыру технологиясымен қарастырылғандарға орнатылуы тиіс.

8.15.13 Сол жақты басқару кезінде аяқпен басқару органдарының орналасуы ГОСТ 24350-ге сәйкес болуы тиіс.

8.15.14 Басқару органдарының құрастырма бірліктері мен бөлшектерін бекіту және бекіткіш бұйымдарды орнықтыру ГОСТ 1759.0 сәйкес болған жағдайда базалық автомобильде дайындаушымен қолданылғандарға сәйкес болуы тиіс.

Бекіткіш бұйымдарды тартып қысу сәттері базалық автомобильді дайындаушысымен белгіленгендерге сәйкес болуы тиіс. Бекіткіш бұйымдардың (бұрандардың, бұрамалардың және сомындардың) сапасы ГОСТ 1759.0 сәйкес болуы тиіс.

8.15.15 Монтаж бен техникалық пайдаланушылыққа қойылған талаптарды сақтау кезінде автомобильдің басқару органдары бұйымдарының белгіленген жиынтығының сенімділігі дайындаушымен белгіленген нормативтік құжаттамасынан төмен болмауы тиіс.

### **8.16 Автомобилдердің жол саңылауын азайту**

8.16.1 Құрылмаға жол саңылауының азаюына байланысты енгізілген өзгерістерден кейін алдыңғы доңғалақтар аспасының нұсқаушы параметрлері: доңғалақты қирауы, шүберін білігінің көлденең және бойлық (кастор) бұрыштары, доңғалақтарды жүргізіп жаттықтырудың және қосылу иіні ГОСТ 31507 талаптарына сәйкес басқарылатын

доңғалақтарды және меңгерік доңғалақтың меңгерік басқаруды бұрылыстан соң қозғалыс кезінде бейтарап күйге қайтаратын, тұрақтылығы мен басқарылуды қайтаратын меңгерік басқаруды тұрақтандырудың штатты функцияларының жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ететін шекте тұруы тиіс.

8.16.2 Аспанның құрылмасына жол саңылауының азаюына байланысты енгізілген өзгерістерден кейін тежеуіш және меңгерік басқаруда, сонымен қатар автомобильдің жолда басқарылуы мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін элементтерде сертификатталмаған жиынтықтаушы бұйымдарды қолдануға рұқсат етілмейді.

8.16.3 Барлық диапазонда доңғалақтың жүрісіне – доңғалақты аркалардың, бамперлердің және т.б. беттері кедергі болмауы тиіс.

### **8.17 Жолтабанды кеңейту**

8.17.1 Күпшек пен дөңгелек арасына қондырма орнату арқылы жолды кеңейту немесе өндіруші тарапынан қайта жабдықталған автокөліктің дөңгелек дискін орнатуға қатысты пайдалану құжаттамасы тежегіш тартпа құрылымды машинаны жүргізіп жаттықтыру жөніндегі белгілер ережесіне сәйкес келуі керек. Егер төселту иінінің ұлғаюына әкелетін болса, не тежегіш тартпа сұлбасы қиғаш сызба бойынша қосылса, сонымен қатар өндірушілер тарапынан рөлді басқару бұрыштық қаттылығы (икемділігі) көлікті тежеу кезінде дөңгелектердің тоғысуына бағытталған жағдайда қазықтарды көбейтуге жол берілмейді.

8.17.2 Жолды кеңейту кезінде автокөлік құралының мықтылығы ГОСТ 31507 мемлекеттік стандартына сәйкес келуі керек.

8.17.3 Егер жолды кеңейтуге байланысты құрастырылымға өзгерістер енгізгеннен кейін шинаның бүйір жағы дөңгелек аркалардың сыртқы жиегіне шығатын болса, онда дөңгелектердің шалпытдатып шашыратпауы (суды, лай батпақты) үшін КО ТР 018/2011 талаптарға сәйкес қорғанышты қамтамасыз ету қажет. Дөңгелектердің шалпытдатуынан қорғау мақсатында БҰҰ № 26-02 Ережесі талаптарына сәйкес келетін дөңгелек аркасының сыртқы бүйір жағына иілгіш, икемді және қауіпсіздік элементтерін құруға, сонымен қатар дөңгелек арқаға пластикалық қаптама орнатуға рұқсат етіледі.

### **8.18 Көліктердің өткізгіштік параметрін көтеруге, сенімділігіне, дербестілігіне және оның шанағы мен агрегатын пайдалану кезінде зақымдануынан қорғауға бағытталатын құрылымына өзгерістер енгізу**

8.18.1 Өткізгіштік параметрін арттыру мақсатында осы стандарттың А қосымшасында белгіленген төменде көрсетілген MG және NG санаттарының автокөлік құрылымына өзгерістер енгізу іске асырылды:

- дифференциалды шектеудің қосымша механизмімен (артқы және алдыңғы білік ретінде) немесе балама қызмет механизмімен жабдықтау;

- білік арасындағы және астындағы жол сәулесі;

- кіру, келу бұрышы және өткіштік бойламасы.

8.18.2 Сондай-ақ, автокөліктің өткіштігіне әсер ететін сипаттамасы мен қасиеттеріне өзгерістер енгізуге болады:

- тар аяқ өткелде жүре алу;

- ІЖҚ-да (іштен жану қозғалтқыштары) ауа алу жүйесінің шаң тартқыштығын азайту;

- автокөлік аспасын көбейту;

- әр түрлі жабындыда дөңгелек шинасының тіркесу коэффициенті;

- кептеліс болған жағдайда автокөліктің өзін-өзі суырып алып шығу қабілеті.

8.18.3 Автокөлікті пайдалану дербестігін арттыру мақсатында MG және NG санаттарының автокөлік құрылымына өзгеріс енгізу:

## ҚР СТ 1418-2018

- май құюға дейінгі аралықта жүріс қорын арттыру;
- экспедициялық жүксалғыштармен және жабдықтармен жарақтандыру.

8.18.4 Автокөлік шанағы мен агрегатын пайдалану кезінде зақымданбауын қамтамасыз ету мақсатында MG және NG санаттарының автокөлік құрылымына өзгерістер енгізу – ДЖҚ (іштен жану қозғалтқыштары) картер, трансмиссиялар (беріліс қорабы, тарату қорабы, балок көпір) және т.б. сияқты қорғаныс элементтерін орнату.

8.18.5 Кез келген типтегі дифференциалды кілттеу тетігін орнату кезінде (автокөлік жүргенде олардың қосылуын қоспағанда) ол қауіпсіздік құралдарымен жабдықталған болуы керек.

8.18.6 Геометриялық өткізгіштік параметрін арттыру - жол ортасы мен төменгі белдіктің сәулеленуі, кету, келу бұрышы, үлестік өткізгіштікпен аспа жүрісін арттыру төмендегі есеп негізінде іске асырылады:

- аспаны ұзақ жолға немесе жүк тасуға жарамды аспаға ауыстыру немесе иілгіш элементтер қосу: тәуелді аспалар үшін – рессор, серіппе, амортизаторлар, иінтірек, көлденең тұрақтылықтың реактивті тартылысы, тәуелсіз аспалар үшін – серіппе, торсиондар, амортизаторлар, белдік үстінде шанақты көтеретін иінтірек (аспалы саты/Suspension Lift);

- қондырма орнату немесе иілгіш және тіреуіш элементтерді ауыстыру. Автокөлік рамасына шанақ кронштейнін бекіту. Ол рама үстіне шанақты (шанақ саты/body lift) көтеруді қамтамасыз етеді;

- диаметрі үлкейтілген дөңгелек орнату.

8.18.7 Аспа құрастырылымына өзгерістер енгізу кезінде орнатылған аспа параметрлерінің алдыңғы дөңгелектері: бұрылыстағы қозғалыстан кейін басқарылушы дөңгелек пен меңгерік дөңгелекті нейтральды қалпына қайтаратын, меңгерікті тұрақты штаттық қызметтің жұмыс істегіштік қабілетімен қамтамасыз ететін тұрақтылығы мен басқару қызметі ГОСТ 31507 мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес келетін дөңгелектердің шашылуының, кіндік белдікке көлбеуленген көлденең және ұзына бойлы бұрыштың (кастор), жүргізіп жаттықтыру иінінің, дөңгелектердің тоғысуының шегі болуы керек. Сонымен қоса, тежегіш жүйесінің жұмыс тиімділігі № 8 КО ТР 018/2011 Қосымшаның талаптарына сәйкес қамтылған болуы керек. Кез келген өзгерістер кезінде шасси бөлшектерінің орын ауыстыруы және оның жүрісінің барлық диапазонында аспаның салдарынан олардың қауіпті тартылуын және үзілуін болдырмайтын тежегіш шлангілердің жеткілікті ұзындығын қамтамасыз ету керек.

8.18.8 Панара күшін бекіту ережесін өзгерту немесе ұзарту, ауыстыру жолдары арқылы Панара күшімен жабдықталған артқы тәуелді салпыншақтар да, көлденең тұрғыда жол саңылауын үлкейту нәтижесінде көпірді жылжыту жағдайындағы штаттық орынға дейін түзетілген болуы керек.

Осыған қарамастан қолданылған құрамдас өнімдер өздерінің беріктілігі мен сенімділігін, жұмыс істеу тиімділігін жоғалтпауы тиіс.

Лифтовкадан кейін өзгеріске ұшыраған көлденең статикалық тұрақтылықтың өтемі үшін автокөлік қазықтарын көбейту кезінде 8.17.1 талаптар сақталған болуы керек.

8.18.9 Алдыңғы және/немесе артқы біліктердегі салпыншақтардың түрлерін (серіппелі солқылдақ темір және керісінше, серіппелі торсион және т.б.) жүріс бөлігіндегі құрылымдарын (тәуелсіз салпыншаққа тәуелді және керісінше) өзгерту, құрастырылымға өзгерістер енгізу кезінде требованиями ГОСТ 31507 талаптарына сәйкес келетін өнеркәсіптік конструктивтік аналог бар болуы және құрамды бөліктер мен компоненттерді қолдану арқылы тежегіш жүйесін, басқару тұтқасын меңгеру жұмыстарының параметрлері мен тиімділігі сақталуы, сонымен қоса орнықтылық пен басқарылушылық көрсеткіштері болуы керек.

8.18.10 Салпыншақ түрін, жүріс бөлігін өзгерткенде, трансмиссия элементтерін



ауыстырғанда (берілу және тарату қорабы), лифтте бұрышты кардан білігінің жақсы жұмыс істеуі және жасап шығарушылар жіберетін нұсқамалар немесе олардың ауыстырылымға бейімделуі 7.21 талаптарына сәйкес келуі керек.

8.18.11 Салпыншақтардың құрылымына өзгерістер енгізу кезінде тежегіш пен меңгерікті басқаруда, сонымен қатар автокөліктің жолда беріктілігі мен басқарылуын қамтамасыз ететін сертификатталмаған құрамдас өнімдер мен элементтерді пайдалануға жол берілмейді.

8.18.12 Рама үстіне шанақты көтеру кезінде рама мен шанақтың арасындағы қашықтықты 50 мм аспайтын бірлікте өзгертуге рұқсат етіледі.

8.18.13 Үлкейтілген диаметрлі доңғалақтарды стандартты түрдегі протектор суреті арқылы бекітуге болады. Ол пайдалану болжанған автокөліктің тиімділігін және оның жамылғылармен ілінісуін қамтамасыз етеді.

Бұл жағдайда доңғалақ дискілері стандартты типтік өлшемді пайдалануы шарт. Үлкейтілген диаметрлі доңғалақтың барлық жүріс диапазонында шанақ бөлшегі – (доңғалақ аркасының беті, бамперлер және т.б.) кедергі жасамауы керек.

Трансмиссияларлардың беріліс саны мен негізгі берілулер күпшектерде, оймакілтекті (шлиц) жарты осьтерді қосуда, тең бұрыштық жылдамдықтардағы топсаларда қауіпті кернеулер пайда болуына жол бермей, үлкейтілген диаметрлі доңғалақтардың айналуын қамтамасыз етуге тиісті және ол негізді есептермен расталуы керек.

Үлкейтілген диаметрлі доңғалақты орнату кезінде тахометрдің, одометр мен спидометрдің көрсетуіне түзету енгізілген болуы тиіс.

Дөңгелектердің шалпылдатуынан қорғау мақсатында БҰҰ № 26-02 Ережелерінің талаптарына сәйкес келетін (әр тараптың ені 100 мм аспауы керек) дөңгелек аркасының сыртқы бүйір жағына иілгіш, икемді және қауіпсіздік элементтерін құруға, сонымен қатар дөңгелек арқаға пластикалық қаптама орнатуға рұқсат етіледі.

8.18.14 Үлкен диаметрлі дөңгелектерді штаттық немесе пысықталған қосалқы дөңгелектің кронштейндеріне орнату кезінде:

- БҰҰ № 48-03 ережелерінің ұйғарымдарына сәйкес артқы жарық құралдарының (габариттік оттар, тежеу сигналдары, бұрылу көрсеткіштері) тік және көлденең бұрыштарға көрінуі;

- пайдалану процесінде пайда болатын жүктемелерді ескере отырып, олардың механикалық беріктігі қамтамасыз етілуі тиіс.

Штаттық құралдардың орнына қайталанатын жарық аспаптарын орнатуға жол берілмейді.

8.18.15 Автокөлік аспасы мен басқарылушы доңғалақтың бұрылыс бұрышындағы жүрісін көзделген конструкциямен қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар автокөліктің кіру мен келу бұрышын арттыру және жолсыз жерлерде пайдалану кезінде механикалық зақымданудан автокөлік шанағын қорғау үшін төмендегідей қондырғыны орналастыруға рұқсат етіледі:

- алдыңғы бампер штаттық бамперге қарағанда мықты сипаттамалы, көлік құралдарының нақты модельдері мен маркалары үшін сертификатталған.

Бұл бампер электрлік шығырмен (жүк көтергішпен) жабдықталуы мүмкін;

- артқы бампер штаттық бамперге қарағанда мықты сипаттамалы, көлік құралдарының нақты модельдері мен маркалары үшін сертификатталған.

Бұл бампер электрлік шығырмен (жүк көтергішпен) жабдықталуы мүмкін;

- штаттық басқышқа қарағанда берік әрі үдетпелі сипаттағы, автокөліктің шанағы мен рамасына күш элементі арқылы бекітілген басқыш;

Штаттықпен бірге орнатылған конструкция және бампер орындалуы № 26-02 БҰҰ Ережесінің және № 42-00 БҰҰ Ережесінің немесе олармен үйлестірілген стандарттың

## ҚР СТ 1418-2018

талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Дөңгелектелген қауіпті радиусты сыртқы дөңес жерлер бамперге жіберілмейді.

Артқы бамперлерде тіркемелер мен жүкшығырларды тіркеп сүйреу үшін дөңгелек қорының бір немесе екі кронштейнін және тарту-тіркеу қондырғыларын орнатуға болады. Дегенмен, көлік құралының габариттік ені үлкеймеуі керек. Дөңгелек қорындағы кронштейндердің бампермен топсалы қосылысы артқы есік арқылы шанақтың жүк қоятын бөлігіне жол ашуды қамтамасыз етуі және пайдалану кезінде олардың өздігінен ашылуына жол бермейтін сенімді бекіткіш құрылғысы болуы керек.

8.18.16 Ауыр жолсыздықтан өту кезінде автомобильдің өзін-өзі шығару мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін, рама/шанақтың лонжерондарына бекітілген арнайы дайындалған алаңға алдыңғы бампердің ішкі кеңістігінде автомобильдің борттық желісінен, аккумуляторлық батареядан тікелей қуат алатын электр шығырын орнатуға жол беріледі.

Орнатылған шығыр және оның элементтері бағыттаушы құрылғы роликтерінің шамасына қарағанда автомобильдің алдыңғы габаритінен шығып тұрмауы тиіс, ал оның жүк көтергіштігі жоғары автомобильдің массасына сәйкес келуі тиіс.

Орнатылған шығырдың қосылу схемасы мен жұмысы автомобильдің электр жабдығы құрылғыларының жұмыс істеуін бұзбауы тиіс.

Шығырды орнатуға арналған алаңның, кронштейндердің және бұрандалы қосылыстардың беріктігі шығырдың ең жоғары тартқыш күшіне жеткенде олардың деформациясын болдырмау үшін жеткілікті болуы тиіс.


Шығырды орнату орны ілінісу ауыстырып қосқышына, оның температурасын бақылау үшін электр қозғалтқышына және арқанды төсеуді бақылау үшін барабанға ыңғайлы кіруді қамтамасыз етуі тиіс.

Шығырдан басқару блогына дейінгі, сондай-ақ басқару блогынан аккумуляторлық батареяға дейінгі электр сымдары олардың оқшаулағышының бүлінуі және онда жоғалу пайда болу мүмкіндігін болдырмайтындай етіп төселуі тиіс.

8.18.17 ДЖҚ-да (іштен жану қозғалтқыштары) ауа алу жүйесіндегі шаң өткізгіштікті азайту және автокөлік жасап шығарушылар ескергеннен де басқа үлкен су бөгеттерін/тосқауылдарды жеңу үшін ауа беру жүйесінде корпустармен немесе ауа сүзгіш ауа өткізіштермен шноркельдің герметикалық байланысын қамтамасыз ететін ауа алғыш (шноркельді) орнатуға жол беріледі.

БҰҰ № 26-02 Ережесінің талаптары бойынша орнатылған шноркельдің сыртқы шошақ радиустары белгілі бір шектеуде болуы керек. Жүргізуші орнымен шноркельді орнату кезінде шолу нашарламауы керек. БҰҰ № 125-00 Ережесінің талаптары бойынша көзге көрінерлік бұрыш өз мөлшерінде болуы керек.

Шноркель базалық автомобильдің алдыңғы терезесінің тіректерімен құрылатын көрінбейтін аймақтың көлемін ұлғайтқан жағдайда, қайта жабдықталған автомобильдің жүргізуші орнынан шолу көрсеткіштері бойынша талаптарға сәйкестігін растау үшін ҚР СТ ИСО 6549 бойынша Н-нүктесін анықтау үшін көлемді тетікті пайдалана отырып, стандартты әдістеме (БҰҰ № 125 ережесін қараңыз) қолданған жөн (13-суретті қараңыз).



**13-сурет-Н-нүктесін анықтауға арналған көлемді механизм**

8.18.18 Трансмиссияны агрегаттық гидрооқшаулаумен қамтамасыз ету үшін (берілу қорабының картері, таратылатын қорап, көпірлер) су бөгеттері/өткелдері арқылы қажетті деңгейге шығарылған құбырлар (жоғары рамалар, капот кеңістігі, ауа алғыш/шноркель және т.б.) көмегімен тыныс клапандарына ауаны жеткізуге болады. Ауа өткізгіш шноркель, жоғары деңгейлі рама, капоттық кеңістік және т.б. ортақ құбырлардың өткізгішімен ұшайыр, жалғастықтар арқылы трубкаларды қосуға болады.

Құбырларды қосу металл қамыттармен жасалған болуы тиіс, олар клапандардың, ұшайырлар мен жалғастықтар корпусынан тайғанауын болдырмайды, сонымен қоса олардың рамаға және шанақтың басқа да қимылсыз бөліктеріне немесе қозғалыстан не жылытылмалы элементтерден алыстағы жүріс бөліктеріне пластик қамыттармен бекітуге болмайды. Құбыр түбіне шаңнан қорғағыш сүзгі орнатуға болады, ол құбырдан ауаның еркін шығуына кедергі жасамауы тиіс.

8.18.19 БҰҰ № 34-01 Ережесі бойынша қосымша сертификатталған немесе осы стандарттың 7.3-тарауының талаптарын сақтай отырып, жанармай бактары стандарттары үйлестірілген құрылғы орнатуға болады. Бактар сызба бойынша бекітіліп, жасап шығарушылар тарапынан ұйғарылған тіреу элементтері қолданылуы керек.

8.18.20 Әр түрлі жамылғыларда шинаның ілінісу ұтымдылық коэффициентін таңдау үшін шиналарда ауа қысымын реттеуге қойылған жүйе тығыз бекітілген (бітелген) болуы тиіс.

8.18.21 Автокөлікті пайдалану кезінде агрегаттар мен автокөлік желісін қорғау үшін төмендегі құрылғыларды орнатуға жол берілді:

## ҚР СТ 1418-2018

- табақ металдан ІЖҚ қартерін қосымша қорғау;
- табақ металдан қартердің берілу қорабын қосымша қорғау.

Қосымша қорғау элементтері ІЖҚ қартерінің желдеткішіне, берілу және тарату қораптарына қажетті осьтердің астындағы жол саңылаулары шегінде болуы тиіс және есепке алумен өзара орын ауыстырулар салпыншақтардың жөнді жұмыс істеуіне кедергі келтіруі керек.

8.18.22 Автокөлік төбесіне жеңіл көлемді жүктерді тасымалдауға арналған жүк салғыш орнатуға рұқсат етіледі және дөңгелек қорына қажеттілік болып қалған жағдайда арнайы бекіткіш кронштейн қарастырылған болуы керек.

Жүк салғыштың құрылымы мен оны орнату жолы, автокөлікті қолдану нұсқаулығы ГОСТ 30551 мемлекеттік стандарттың талаптарына сәйкес келуі керек. Автокөлік төбесіндегі жүксалғышқа қол жеткізу үшін саты орнатуға рұқсат етіледі.

Автомобильдің төбесінде жүк салғышқа қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін автомобильдің артқы есігіне бекітілген баспалдақты орнатуға жол беріледі.

8.18.23 Жоғарыда орнатылған деталдар, оның құрылымдық элементтері бола алмайтын (8.18.20) жабдық заттар, сонымен қоса басқалар, мысалы тұтқалар, күнқағарлар және т.б. 3,2 мм кем емес қисықтық радиусы орнату керек. Одан басқа, бөліктердің ені олардың төменгі шошағына бағытталған шамадан аз болмауы тиіс; бұл бөлік альтернативтік нұсқа ретінде БҰҰ № 26-02 Ережесі 4-қосымшасының ұйғарымдарымен сәйкестікте энергия шашу қабілеттілігіне өткізілген сынаққа шыдауы керек.

**8.19 Мүмкіндігі шектеулі жандар автокөлікті басқаруға бейімделуі мақсатында олардың құрастырылымына өзгерістер енгізілген М1 және N1 санаттарының көлік құралдарына қойылатын талаптар.**

8.19.1 Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған көлік құралдарда автоматтық трансмиссиясы, антиблокадалы тежегіш жүйесі мен бейімделген басқару органдары болуы керек.

8.19.2 Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған көлік құралдарға қатысты КО ТР 018/2011 талаптардың барлығы және осы санаттағы көлік құралының стандарттары да қолданылады. Тежегіш жүйесінің тиімділігіне байланысты талаптардың ерекшеліктері 8.19.3. тармақта көрсетілген.

8.19.3 Қызметтегі және қордағы тежегіш жүйесін жандандыру тиімділігін тексеру кезінде қызметтегі тежегіш жүйесінің қолмен басқару органы 65 Н кем емес және 275 Н көп емес болуы керек. Оған қоса басқару органының жұмыс істеу барысы жүргізушіден алшақ болуы керек.

Қолмен басқару органының шамасын күшейткенде тежелудің сағатына кемінде 80 шаршы метр жылдамдығымен қосымша сынақтар жүргізілген болуы және қолмен басқару органын қарқындандыру кезінде 275 Н асырмай, тежегіштің тиімділігі бойынша барынша көп бастапқы жылдамдықты анықтауы керек. Бұл жылдамдық жүргізушілерге көлік құралының барынша көп жылдамдығы ретінде ұсынылуы керек.

Көлік құралдарын пайдалану жөніндегі басшылықта басқару органының жұмыс істеп тұрған тежегіш жүйесіне байланысты барынша көп жылдамдықты асыруға жол берілмейтіндігі туралы ескертпе енгізуі керек. Онда мүмкіндігі шектеулі жүргізуші болмауы да мүмкін.

8.19.4 Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға бейімделген басқару органдары:

8.19.4.1 Көлік құралының салонына және жүргізушінің жұмыс орнына қол жетімділікті қамтамасыз ету керек;

8.19.4.2 Жеке бір жүргізушіге жеке-дара бейімделуі үшін реттеу мүмкіндігі болуы керек;

8.19.4.3 Жарақат қауіпсіздігі бойынша талаптар БҰҰ № 12-03 және № 21-01 Ережелеріне сәйкес болуы керек;

8.19.4.4 Басқару әрекеті кезінде бірнеше басқару органын бір уақытта басқарғанда олар бір-біріне кедергі жасамауы керек;

8.19.4.5 Штаттық басқару органының (бар болған жағдайда) көмегімен көлік құралдарды басқару кезінде кедергі болмауы керек;

8.19.4.6 Көлік құралдарының басқа да басқару органдарын қолдану жетімділігі мен оңтайлылығы нашарламауы керек.

8.19.5 Басқару органдарының жұмыс барысы жүргізуші басқару әрекетіне барған кезде жұмыс қалпының өзгермеуін қамтамасыз етуі керек.

8.19.6 Басқару органының жетегі элементтер мен жетектері айтарлықтай өзгеріске ұшырамаған басқару органдары қозғалысының сенімді таралуын және айқасуы, қарқындылық пен траекториялары люфтсіз өзгеріске ұшырауын қамтамасыз етуі керек.

8.19.7 Көлік құралының қозғалыс жылдамдығы қолмен басқару органдарында 35 Н күштен аспауы тиіс.

## **8.20 Мототехника құрастырылымына өзгерістер енгізу**

8.20.1 Бір сарынды қуат агрегаттары ауысымының, қуаттылық пен жұмыс істеу көлемі 20 % аспайтын цилиндрдің болмауына байланысты мототехника (мопедтер, мотоциклдер, квадрициклдер, скутерлер, қар кескіштер және т.б.) құрастырылымына өзгерістер енгізуге болмайды.

8.20.2 Бір типті өнімдерде мототехника рамасы мен салпыншағын ауыстыруға болады. Бұл жағдайда осы стандарттың 7.5.2-тармағының талаптары ескерілген болуы керек.

8.20.3 Мототехника рамасын жөндеу-қалпына келтіру (дәнекерлеу) жұмыстары жүргізілмейді.

8.20.4 Мотоцикл (трицикл, квадрицикл, мопед, снегоход және басқасы) үшін тыйым салынады:

- қолдан жасалған немесе маркалы және моделді раманы орнату;
- рама құрастырылымына өзгеріс енгізу;
- қолмен жасалған алдыңғы түйрегішті орнату;
- тежегіш жабдықпен жинақтағы алдыңғы түйреуішті немесе артқы дөңгелекті ауыстырудан басқа, тежегіш жабдыққа өзгеріс енгізу;
- мотоциклдың сол жағынан колясканы орнату;
- автомобиль дөңгелектерін орнату;
- қолдан жасалған рульді орнату;
- қолдан жасалған орындықты орнату;
- қолдан жасалған немесе қайта жабдықталған бәсеңдеткіш және пайдаланылған құбырларды орнату;
- руль геометриясын өлшейді;
- басқару құрылғысының орналасуын өзгертусіз аяққа арналған тіректің орналауын өзгерту.

## **8.21 АМКҚ жарықтандыру және сигнализация құрастырылымына өзгерістер енгізу**

8.21.1 Жарықтандыру және жарық арқылы сигнализация орнату көзделген көлік құралдарына БҰҰ Ережесі бойынша оларға жарық және жарық арқылы сигнализация орнатуға, жарық көздерін қолдануға болатындығы туралы ресими бекітілген хабарлама немесе көрсетілген БҰҰ Ережелерімен сәйкестігі туралы аккредиттелген сынақ зертханасының қорытындысы (тұжырымдамасы) берілуі керек.

8.21.2 Көзделген көлік құралының құрастырылымындағы жарық көздерін

## ҚР СТ 1418-2018

ауыстыру ауыстырылып жатқан жарық көзіне сәйкес келетін жарық модулімен немесе құрама фарамен ғана ауыстырылуы мүмкін.

8.21.3 Егер штаттық емес жарық модулін ең өтетін шоқ сәуле аймағында шоқ сәуле құруға қатысушы оптикалық элементтері бар жарықтандырушы шашыратқыш болған жағдайда штаттық емес жарық модуль орнатуға рұқсат етілмейді.

8.21.4 Жарық көзінің класын өзгерткен жағдайда қолданылған тиісті фаралар мен жарық көздері, ауыстырылған жарық көзі мен сәуле модульдерінің фотометрикалық параметрлері БҰҰ Ережелерімен сәйкестігі туралы аккредитациялық сынақ зертханасының қорытындысымен (тұжырымдамасы) сай келуі керек.

8.21.5 Осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келу мақсатында шоқ сәуле фарасын түзетуге бағытталған оптикалық элементтер орнатылған жағдайда БҰҰ Ережелерінің талаптарына сәйкес фаралардың фотометрикалық параметрлері тексеріледі.

8.21.6 Көлік құралдарының құрастырылымына сай келмейтін жарықтандыру мен сәуле сигнализациясын орнату және фара құрастырылымын өзгерту (ондағы сәуле көзінің санатын өзгерту) БҰҰ №№ 48-03, 53-01, 74-01 Ережелерінің және № 3 қосымшадағы 1 тармақтың талаптарына сәйкес (көлік құралының категориясын ескере отырып) орындалуы керек.

8.21.7 Санаты бойынша көлік құралдарын пайдалану құжаттамасында көрсетілген нұсқаулыққа сай келмейтін жарық көзін орнату кезінде немесе фаралардың бастапқы құрастырылымына қосымша элементтерді орнату қажеттілігі кезінде немесе көлік құралының электрондық схемасына өзгерістер енгізу қажеттілігі жағдайында көлік құралдарының құрастырылымына өзгерістер енгізуге қатысты ТР ТС 0182011 ережесінің орындалуы тексеріледі.

Тексеріс барысында БҰҰ Ережесіне сәйкес көлік құралдарын пайдалану бойынша осы фараларға қатысты қолданылған ақпараттарды, сонымен қатар көлік құралының конструкциясына енгізілген өзгерістердің қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәлікті де белгілеп (таңбалап) отыру керек.

8.21.8 Көлік құралдарының шамдарында ресми бекітілмеген ауысымды жарық көзіндерін немесе өндірушілер тарапынан орнатылған пайдалану құжаттамасына сай келмейтін жарық көзінің класын, цоколін, қуаттылығын, жарық температурасын, сонымен қатар жарық модуліне жарық көзін орнату кезінде бір кластан басқа класқа ауысатын жарық көзінің цоколін қолдануға жол берілмейді.

8.21.9 Көлік құралдарының жарықтандыру аспаптарында ауысымды О және Н кластағы жарық көзін (галогенді қызу шамы) қолданған жағдайда, олар БҰҰ № 37-03 Ережесіне немесе олармен үйлестірілген стандарттармен сәйкес сертификатталған болуы керек.

Көлік құралдарының жарықтандыру аспаптарында ауысымды D кластағы жарық көзін (газ разрядты шам) қолданған кезде, олар төмендегі мәнді цоколь типін қоса отырып, БҰҰ № 99-00 Ережесіне сай келуі керек:

«DxR» (x орнына – 1- 4 сандар) шамда линзасыз жарық модулімен «DxS» (x орнына – 1- 4 сандар) шамда линзалы жарық модулімен.

Шамда пайдаланылған газ разрядты жарық сәулесі БҰҰ Ережесінің талаптарына № 98-01 сәйке сертификатталған болуы керек.

8.21.10 Көлік құралында қарастырылған конструкцияның болмауына, сонымен қоса көлік құралының құрастырылымына өзгерістер енгізу кезінде шамды тазалау және шамның еңкіш бұрышын автоматтық түзету үшін орнатылған құрылғыларының жұмысқа жарамсыздығына жол берілмейді.

Ескертпе – № 48-03 БҰҰ Ережесіне сәйкес фараларды тазалау үшін 2000 люменнен астам номинальды сәуле легіне ие жарық көздері бар жақын сәулелі фаралар топтастырылады. Фаралардың

көлбеу бұрышының автоматтық түзетушілік құрылғысымен LED класының жарық көзімен жақын жарықтың шамдарына, пайдаланылатын жарық көзіне, сондай-ақ 2000 люменнен асатын атаулы жарық ағыны бар кез келген кластың жарық көздері бар тұманға қарсы шамдарына жақын жарықтың функциясын орындайтын алдыңғы жарықтандырудың адаптивтік жүйесі жинақталады. D1R, D2R, D3R, D4R, D1S, D2S, D3S, D4S санаттарының аусымдық газразрядтық жарық көздері және H9, H9B, HIR1 санаттарының 2000 люменмен аса атаулы жарық ағыны бар қыздырудың галогендік шамдары болады.

## **8.22 Спутниктік навигация аппаратурасымен жарактандыруға, шұғыл жедел қызметтерді шақыру жүйесін немесе құрылғысын орнатуға қатысты көлік құралдарына қойылатын талаптар**

8.22.1 Спутниктік навигация аппаратурасымен, шұғыл қызметтерді шақыру жүйесімен немесе құрылғыларымен жарактандыру КО ТР 018/20011 талаптарына сәйкес жүргізіледі.

8.22.2 БҰҰ № 94 және 95 ережелерін қолдану саласына кіретін және БҰҰ № 95 ережелерін қолдану саласына кіретін N1 санаттағы көлік құралдары сынақтарды қамтитын (фронтальды және бүйірлік соқтығысудан кейін жұмыс істеуін тексеру) сәйкестікті бағалау ерекшелігіне байланысты көлік құралын дайындау сатысында белгіленеді және оның үлгісі көлік құралының/шассидің типін мақұлдаудың «көлік құралының жабдығы» алабында көрсетіледі.

Көлік құралын дайындаушымен келісім бойынша шұғыл жедел қызметтерді шақыру жүйесін жүйе құрамында КО ТР 018/2011 бойынша сәйкестікті бағалаудан өткен типке жататын көлік құралдарына жүйені дайындаушымен шарттық қатынастары бар сервистік орталықтар белгілей алады, бұл ретте шұғыл жедел қызметтерді шақыру жүйесі 8.22.3.1-8.22.3.7, сондай-ақ КО ТР 018/2011 № 10 қосымшасының 118-тармағының талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

8.22.3 Шұғыл жедел қызметтерді шақыру құрылғысымен Көлік құралдарын жарактандыру

8.22.3.1 8.22.3.1 БҰҰ № 94 және 95, N1 ережелерінің қолданылу аясына кірмейтін, БҰҰ № 95, M2, M3, N2 және N3 ережелерінің қолданылу аясына кірмейтін M1 санатындағы көлік құралдары (техникалық рұқсат етілген ең жоғары массасы 2500 кг астам және ең төмен орындық "R" бақылау нүктесі 700 мм жоғары), сондай-ақ [5] сәйкес жолаушылар мен багажды және қауіпті жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатын пайдаланудағы көлік құралдары, КО ТР 018/2011 № 10 қосымшасының 118-тармағының талаптарына сәйкес келеді.

8.22.3.2 Шұғыл жедел қызметтерді шақыру құрылғысы:

– шұғыл шақыру кнопкасын басқаннан кейін көлік құралы, оның ағымдағы орналасқан жері, бағыты және қозғалыс жылдамдығы туралы хабарламаны беру (ГОСТ Р 55533, ГОСТ Р 55534 бойынша расталады), ал 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап - көлік құралы аударылғанда автоматты түрде;

- мобильді радиотелефондық байланыс желісі арқылы шұғыл жедел қызметтермен екі жақты дауысты байланыс (көлік құралының кабинасында «жасанды ауыз» және «жасанды құлақ» құрылғысын қолдана отырып, ГОСТ 55531 әдістері бойынша дауыс зорайтқыш байланыс сапасын субъективті және объективті сынақтармен расталады (7.1-тармақты қоспағанда).);

8.22.3.3 Шұғыл жедел қызметтерді шақыру кнопкасы жүргізуші орнынан тікелей көріну аймағында және алдында отырған жолаушының-ерлердің 50-процентивті деңгейдегі репрезентативтер<sup>1)</sup> тұрған жерде орнатылуы тиіс (егер көлік құралының конструкциясы алдында отырған жолаушының жүргізуші орнының жанында болуын көздесе) және олардың қауіпсіздік белдігін ажыратпай шақыру кнопкаларының қол жетімділігін қамтамасыз етеді.

8.22.3.4 Шұғыл жедел қызметтерді шақыру түймесі механикалық тәсілмен әдейі

## ҚР СТ 1418-2018

емес басудан қорғалуы тиіс.

8.22.3.5 Шұғыл жедел қызметтерді шақыру түймесі жарықтандырумен қамтамасыз етілуі тиіс.

8.22.3.6 Тұрақты (жанбайтын) жарықты қызыл түсті құрылғы жай – күйінің оптикалық индикаторы, оның ішінде тәуліктің жарық уақытында көрінетін жүргізуші орнынан және алдында отырған репрезентативтіліктің 50-процентативті деңгейіндегі ер жолаушыдан тікелей көріну деңгейінде орналастырылады.

Көрсетілген индикатор қосылады:

- көлік құралының электр жабдығына электр энергиясын беру кезінде қысқа мерзімді (3-тен 10 секундқа дейін) оталдыру қосқышын (іске қосу қосқышын) «қосулы» күйіне ауыстыру кезінде (жұмыс жағдайы);

- 8.22.3.2 талаптарын орындауға мүмкіндік бермейтін жүйеде ақаулық пайда болған (болған) кезде және «қосулы» (жұмыс жағдайында) жағдайында оталдыру қосқышы (қосу қосқышы) болған кезде ақаулық болған барлық уақыт ішінде қосылған болып қалады.

Көрсетілген талаптарды қанағаттандыратын оптикалық индикатордың болмауына, көлік құралының электр жабдығына электр энергиясын әрбір беру кезінде құрылғының жарамдылығын растау мүмкіндігі қамтамасыз етілген жағдайда, оталдыру қосқышын (іске қосу қосқышын) басқа оптикалық индикаторды пайдалану арқылы «қосулы» (жұмыс жағдайына) күйіне ауыстырғанда, сондай-ақ аспаптар комбинациясына құрылғының ақауы туралы мәтіндік хабарлама шығарғанда жол беріледі., қосу қосқышы «қосулы» (жұмыс жағдайында) жағдайында болған кезде ақаулық болған барлық уақыт ішінде сақталады.

8.22.3.7 Шұғыл жедел қызметтерді шақыру түймесі мен құрылғының күй индикаторында оларды сәйкестендіретін таңбалар болуы тиіс. Құрылғының күй көрсеткіші шұғыл жедел қызметтерді шақыру түймесімен конструктивті үйлесуі мүмкін.

8.22.4 Шұғыл қызметтерді шақыру жүйесінің/құрылғысының ГОСТ 33466 бойынша климаттық және механикалық әсерлерге төзімділігі, электромагниттік үйлесімділік талаптарына сәйкестігін растау туралы құжаттары болуы тиіс.

8.22.5 Шұғыл қызметтерді шақыру жүйесінің/құрылғысының жұмыс істеу шарттары бойынша талаптарға сәйкестігін растау туралы құжаттары және ГОСТ 33467 бойынша деректерді беру хаттамалары болуы тиіс.

8.22.6 Шұғыл қызметтерді шақыру жүйесінің / құрылғысының ГОСТ 33468 бойынша көлік құралының кабинасында дауыс зорайтқыш байланыс сапасына қойылатын талаптарға сәйкестігін растау туралы құжаттары болуы тиіс (құрамында тиісті сынақтар жүргізілген үлгілер үшін).

8.22.7 Шұғыл қызметтерді шақыру жүйесінің / құрылғысының ГОСТ 33469 бойынша апат сәтін анықтау жөніндегі талаптарға сәйкестігін растау туралы құжаттары болуы тиіс.

8.22.8 Шұғыл қызметтерді шақыру жүйесінің / құрылғысының ГОСТ 33470 бойынша сымсыз байланыс модуліне қойылатын талаптарға сәйкестігін растау туралы құжаттары болуы тиіс.

8.22.9 Шұғыл қызметтерді шақыру жүйесінің / құрылғысының ГОСТ 33471 бойынша навигациялық модульге қойылатын талаптарға сәйкестігін растау туралы құжаттары болуы тиіс.

8.22.10 8.22.4-8.22.7 сәйкестік сертификатында көрсетілген үлгілердің біріне конструктивтік түрде жататын көлік құралының шұғыл жедел қызметтерін шақыру құрылғысымен жарақтаған жағдайда конструкцияның қауіпсіздігін тексеруді ГОСТ 33470 көзделгендей, ІМЕІ сәйкестендіру нөмірі бойынша құрылғыны міндетті сәйкестендіре отырып, техникалық сараптама нысанында аккредиттелген сынақ



зертханасы жүргізеді.

8.22.11 түрі 8.22.4-8.22.7 бойынша сәйкестік сертификаттарында көрсетілгеннен ерекшеленетін көлік құралының шұғыл жедел қызметтерін шақыру құрылғысымен жарактандырылған жағдайда конструкцияның қауіпсіздігін тексеруді тиісті хаттаманы ресімдей отырып, 8.22.3.1-8.22.3.7 бойынша сынақ нысанында аккредиттелген сынақ зертханасы жүргізеді.

8.22.12 конструкцияның қауіпсіздігі туралы куәлік немесе көлік құралының конструкцияға енгізілген өзгерістермен сәйкестігі туралы куәлік, айналымға шығарылатын жеке және пайдаланудағы Көлік құралдарын шұғыл жедел қызметтерді шақыру жүйесімен/құрылғысымен жарактандыру кезінде ресімделген, тиісінше «көлік құралының қосымша жабдығы» алаңдарында мынадай ұсынылған «шұғыл жедел қызметтерді шақыру жүйесі/құрылғысы» нысаны бойынша орнатылған жабдықты сәйкестендіретін деректерді, сауда маркасын, моделін және көлік құралының техникалық жай-күйін тексеру үшін, IMEI сәйкестендіру нөмірі, ICCID коды.

## **8.23 Көлік құралының құрастырылымына өзгерістер енгізудің өзге де түрлері**

### **8.23.1 Конструкцияның өзге де элементтеріне талаптар**

8.23.1.1 Осындай құралдармен жасақталған көлік құралдарында бақылаудың және диагностикалаудың борттық (орнатылған) құралдары сигнализаторларының көрсеткіштері көлік құралының жұмыс істеуге қабілетті күйіне сәйкес келуі тиіс. Бақылау мен диагностикалаудың борттық құралдары жинақтаулы және сақталған болуы тиіс, олардың көрініп тұратын зақымдануларына рұқсат етілмейді.

8.23.1.2 Көлік құралын әзірлеушімен көзделген шанақтың немесе кабинаның құлыптары, жүк платформасы борттарының тиектері, цистерна мойындарының тиектері, жүргізуші мен жолаушылар отырғыштарының реттеу тетіктері мен бекіткіш құрылғылары, қыздыру және жел әйнегін үрлеу құрылғысы, қуып кетуге қарсы құрылғы жұмыс істеуге қабілетті болуы тиіс.

8.23.1.3 Көлік құралының бүйірлік аспалы есіктерінің құлыптары бекітудің екі жағдайларында: аралық және ақырғы тіркелуі тиіс, егер бұл көлік құралын әзірлеушімен пайдаланушылық құжаттамада қарастырылған болса.

8.23.1.4 Көлік құралыдыбыстық сигналдық аспаппен жұмыс істеуге қабілетті күйде жинақталымдалған болуы тиіс. Дыбыстық сигналдық аспап оны басқару органы әрекетке келтірген кезде үздіксіз және бірқалыпты дыбысты шығаруы тиіс, акустикалық спектрі айтарлықтай өзгерістерге ұшырамауы тиіс.

8.23.1.5 Жылдамдықты өлшеу құралдарының (спидометрлер), сондай-ақ жүргізушілермен қозғалыс, еңбек және демалыс режимдерін сақтауға бақылау жасайтын техникалық құралдардың (егер оларды орнату техникалық регламентпен көзделсе) демонтажы мен жұмыс істеуге қабілетсіздігіне рұқсат етілмейді.

8.23.1.6 көлік құралының бұрандамалы жалғауларының созылуына және аспалы бөлшектері мен кардан берілісінің бұзылуына рұқсат етілмейді.

8.23.1.7 1997 жылғы 1 қаңтардан кейін әзірленген пневматикалық аспасы бар көлік құралы еденінің деңгейін реттегішке бақылау шығарудың қысымы көлік құралын әзірлеушімен пайдаланушылық құжаттамада көрсетілгенге сәйкес болуы тиіс.

8.23.1.8 Бампердің шығыңқы сыртқы бөлімінің қисығының радиусы кемінде 5 мм кезіндегі (металл емес иілгіш материалдардан дайындалған бөлшектерді қоспағанда) М және N санатты көлік құралының алдыңғы және артқы бамперлерінің бұзылуы немесе өзгеруі салдарынан пішінінің өзгеруіне жол берілмейді.

8.23.1.9 Көрініп тұратын бұзылуларға, қысқаша тұйықталуларға және электр сымдарын тежеу заттарының бұзылуларына рұқсат етілмейді.

8.23.1.10 Қосымша доңғалақ, аккумуляторлық батарея, отырғыштар көлік құралын

## ҚР СТ 1418-2018

пайдаланушылық құжаттамада әзірлеушімен көзделген жерлерде сенімді бекітілген болуы тиіс.

8.23.1.11 Жастықтың қалыпын және отырғыштың арқалығының көлбеу бұрышын бойлық реттеу тетіктерімен немесе жүргізуші отырғышының (жолаушыларды отырғызу мен түсіру үшін) жылжу тетігімен жабдықталған көлік құралдарында көрсетілген тетіктер жұмыс істеуге қабілетті болуы тиіс. Реттеуді немесе пайдалануды тоқтатқаннан кейін осы тетіктер автоматты түрде қамалуы тиіс.

8.23.1.12 Қосымша доңғалақты ұстағыш жұмыс істеуге қабілетті болуы тиіс.

8.23.1.13 Жартылай тіркемелердің тірек құрылғыларын демонтаждауға рұқсат етілмейді.

Тіректердің көліктік жағдайының фиксаторлары жұмыс істеуге қабілетті болуы тиіс.

8.23.1.14 ІЖҚ-дан, беріліс қорабынан, борттық редукторлардан, артқы мостан, тіркесулерден, аккумуляторлық батареядан, суыту және ауаны салқындату жүйелерінен және көлік құралдарында қосымша орнатылатын гидравликалық құрылғылардан майлар мен жұмыс сұйықтықтардың тамшылап ағуына рұқсат етілмейді.

8.23.1.15 Амортизаторларды бекіту бөлшектерінің жоқтығы, зақымдануы немесе тесіп өтетін коррозиясы салдарынан олардың бекіткіштерінің әлсіреуіне рұқсат етілмейді.

8.23.1.16 Аспа кронштейндері щекаларының, сондай-ақ тіреулердің немесе борттар қаңқалары мен жүктерді бекітуге арналған тетіктердің жарықшақтары мен бұзылуларына рұқсат етілмейді.

8.23.1.17 Әзірлеушімен көлік құралын пайдаланушылық құжаттарында көзделген доңғалақтың астынан шашыратудан қорғау жүйесінің элементтерінің жоқ болуына рұқсат етілмейді.

8.23.1.18 Көлік құралын арнайы дыбыстық және арық бергіш аспаптармен заңсыз жабдықтауға, жедел қызметтердің көлік құралдары үшін орнатылған түрлі-түсті сызбалар бойынша бояуларды жағуға тыйым салынады.

8.23.1.19 L санатының көлік құралдарына қатысты мыналарға рұқсат етілмейді:

- әзірлеушімен көзделген көлік құралын пайдаланушылық құжаттамасында мотоциклдің меңгерік демпферінің жұмыс істеуге қабілетсіздігіне немесе жоқ болуына;

- әзірлеушімен көзделген көлік құралын пайдаланушылық құжаттамасында ершікте жолаушыларға арналған баспалдақтар мен тұтқалардың жоқ болуына;

- әзірлеушімен көзделген көлік құралын пайдаланушылық құжаттамасында қауіпсіздік доғасының жоқ болуына немесе оларды мақсатына қарай пайдалану мүмкін болмайтын күйге келтіруге;

- мотоцикл рамасының бүйірлік тіркеменің рамасымен қосылған жерлерінде люфттің бар болуына.

8.23.1.20 Көлік құралында орнатылған жедел қызметтерді шұғыл шақыру құрылғысы немесе жүйесі жұмыс істеуге қабілетті болуы тиіс.

8.23.1.21 Көлік құралында орнатылған спутниктік навигация аппаратурасы жұмыс істеуге қабілетті болуы тиіс.

8.23.2 Көлік құралдарының құрастырылымына өзгерістер енгізген кезде, әсіресе шамақтық қондырғысын ауыстырған кезде мыналарды қамтамасыз ету қажет:

- барынша рұқсат етілетін мөлшерлердің шиналарын монтаждау мүмкіндігін;

- шинадан қанатына немесе доңғалақтық арқаға дейін, соның ішінде тайғанауға қарсы монтаждалған тізбектерде және толық иілуде (сондай-ақ мостың қиғаштануында) жеткілікті ара-қашықтықты;

- шиналарды өндірушімен көрсетілген тиісті деректерді сақтау.

8.23.3 Шинаға немесе жылдамдыққа келтірілген барынша көп рұқсат етілетін

жүктемеден асып кету шиналардың зақымдануларына немесе істемей қалуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

8.23.4 Таңбалауда көрсетілген шиналарға сәйкес келетін жылдамдықтың индексі бойынша шиналар мен жылдамдыққа барыншы көп рұқсат етілетін жүктемені сақтаумен тек пайдаланушылық құжаттамада көрсетілген және әзірлеушімен рұқсат етілген типтер мен мөлшерлерді ғана қолдануға рұқсат етіледі. Ерекшелікті 8.19-кіші тарауының талаптары бойынша жол жолағы мен өтушілігінің параметрлерін ұлғайтумен байланысқан құрастырылымға өзгерістер енгізген кезде шиналардың ұлғайтылған диаметрі мен мөлшерін пайдалану құрайды.

#### **8.23.5 Ұстап тұратын пассивті қауіпсіздік жүйелеріне талаптар**

8.23.5.1 Құрастырылымы қауіпсіздік белдіктерінің бар болуын көздейтін көлік құралдарында отыруға арналған орындар көлік құралын айналымға шығару сәтіне қолданыста болған нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес олармен жабдықталған болуы тиіс.

8.23.5.2 Көлік құралының құрастырылымымен көзделген қауіпсіздік белдіктерін демонстраждауға немесе оларды мақсатына қарай пайдалану мүмкін болмайтын жағдайға келтіруге рұқсат етілмейді.

8.23.5.3 Көлік құралдарында орнатылған қауіпсіздік белдіктерінде келесі ақаулар болмауы тиіс:

- аспапсыз көзбен көрінетін иықбаудағы жыртқы;
- құлыпы иықбаудың «тілін» бекітпейді немесе тұйықтаушы құрылғының түймешегіне басқаннан кейін оны лақтырмайды;
- иықбауы тартылмайды немесе тартылатын құрылғыға (катушкаға) тартылмайды;
- авариялық бекіткіш тартатын құрылғымен белдіктің бауын кенеттен тартқан кезде оны тартатын құрылғыдан (катушкадан) тартудың тоқтауы (оқшаулауы) қамтамасыз етілмейді.

8.23.5.4 Дайындаушымен көлік құралының пайдаланушылық құжаттамасында көзделмеген қауіпсіздік жастықтарын орнатуға рұқсат етілмейді.

8.23.5.5 Көлік құралының құрастырылымымен көзделген бастиеуіштерді демонстраждауға рұқсат етілмейді.

8.23.5.6 Жүргізуге оқытуға арналған автокөлік құралдары талаптарына сәйкес келуі тиіс [10].

#### **8.23.6 Қауіпсіздік қаңқасымен жабдықталған автокөлік құралдарына қойылатын талаптар**

8.23.6.1 Жүріп өту мүмкіндігі жоғары автомобильдер жалпы пайдаланудағы жолдардан басқа, ауыр заттардың жоғарыдан құлау немесе аударылу қаупі бар жерлерде жиі пайдаланылатын (карьерлік, тау-кен, құрылыс, метро-құрылыс және т. б. жүзеге асыратын өндіруші өнеркәсіп кәсіпорындары) сондай-ақ авариялық-құтқару автомобильдерін пайдаланатын ведеГОСТволар) мемлекеттік уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің келісімі бойынша көлік құралын айналымға шығару кезінде дайындаушылар көздеген қауіпсіздік деңгейі сақталған жағдайда әртүрлі заттардың үстінен құлауынан және аударылуынан<sup>1)</sup> қосымша қорғаныспен жарақтандыруға, көлік құралын айналымға шығару кезінде дайындаушылар көздеген және КО ТР 018/2011

<sup>1)</sup> Бүйірлік, тік және бойлық бағыттарда күш әсеріне төзімділікті қамтамасыз ету шарттары бойынша олардың функционалдық мақсатын айқындайтын қауіпсіздік қаңқаларының сипаттамалары және бүйірлік бағытта (ROPS құрылғылары) сіңірілген энергия және құлайтын заттардан (FOPS құрылғылары) соққы кедергісі регламенттелмейді. Осы көрсеткіштер КО ТР 010/2011 "машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің іс-қимылы саласында болады және ИСО 3471 (ROPS құрылғылары үшін) немесе ИСО 3449 (FOPS құрылғылары үшін) сілтемелі Үйлестірілген стандарттарымен көзделген әдістер бойынша сәйкестікті бағалаумен расталуы мүмкін.

## ҚР СТ 1418-2018

қауіпсіздік деңгейін сақтаған жағдайда жол беріледі.

8.23.6.2 Кез келген түрдегі қауіпсіздік қаңқаларын орнату жүргізушінің көлік құралын және оның жүйелерін басқару элементтеріне қол жеткізуіне, қауіпсіздік белдіктері және балаларды ұстап қалу жүйелері, бас тіреуіштер, қауіпсіздік жастықтары, жылыту, желдету, кондиционерлеу жүйелері және т. б. сияқты, талаптар КО ТР 018/2011 көрсетілгендей стандартты және міндетті жабдықтардың жұмыс істеуіне кедергі келтірмеуі немесе қиындатпауы тиіс.

8.23.6.3 Қауіпсіздіктің сыртқы қаңқаларын (external ROPS) орнату автокөлік құралының габариттік ені шегінде жүргізілуі тиіс.

8.23.6.4 М1G санаттағы автомобильдерге орнатылған қауіпсіздік қаңқасының массасы көлік құралының конструкциясында көзделген барлық жолаушылардың массасына ұлғайтылған жарақтандырылған күйдегі көлік құралының техникалық рұқсат етілген ең жоғары массасы мен салмағы арасындағы айырмадан (отыруға арналған орындардың саны бойынша және олардың әрқайсысына 68 кг шартты массаға келетін) аспауы тиіс.

Қауіпсіздік қаңқалары орнатылған автомобильдердің жүк көтергіштігі белгіленген қауіпсіздік қаңқасының салмағын ескере отырып түзетілуі тиіс.

8.23.6.5 Салонның / экипаж бөлігінің алдыңғы бөлігінде жасалған монтаждаудан кейін нысаны жел шынысының және оның жоғарғы шетінің тіреулерінен<sup>2)</sup> кейін келетін алдыңғы сақтандырғыш доғаны бар қауіпсіздік қаңқасы), қасиеттері КО ТР 018/2011 қосымшасының № 3 тармағында, БҰҰ № 125 ережесінде немесе ГОСТ 33988 көзделген жүргізуші орнынан шолу көрсеткіштері расталуы тиіс.

Қауіпсіздік қаңқасының алдыңғы доғасының элементтері базалық автомобильдің алдыңғы терезесінің тіректерімен құрылатын қаралмайтын аймақтардың мөлшерін ұлғайтқан жағдайда, қайта жабдықталған автомобильдің жоғарыда көрсетілген нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін растау үшін ҚР СТ ИСО 6549 бойынша Н-нүктені анықтау үшін көлемді тетікті пайдалана отырып, жүргізуші орнынан шолу көрсеткіштерінің рұқсат етілген көрсеткіштерін анықтаудың стандартты әдістемесін (БҰҰ № 125 ережесін қараңыз) қолдану қажет (15-суретті қараңыз).

8.23.6.6 Белгіленген ішкі қауіпсіздік қаңқаларының элементтерінің ешқайсысы қауіпсіздік белдіктері мен олардың бекітпелері, балаларды ұстап тұратын құрылғылар мен олардың бекітпелері пассивті қауіпсіздік жүйелерінің әрекетіне кедергі келтірмеуі тиіс.

8.23.6.7 Ішкі қауіпсіздік қаңқасының орнатылған элементтерінің ешқайсысы қауіпсіздік жастығының іс-қимылына кедергі келтірмеуі немесе олардың тиімділігін төмендетпеуі тиіс.

8.23.6.8 Қауіпсіздіктің ішкі қаңқаларының конструкциясы мен орнатылуы орындықтардың, олардың бекітпелері мен бас сүйектерінің беріктігін төмендетпеуі тиіс.

8.23.6.9 Қауіпсіздік қаңқаларының конструкциясы мен орнатылуы олардың элементтерінің ешқайсысы жылыту, желдету және кондиционерлеу жүйесінің ауа өткізгіштерін жаппауы тиіс шартты қамтамасыз етуі тиіс.

8.23.6.10 Кез келген орындаудағы қауіпсіздік қаңқаларын орнату кезінде қауіпсіздік белбеулерінің және олардың бекітпелерінің, электр сымдарының, отын немесе тежегіш магистральдарының жұмыс істеуі бұзылмауы немесе бүлінуіне жол берілмеуі тиіс.

8.23.6.11 Ішкі қауіпсіздік қаңқалары доғасының жоғарғы жиегі автомобиль шатырының ішкі бетіне мүмкіндігінше жақын болуы тиіс.

8.23.6.12 Ішкі қауіпсіздік қаңқасының ешқандай элементтері қауіпсіздік белдігін

---

<sup>2)</sup> Доға шанақтың/кабинаның ішінде (internal TROOPS), сондай-ақ (external ROPS) сыртында да орналасуы мүмкін.

бекітуге бекітілмеуі тиіс.

8.23.6.13 Орнатылған қауіпсіздік қаңқаларының элементтері ішкі жабдықтың жарақат қауіпсіздігіне қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. БҰҰ-ның № 21 ережелеріне сәйкес жүргізушінің немесе жолаушылардың үстінде немесе олардың алдында орналасқан шатырдың ішкі бөлігі артқа немесе төмен бағытталған тегіс емес немесе өткір шеттері қауіп төндірмеуі тиіс. Шығыңқы бөліктердің ені төмен бағытталған шығыңқы бөліктердің көлемінен кем болмауы тиіс, шеттерінің қисық радиусы 5 мм кем болмауы тиіс. Олардың орналасуына байланысты жолаушылар соққы алуы мүмкін элементтер, онда мұндай бөлшектердің беті серпімді, шашырататын, жануды қолдамайтын материалдан жасалған, Шор (А) бойынша қаттылығы 50 бірліктен кем, мысалы, отқа төзімді, иістерді бөлмейтін, өздігінен салмақ түсетін қалыңдығы 300 кг/м<sup>3</sup> жартылай қатты полиуретаннан жасалған қорғаныс тыстарымен жабылуы тиіс. Аяқ-қолдардың жоғарыда көрсетілген қорғаныс тыстарымен қорғалуын қамтамасыз ету үшін салон/кабинаның еденінен 450 мм биіктікте сақтандырғыш доғалардың тік бөліктері қорғалуы тиіс.

## **9 Жеке техникалық шығармашылықтың нәтижесі болып табылатын жеңіл автомобильдерге (қолдан жасалған автомобильдерге) қойылатын талаптар)**

### **9.1 Жалпы деректер, компоновка және негізгі мөлшерлер**

9.1.1 Қолдан жасап әзірленген жүк автомобильдері мен автобустарды мемлекеттік уәкілетті органдарда тіркеуге рұқсат етілмейді.

9.1.2 Отыратын орнының саны бестен көп болмайтын және ІЖҚ жұмыс көлемі 1800 см<sup>3</sup> көп емес бұл ретте жеңіл автомобильдердің (шанақтардан басқасы) өнеркәсіптік дайындалып шығарылған мотоциклдар мен мотороллерлардың жекелеген агрегаттарын, тораптар мен бөлшектерін пайдалану рұқсат етілетін тек екі білікті төрт доңғалақты автомобильдерді әзірлеуге рұқсат етіледі.

Өнеркәсіптік құрастырылымдық ұқсастарына сәйкес келетін типтік жеңіл автомобильдерді, олардың қосалқы бөлшектерін жинауға жол берілмейді.

9.1.3 Құрауышты сызбанұсқаның барлық түрдеріне жол беріледі.

9.1.4 Автомобильдің негізгі өлшемдері:

- ұзындығы — 4200 мм артық емес;
- ені — 1650 мм артық емес;
- табаны — 1100 мм кем емес;
- дөңгелек базасы — 1000 мм кем емес.

### **9.2 Пайдалану-техникалық сапалар**

9.2.1 Автомобиль қала көшелері және жалпы пайдаланатын жолдар бойынша көліктің басқа түрлеріне ақаусыз толық жүктемемен бөгетсіз және қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін динамикалық сапаларға ие болуы тиіс, сонымен бірге рұқсат етілетін барынша көп массаның тоннасына қуаттылығы 33 кВт (45 л. с) аспауы тиіс.

Автомобильдің рұқсат етілген барынша көп массасы 1800 кг аспауы тиіс.

Ескертпе – Бір адамның массасы 70 кг тең болып қабылданады.

9.2.2 Автомобильдің сыртқы доңғалағының ізінің білігі бойынша бұрылудың ең аз радиусы 5,5 м аспауы тиіс.

9.2.3 Автомобиль құрғақ асфальттандырылған алаңдағы қозғалыс кезінде диаметрі 50 м шеңбер бойынша 30 км/сағ жылдамдықпен орнықты болуы тиіс және де күртіктің құбылысы байқалмауы тиіс.

9.2.4 Толық жүктеме кезінде жолдың жазықтығынан автомобильдің төменгі

нүктесіне дейінгі ара-қашықтық кем дегенде 150 мм болуы тиіс.

9.2.5 Шанақты, оның құрастырылымы мен отырғыштарын құрастыру отырудың ыңғайлылығын және автомобильді басқаруды қамтамасыз етуі тиіс. Жүргізуші отыратын орыннан автомобильдің алдындағы көрінбейтін жолдың аймағы 6 метрден көп болмауы тиіс.

### **9.3 Жекелеген агрегаттарға қойылатын талаптар**

9.3.1 Автомобильдер тежегіштермен, меңгерікпен басқарумен, сондай-ақ жіктемелік топқа сәйкес келетін өнеркәсіптік өндіріліп шығарылатын автомобильдердің алдыңғы құламаларымен жабдықталған болуы тиіс. Беріліс саны кем дегенде 10:1 меңгерік тетіктері ұқсат етілетін барынша көп массасы 800 кг асатын және барынша көп жылдамдығы 75 км/сағ. көп автомобильдерде қолданылмауы тиіс.

Құрғақ асфальт жабынында тұрған толық жүктемесі бар автомобильдің доңғалақтары бұрылған кезде меңгерік доңғалағының шеңберіне қатысты өлшенген күш 147,2 Н (15 кгс) аспауы тиіс.

9.3.2 Автомобильде екі тәуелсіз тежегіш жүйе болуы тиіс:

- жұмыс - басқыш біліктер бойынша бөлек жетектермен;

- аялдамалық, сондай-ақ запастың рөлін орындайтын — тетіктен келтірілетін.

Алдыңғы доңғалаққа әрекет ететін аялдамалық жүйеге рұқсат етіледі.

Тежегіш жүйелер және олардың әрекетінің тиімділігі пайдалану жағдайларындағы тексерулер кезінде М1 санаттарының автокөлік құралдарына қойылатын КО ТР 018/2011 талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

9.3.3 Автомобильдерде барынша көп жүктеме бойынша сәйкесетін және автомобильдің техникалық сипаттамасының мынадай: автомобильдік, мотоциклеттік, мотороллерлерден шиналар орнатылуы тиіс.

Түрлі мөлшерлер мен модельдердің шиналарын автомобильдің бір білігіне орнатуға тыйым салынады.

9.3.4 Жасақталған күйде 450 кг көп болатын автомобильдердің артқы жүрісінің берілісі болуы тиіс.

9.3.5 Кез келген типтердің: седан; купе; хетчбек-комби; универсал; фургон; кабриолет; родстер; пикап және т.с.с. шанақтарды дайындауға рұқсат етіледі.

Зауытта дайындалған автомобильдердің толық комплектілі шанақтарын қолдануға – рұқсат етілмейді.

9.3.5.1 Шанақ оның беріктілігі мен сенімділігін қамтамасыз ететін материалдардан әзірленген болуы тиіс. Оның металл емес бөліктері қыздырылатын тетіктерден (ІЖҚ, шығарғыш жүйе) кем дегенде 100 мм ара-қашықтықта немесе аз қашықтықта болуы, асбест немесе металл накладкамен қорғалған болуы тиіс. Шанақтың эстетикалық сыртқы түрі болуы және Қазақстан Республикасында қолданылатын тиісті нормативтік құжаттама бойынша боялған болуы тиіс.

9.3.5.2 Панельдердің сыртқы беттерінің, шанақ бөлшектерінің және олардың сопряжении шығып тұратын бөліктерінің кем дегенде 2,5 мм дөңгелектеу радиусы болуы тиіс.

Олар орнатылған шанақтың панельдері бетінің үстінде бөлшектердің шығып тұруы мыналарға рұқсат етіледі:

- 10 мм қаптамалар көп емес декоративті торлар үшін;

- 30 мм көп емес капот есіктерінің ілмегі және жүксалғыштың қақпағы үшін;

- 40 мм көп емес және есіктердің сыртқы тұтқалары және бекініс бастырмалары үшін;

- 30 мм көп емес, соның ішінде бетіне қатысты күнқағарлар мен фаралардың шеңберлері үшін.

9.3.5.3 Буферлерді орнату ГОСТ 1902 сәйкес келуі тиіс.

Буферлердің бөлшектерін дөңгелектеу радиусы кем дегенде 5 мм, буферлердің шеттері шанақтың сыртқы бетіне бағытталып қайырылған болуы және одан 2 мм көп емес саңылаумен қорғап қалуы тиіс.

9.3.5.4 Аспаптар панелінің төменгі шетінің 10 мм кем емес дөңгелектеу радиусы болуы тиіс.

Қолдан жасалған жеңіл АМКҚ басқару пульттары және аяқпен басқару органдары ГОСТ 23000, ГОСТ 24350 сәйкес келуі тиіс.

9.3.5.5 Шанақ күнге қарсы күнқағармен және артқы көріністің айнасымен жабдықталған болуы тиіс.

9.3.5.6 Капот пен багажниктің есіктері, қақпақтары автомобильдің қозғалысы кезінде жабық күйінде олардың сенімді бекітуін қамтамасыз ететін бекіністермен жабдықталған болуы тиіс.

9.3.5.7 Шанақтың шынысы қауіпсіз болуы тиіс: «сталинит» немесе «триплекс» типіндегі шыңдалған жарқыншақты емес шыныдан жасалған болуы тиіс. Жел әйнегінен басқасына шынылар үшін органикалық шыныны пайдалануға рұқсат етіледі, жүргізушіден сол жақтағы бүйірлік әйнек опускным және жылжымалы болуы тиіс.

9.3.6 Өрт қауіпсіздігін арттыру мақсатында отын бағын орналастыру жолаушылар үй-жайынан оқшауланған автомобильдің базасының ішіне ұсынылады.

#### **9.4 Құралдар мен жабдыққа қойылатын талаптар**

9.4.1 БҰҰ № 48-03 Ережелеріне сәйкес сыртқы жарықтандыру құралдарымен және жарық бергіш сигнализациямен жабдықталған болуы тиіс.

9.4.2 Автомобиль дыбыстық сигналмен және өнеркәсіптік дайындалған шыны тазалағышпен жасақталған болуы тиіс.

9.4.3 Автомобиль кем дегенде спидометрмен, тұтандыру тетігімен, жарықтандыруды ауыстырып-қосқышпен және бұрылыстарды көрсеткіштермен, бұрыштарды көрсеткіштің индикаторымен жабдықталған болуы тиіс.

#### **9.5 Өзге де талаптар**

9.5.1 Автомобильде ҚР СТ 986 бойынша нөмірлік белгілерді орнату үшін орындар және БҰҰ № 14-07 Ережелері бойынша қауіпсіздік белдіктерін бекіту орындары көзделген болуы тиіс.

9.5.2 Автомобильді басқару органдары ГОСТ 24350 сәйкес келуі тиіс және сол жақта орналасуы керек.

9.5.3 Қолдан жасалған автомобильге дайындаушы 5.9 және КО ТР 018/2011 № 7 қосымшасының талаптарына сәйкес сәйкестендіру нөмірін енгізуі тиіс.

### **10 Жеке техникалық шығармашылықтың нәтижесі болып табылатын тіркемелерге (жеңіл автомобильдерге қолдан жасалған тіркемелерге) қойылатын талаптар)**

10.1 Уәкілетті органдарда жүк автомобильдерге және автобустарға қолдан жасап әзірленген тіркемелер мен жартылай тіркемелерді тіркеуге рұқсат етілмейді.

10.2 Тіркеменің рұқсат етілген барынша көп массасы тартқыш автомобильді өндіріп шығарушымен рұқсат етілгеннен аспауы тиіс және тіркеменің тежегіш жүйесіз 750 кг көп болмауы және тежегіш жүйемен – 1800 кг көп болмауы тиіс.

10.3 Тіркеменің кез келген салмақты күйінде тіркегіш құрылғының шарлы шарнирінің орталығындағы вертикаль статикалық жүктеме тартқыш автомобильді өндіріп шығарушымен рұқсат етілген шамаға сәйкес келуі тиіс, бірақ 240 Н (25 кгс) кем және 980 Н (100 кгс) көп болмауы тиіс.

10.4 Тіркеменің ұзындығы негізгі тартқыш автомобильдің ұзындығынан 3/4 көп

## ҚР СТ 1418-2018

немесе 4 м көп болуы тиіс.

10.5 Тіркеменің ені негізгі тартқыш автомобильдің енінен әр жағынан 200 мм көп аспауы тиіс және 2,3 м көп болмауы тиіс.

10.6 Тіркеменің биіктігі тіркеме табанының енінен 1,5 көп немесе 2 м көп болмауы тиіс.

10.7 Тиелген тіркеменің ауырлық ортасы ауырлық ортасының биіктігі тіркеме доңғалағының ізінің шамасына 0,725 көп болмайтындай етіп орнылыстырылған болуы тиіс.

10.8 Тіркеменің жол жолағы 150 мм кем болмауы тиіс.

10.9 Егер тіркеменің рұқсат етілген барынша көп массасы 750 кг асып кететін болса, онда тіркеменің жұмыс және аялдамалық тежегіш жүйелері болуы тиіс. Аялдамалық тежегіш жүйесінің жетегі тәуелсіз, механикалық болуы тиіс.

10.10 Тіркемелерде ҚР СТ 986 бойынша нөмірлік белгіні бекітуге арналған орны болуы тиіс.

10.11 Тіркемелер бір білікті болуы тиіс. Өнеркәсіптік аналог бар болған жағдайда қосарланған білікті қолдануға рұқсат етіледі.

10.12 Тежегіштері жоқ тіркемелер тартқыш-тіркегіш құрылғы авариялық үзілген (сынған) жағдайда сол кезде тіркемені басқаруды қамтамасыз ете отырып, оқ ағашқа жолдың бетіне жанасуға мүмкіндік бермеуі тиіс екі алынбайтын сақтандырғыш тізбектермен (тростармен) жабдықталған болуы тиіс.

10.13 Тежеуіштері бар тіркемелердегі сақтандырғыш шынжырлар 10.12-де келтірілген тағайындалуға қосымша апаттық тежеуді қамтамасыз етуі тиіс.

10.14 Тіркеме шанағының құрылымы берік, сенімді және өнеркәсіптік құрылмалық баламаға сәйкес болуы тиіс.

10.15 Көлбеу орналасқан ішкі едені бар, көлбеу бетте орнатылған тіркемеге бір жақтың шинасына (шиналарына) оның рұқсат етілген барынша көп массасына 55 % көп емес жүктемесі болуы тиіс.

10.16 Тіркеменің құрылмасы тартқышты автомобильдің дайындаушысымен рұқсат етілген барынша жылдамдығы бар рұқсат етілген барынша көп массасы автопойызының құрамында қозғалысқа есептелуі тиіс.

10.17 Тіркеме оқ ағашының (рамасының) құрылмасы мен өлшемдері автомобильде келесі оның бұрыштарға орнатылған тіркелетін шарға қарасты ауытқу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс:

- сфера ортасы арқылы өтетін тік білік айналасында тіркеме симметриясының бойлық білігінен  $\square 60^\circ$  кем емес бұрышқа;

- тіркеме симметриясының тік жазықтыққа перпендикуляр сфера ортасы арқылы өтетін көлбеу білік айналасында  $\square 25^\circ$  кем емес бұрышқа.

10.18 Шар типті тіркеменің тіркелетін құрылғыларының құрылмасы белгіленген тәртіпте БҰҰ № 55 қағидаларына, ал «ілімек – тұзақ» типті ГОСТ 2349-ға сәйкес болуы тиіс.

10.19 Шар типті тартқышты автомобильдің тартқышты-тіркелетін құрылғысымен ілінісі үшін тіркеме БҰҰ № 55 қағидаларына тиісті тіркемеде оқ ағашқа бекітілген құлыпты құрылғысы және аунауға қарсы екі таяныштары болуы тиіс.

10.20 Автомобильдің электрлі жүйесімен қосылу үшін тіркеме ГОСТ 9200 бойынша қосқыш кәбілі бар ашасы болуы тиіс.

10.21 Тіркемелерде тартқышты автомобильдің барынша көп жүктеме, ұйғарынды жылдамдығы және техникалық сипаттамасы бойынша сәйкесті автомобиль, мотоциклет, мотороллер шиналары орнатылуы тиіс..

Тіркеменің бір білігіне өлшемі және үлгісі әртүрлі шиналарды орнатуға тыйым салынады.



10.22 Электрлі жабдық және дабыл құралдары ГОСТ 3940 және ГОСТ 20961 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

10.23 қолдан жасалған тіркемеге дайындаушы КО ТР 018/2011 № 7 қосымшасының және 5.9 талаптарына сәйкес сәйкестендіру нөмірін енгізуі тиіс.

**А қосымшасы**  
(*ақпараттық*)

**Көлік құралдарын санаттар бойынша жіктеу**

А.1 L санаты: Төрт дөнгелектен аз бар автокөлік құралдары.

А.1.1 Мопедтер, мотовелосипедтер, мокиктер, оның ішінде:

А.1.1.1 "*L<sub>1</sub> санаты*": барынша көп құрылмалық жылдамдығы кез келген қозғалтқыш кезінде - 50 км/сағ аспайтын екі дөнгелекті көлік құралы:

- ІЖҚ жағдайында – жұмыс көлемі - 50 см<sup>3</sup> аспайтын немесе

- электр қозғалтқышы жағдайында - 4 кВт аспайтын ұзақ жүктеме режиміндегі номиналды ең жоғары қуаты.

А.1.1.2 "*L<sub>2</sub> санаты*": кез келген қозғалтқыш кезінде - 50 км/сағ аспайтын дөнгелектердің кез келген орналасуы бар үш дөнгелекті көлік құралы:

- ІЖҚ жағдайында – жұмыс көлемі - 50 см<sup>3</sup> аспайтын және барынша көп құрылмалық жылдамдығы, немесе

- басқа түрдегі ІЖҚ жағдайында – ең жоғары тиімді қуаты 4 кВт-тан аспайтын немесе

- электр қозғалтқышы жағдайында - 4 кВт аспайтын ұзақ жүктеме режиміндегі номиналды ең жоғары қуаты

А.1.2 Мопедтер, мотовелосипедтер, мокиктер, оның ішінде:

А.1.2.1 "*L<sub>3</sub> санаты*": ІЖҚ жағдайында – жұмыс көлемі - 50 см<sup>3</sup> асатын немесе барынша көп құрылмалық жылдамдығы – кез келген қозғалтқыш кезінде - 50 км/сағ асатын екі дөнгелекті көлік құралы.

А.1.2.2 "*L<sub>4</sub> санаты*": ІЖҚ жағдайында – жұмыс көлемі - 50 см<sup>3</sup> асатын немесе барынша көп құрылмалық жылдамдығы – кез келген қозғалтқыш кезінде - 50 км/сағ асатын (арбашасы бар мотоциклдер) орташа көлденең жазықтыққа қатысты асимметриялы үш дөнгелегі бар көлік құралы.

А.1.2.3 "*L<sub>5</sub> санаты*": ІЖҚ жағдайында – жұмыс көлемі - 50 см<sup>3</sup> асатын немесе барынша көп құрылмалық жылдамдығы – кез келген қозғалтқыш кезінде - 50 км/сағ асатын орташа көлденең жазықтыққа қатысты симметриялы үш дөнгелегі бар көлік құралы.

А.1.3 Квадроциклдер, оның ішінде:

А.1.3.1 "*L<sub>6</sub> санаты*": Аккумуляторлар массасын ескерместен салмағы 350 кг аспайтын төрт доңғалақты көлік құралдары (электр көлік құралы жағдайында), ең жоғары конструктивтік жылдамдығы 50 км/сағ аспайтын және сипатталатын:

- мәжбүрлеп оталатын ІЖҚ жағдайында-қозғалтқыштың жұмыс көлемі 50 см<sup>3</sup>-ден аспайтын, немесе

- егер бұл ұшқынды (мәжбүрлі) тұтатуы бар ІЖҚ, немесе барынша көп тиімді қуаттылығы 4 кВт аспайтын қозғалтқышы бар, егер бұл басқа типті ІЖҚ, немесе

- егер бұл электрлі қозғалтқыш, 4 кВт аспайтын ұзақ мерзімді жүктеме режимінде атаулы барынша көп қуаттылығы бар қозғалтқышпен жарақтандырылған.

А.1.3.2 "*L<sub>7</sub> санаты*": Электрлі көлік құралы жағдайында және ұзақ мерзімді жүктеу режимі кезінде атаулы барынша көп қуаттылығы 15 кВт аспайтын, аккумуляторлар массасын есепке алмағанда бос массасы 400 кг аспайтын (жүктерді тасымалдау үшін арналған көлік құралдары үшін 550 кг), L<sub>6</sub> санатына жатпайтын төрт дөнгелегі бар көлік құралы.

А.1.4 Ескертпе – L санатындағы көлік құралдарында бір оське монтаждalған екі доңғалақ болған кезде, бұл доңғалақтар тірек бетімен олардың байланыс орталықтары

арасындағы қашықтығы 460 мм-ден кем болған кезде бір доңғалақ ретінде есептеледі.

А.2 М санаты: Кемінде төрт дөнгелегі бар және жолаушыларды тасымалдау үшін пайдаланылатын механикалық көлік құралдары.

А.2.1 "*М<sub>1</sub> санаты*": Жолаушылар тасымалдау үшін пайдаланылатын және жүргізушінің отырғышынан басқа, отыру үшін сегізден аспайтын орын бар көлік құралдары.

А.2.2 Автобустар, троллейбустар, мамандандырылған жолаушылар көлік құралдары және олардың шассиі, оның ішінде:

А.2.2.1 "*М<sub>2</sub> санаты*": Жолаушылар тасымалдау үшін пайдаланылатын және жүргізушінің отырғышынан басқа, отыру үшін сегізден аспайтын орын бар және ең көп массасы 5000 кг-нан аспайтын көлік құралдары.

Отыратын орын саны сегізге дейін және одан кем азайтылған  $M_2$  және  $M_3$  санатындағы базалық көлік құралының модификациясы базалық көлік құралының санатын сақтайды.

А.2.2.2 "*М<sub>3</sub> санаты*": Жолаушылар тасымалдау үшін пайдаланылатын және жүргізушінің отырғышынан басқа, отыруға арналған сегізден көп орын бар және ең көп массасы 5000 кг-нан көп көлік құралдары.

А.2.3  $M_2$  және  $M_3$  санаттағы көлік құралдары келесі кластарға жатады:

А.2.3.1 Жүргізушіден басқа сыйымдылығы 22 жолаушыдан көп көлік құралдары үш класқа бөлінеді:

А.2.4.1.1 " А класы": Тұрған жолаушыларды тасымалдауға арналған көлік құралдары; осы сыныптағы көлік құралы орындықтармен жабдықталған және тұрған жолаушыларды орналастыруға арналған алаңы болуы тиіс;

А.2.4.1.2 " В класы": Тұрған жолаушыларды тасымалдауға арналмаған көлік құралдары; осы сыныпты көлік құралының тұрған жолаушыларды орналастыруға арналған алаңдары жоқ.

А.2.3.2 Жүргізушіден басқа сыйымдылығы 22 жолаушыдан көп көлік құралдары үш класқа бөлінеді:

А.2.3.2.1 "I класс": Құрылмасы тұратын жолаушылар үшін орындар қарастырылған және оларға кедергісіз орнын ауыстыруға мүмкіндік беретін көлік құралдары;

А.2.3.2.2 "II класс": Құрылмасы ең бастысы отыратын жолаушыларды тасымалдау үшін арналған және қатарлар арасындағы өту орнында және/немесе екі қос отырғыш үшін қарастырылған алаңнан аспайтын алаңда тұратын жолаушыларды тасымалдауға рұқсат етіледі;

А.2.3.2.3 "III класс": Құрылмасы тек қана отыратын жолаушылар үшін арналған көлік құралдары.

А.2.3.2.4 Көлік құралы бір кластан гөрі көбірекке жататын ретінде қаралуы мүмкін. Осындай жағдайда ол сәйкес болатын әрбір клас үшін ресми түрде бекітілуі мүмкін.

А.2.4 Ескертпелер

А.2.4.1 "*Біріктірілген қалалық және қалааралық автобус*": Өзара шарнирлы қосылған, екі немесе одан көп қатты секциялардан тұратын көлік құралы, әрбір секцияның жолаушылар салоны жолаушылар олардың арасында еркін қозғала алатындай етіп өзара қосылған, қатты секциялар оларды әдетте шеберханала ғана бар құрылғылар көмегімен ажырата алатындай етіп өзара қосылған.

А.2.4.2 Екі немесе одан көп ажыратылмайтын, бірақ шарнирлы түрде біріктірілген элементтерден тұратын біріктірілген қалалық және қалааралық автобустар бір көлік құралы ретінде қаралады.

А.2.4.3 Жартылай тіркемемен (жартылай тіркемеге арналған тартқышпен) ілінісуге арналған тіркеп сүйрейтін көлік құралы жағдайында осы көлік құралын жіктеу

## ҚР СТ 1418-2018

барысында есепке алуға қажетті массасы ретінде тартқышқа жартылай тіркемемен берілетін барынша көп статикалық тік жүктемеге сәйкес массаны есепке алып, тартқыштың жабдықталған көлік құралының массасы, сонымен қатар, егер мұны қолдануға болса, тартқышта орналастырылған жүктің барынша көп массасы пайдаланылады.

А.2.4.4 "*Жабдықталған көлік құралының массасы*": Шанағы және ілінісетін құрылғысы бар бос көлік құралының тіркеп сүйрейдін көлік құралы жағдайындағы массасы немесе, егер дайындаушы шанақты орналастырмаса, шассидің кабинасымен массасы және/немесе ілінісу құрылғысымен, салқындатқыш сұйықтықтың, майлардың, жанармайдың 90 %-ның басқа сұйықтықтардың 100 %-ның массасын қосқанда, ағынды сулардан, құрал-саймандардан, қосалқы дөнгелектен, жүргізушіден (75 кг), және қалалық пен қалааралық автобуста үшін – егер көлік құралында ол үшін орын қарастырылса. экипаж мүшесінен (75 кг) басқа.

А.3 N санаты: Кемінде төрт дөнгелегі бар және жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатын механикалық көлік құралдары.

А.3.1 "*N<sub>1</sub> санаты*": Жүктерді тасымалдауға пайдаланылатын және 3500 кг-нан көп емес барынша көп массасы бар көлік құралдары.

А.3.2 "*N<sub>2</sub> санаты*": Жүктерді тасымалдауға пайдаланылатын және 3500 кг-нан асатын, бірақ 12 000 кг-нан көп емес барынша көп массасы бар көлік құралдары.

А.3.3 "*N<sub>3</sub> санаты*": Жүктерді тасымалдауға пайдаланылатын және 12 000 кг-нан көп барынша көп массасы бар көлік құралдары.

### А.3.4 Ескертпелер

А.3.4.1 Жартылай тіркемемен (жартылай тіркемеге арналған тартқышпен) ілінісуге арналған тіркеп сүйрейдін көлік құралы жағдайында тартқышқа жартылай тіркемемен берілетін барынша көп статикалық тік жүктемеге сәйкес келетін массаны есепке ала отырып, осы көлік құралын жіктеу кезінде есепке алуға қажетті массасы, сонымен қатар, егер бұл қолданыла алынса, тартқышта орналастырылған жүктің барынша көп массасы пайдаланылады.

А.3.4.2 Арнайы тағайындалған бірқатар көлік құралдарында тұрған жабдық пен қондырғылар (автокрандарда, жылжымалы жөндеу шеберханаларында, жарнамалық көлік құралдарында және т.б.) жүктерге теңестіріледі.

А.4 О санаты: L, M, N санатындағы көлік құралдарына және олардың шанақтарына тіркемелер (жартылай тіркемелер), оның ішінде:

А.4.1 "*O<sub>1</sub> санаты*": 750 кг көп емес барынша көп массасы бар тіркемелер.

А.4.2 "*O<sub>2</sub> санаты* ": 750 кг жоғары, бірақ 3500 кг көп емес барынша көп массасы бар тіркемелер.

А.4.3 "*O<sub>3</sub> санаты* ": 3500 кг жоғары, бірақ 10000 кг көп емес барынша көп массасы бар тіркемелер.

А.4.4 "*O<sub>4</sub> санаты* ": 10000 кг көп барынша көп массасы бар тіркемелер.

А.4.5 Бұдан басқа, O<sub>2</sub>, O<sub>3</sub> және O<sub>4</sub> санаттағы тіркемелер келесі үш типтердің біріне жатады:

А.4.5.1 "*Жартылай тіркеме*": Білігі (біліктері) көлік құралының ауырлық түсу орталығының артында орналасқан және тіркеп сүйрейдін көлік құралына көлбеу және тік жүктемелерді беруге мүмкіндік беретін қосқыш құрылғысымен жабдықталған тіркеп сүйретілетін көлік құралы. Бір немесе одан көп білік тіркеп сүйрейдін көлік құралының жетегі болуы мүмкін.

А.4.5.2 "*Толық тіркеме*": Екі біліктен кем емес бар және тік күйінде орнын ауыстыра алатын (тіркемеге қатысты) тіркеп сүйрейдін құрылғымен жабдықталған және алдыңғы біліктің (біліктердің) бұрылысы үшін қызмет ететін, бірақ тіркеп сүйретілетін көлік құралына қандай да болса маңызды статикалық жүктемені бермейтін көлік

құралы. Бір немесе одан көп біліктерде тіркеп сүйрейтін көлік құралдарының жетегі бар болуы мүмкін.

А.4.5.3 "Орталық білігі бар тіркеме": Орнын тік күйінде ауыстыра алмайтын тіркеп сүйрейтін құрылғымен жабдықталған және білігі (біліктері) тіркеп сүйрейтін көлік құралына тіркеменің барынша көп массасына сәйкес келетін өлшемнің 10 %-нан немесе 1000 даН аспайтын (бұл өлшемдердің қайсысы аздау, соған байланысты) тек қана шамалы статикалық тік жүктеме берілетіндей етіп көлік құралының ауырлық ортасы маңында орналасқан. Бір немесе одан көп білікте тіркеп сүйрейтін көлік құралынан жетегі бар болуы мүмкін.

А.4.6 Ескертпе – Орталық білігі бар жартылай тіркемені немесе тіркемені жіктеу кезінде есепке алуға керекті барынша көп масса тіркеп сүйрейтін көлік құралымен қосылуы бар кезінде барынша жүктеменің салмақ түсетін орталық білігі бар жартылай тіркеменің немесе тіркеме білігінің немесе біліктерінің тірек бетіне берілетін статикалық тік жүктемеге сәйкес келетін массасы болып табылатын.

А.5 "Арнайы тағайындалған көлік құралы": М, N немесе О санаттағы, жолаушыларды немесе жүктерді тасымалдауға арналған, сонымен қатар олар үшін арнайы шанақтың және /немесе жабдықтың бар болуы талап етілетін арнайы функцияларды орындауға арналған көлік құралы.

А.5.1 "Автомобиль–үй": Оған тұрғын үй бөлігі кіретіндей етіп құрастырылған, ең аз дегенде келесі жабдықтары бар М1 санатының арнайы мақсаттағы көлік құралы:

- а) отырғыштар мен үстел;
- б) отырғыштардан жасалуы мүмкін болатын жататын жерлер;
- с) ас үй жабдығы; және
- д) мүлікті сақтауға арналған жабдық және тетіктер.

Бұл жабдық тұрғын үй бөлігінде қатты түрде бекітілуі тиіс; бұл ретте үстел оңай алынатын бола алады.

А.5.2 "Брондалған көлік құралы": Тасымалданатын жолаушыларды және/немесе жүктерді қорғау үшін арналған және оқ өтпейтін бронды қаптаумен жарақтандырылған көлік құралы.

А.5.3 "Медициналық жедел жәрдем машинасы": Сырқаттарды немесе жарақат алғандарды тасымалдауға арналған және арнайы жабдықпен жарақтандырылған М санаттағы автомобиль.

А.5.4 "Катафалк": Қайтыс болғандарды тасымалдауға арналған және арнайы жабдықпен жарақтандырылған автомобиль.

А.6 Т санаты – "Ауылшаруашылық және орман тракторлары": Дөнгелекті немесе шынжыр табанды жүрістегі, кемінде екі білігі бар, функционалдық тағайындалуы негізінен оның тартым күшіне байланысты және тіркеп сүйреу, итеру, тасымалдау немесе ауыл не орман шаруашылығында пайдалануға арналған белгілі құрылғыларды, тетіктерді немесе тіркемелерді іске келтіру үшін құрастырылған механикалық көлік құралы. Мұндай трактор жүктерді және қызмет көрсететін персоналды тасымалдау үшін бейімделуі мүмкін.

А.7 "Жол талғамайтын жылжымалы техника": Жолдар бойынша жолаушылар мен жүкті тасымалдау үшін арналмаған және оларда ІЖҚ орнатылған кез келген мобильді қондырғы, жылжымалы өнеркәсіптік жабдық немесе шанағы бар немесе шанағы жоқ көлік құралы.

А.8 G: санаты Жүріп өту мүмкіндігі жоғарылатылған көлік құралы.

А.8.1 Анықтама

Жүріп өту мүмкіндігі жоғарылатылған көлік құралдарына осы тармақтың талаптарына сай келетін, сәйкес келетіндігін А.8.2 және А.8.3 тармақтарында ескертілген шарттарда тексерілетін М және N санаттағы көлік құралдары жатады.

## ҚР СТ 1418-2018

А.8.1.1 Барынша көп массасы 2 тоннадан көп емес N<sub>1</sub> санаттағы көлік құралы, сонымен қатар M<sub>1</sub> санаттағы көлік құралдары егер мыналары бар болса, жүріп өту мүмкіндігі жоғарылатылған көлік құралдары деп саналады:

а) ең кем дегенде құрылмасы олардың бір мезгілді жетегін қамтамасыз ететін, бір алдыңғы және бір артқы білігі бар, бір білігінің жетегі ажыратыла алынатын көлік құралдары қоса алғанда;

б) дифференциал блоктауының кем дегенде бір тетігі немесе ұқсас әрекеттің бір тетігі, және

в) егер олар – бөлек көлік құралы жағдайында – 30 % өрден аса алады;

г) Содан басқа, олар төменде келтірілген алты талаптардың ең аз дегенде бесеуін қанағаттандыруы тиіс:

- кіру бұрышы кем дегенде 25° болуы тиіс;
